КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ

Э. В.ФУФАЕВ, Д.Э.ФУФАЕВ

ДЕРЕКТЕР ҚОРЫ

«Федералдық білім беруді дамыту институты» Федералдық мемлекеттік мекемемен «Ақпараттық жүйелер (салалар бойынша)» кәсіптік орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелерінің оқу процесінде пайдалану үшін, оқулық ретінде ұсынылды

2014 ж. 11 желтоқсандағы рецензияның тіркеу нөмірі 504.
«ФББДИ» ФММ
10-шы басылым, стереотиптік

ACADEMA

Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2015

ӘОЖ 621.38(075.32)
КБЖ 3281ші72

Ф94 Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТжКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет. Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С , телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

Пікір беруші -

Мәскеу мемлекеттік электроника және математика институты
«Информатика және телекоммуникациялар» факультеті деканының орынбасары,
техн. ғылым кандидаты, «Лазерлік микротолқынды ақпараттық жүйелер» кафедрасының доценті*Д. П. Николаев*;
Мәскеу мемлекеттік ақпараттық технологиялар колледжінің оқытушысы
И. А. Кумскова

Фуфаев Э. В.

Ф94 Дерекқор: оқулық кәсіптік орта білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған / Э. В. Фуфаев, Д. Э. Фуфаев. — 10-шы басылым, стер. — М. :«Академия» баспа орталығы, 2015. — 320 б.

ISBN 978-601-333-173-7 (каз.)
ISBN 978-5-4468-2436-6 (рус.)

Оқу құралы Федералдық мемлекеттік мекемесімен «Ақпараттық жүйелер (салалар бойынша)»; ОП: «Дерекқорды жобалау негізі» мамандықтары бойынша кәсіптік орта білім берустандартына сәйкес жасалды. Дерекқорпды жобалаудың теориялық негізі және өндіріс пен бизнесті басқару кезінде шешім қабылдау процестерінде оларды практикалық қолдану әдістемелері мазмұндалған.

Кәсіптік орта білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған

ӘОЖ 621.38(075.32)
КБЖ 3281ші723

Оқулық басылымы

Фуфаев Эдуард Валентинович, Фуфаев Дмитрий Эдуардович

Деректер қоры

Оқу құралы

10-шы басылым, стереотиптік

Редакторы*И. В. Мочалова.* Техникалық редакторы*Е. Ф. Коржуева*
Компьютерлік парақтау: *М. В. Трушина.* Корректоры*Т. В. Кузьмина*

№ 110108111 басылым. Мөрге қол қойылды 07.07.2015. Форматы 60x90/16. «Таймс» гарнитурасы. Офсетті баспа. № 1 офсетті қағаз. Шартты баспа парағы 20,0. Тиражы 1000 дана. Тапсырыс №

«Академия» баспа орталығы» ЖШҚ. www.academia-moscow.ru129085, Мәскеу, Мира даңғылы, 101В, 1-б.
Тел./факс: (495) 648-0507, 616-00-29.

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды25.05.2015ж. № РОСС RU. АЕ51. Н16679
«Саратовский полиграфкомбинат» БАҚ баспасы ұсынған электрондық тасымалдағыштан. Басып шығарылды. www.sarpk.ru 410004, Саратов қ., Чернышевский көшесі, 59.

ISBN 978-601-333-173-7 (каз.)
ISBN 978-5-4468-2436-6 (рус.)

АВТОРЛАРДАН

Кез-келген фирманың материалдық өндіріс саласында, сондай-ақ халықтың қызмет көрсету саласында да экономикалық қызметінің мақсаты – табыс табу болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу – фирманың барлық қызметкерлерінің шығармашылық қабілеттеріне байланысты көп қырлы тапсырма болып табылады. Өндірістік процестің әрбір қатысушысы, яғни басшыдан бастап қатардағы орындаушыға дейін өздерінің өндірістік процесінде оңтайлы шешімдер қабылдай алатын жағдайда ғана алған қойған міндетті шешуге болады. Кез-келген маманның басты міндеті –қате шешімдердің салдарын түзету емес,бірінші қадамнан бастапоңтайлы шешімдер қабылдау. Дерекқор негізінде әзірленген компьютерлік ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, бұл мәселені тиімді шешуге болады.

Деректер базасы ақпараттық теорияның бағыттарының бірі ретінде компьютерлік ақпараттық жүйелерді құрудың әдістері мен құралдарын құрайды, олардың негізі ерекше жолменқолданушыға оңтайлы шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты алу мен талдаудың тиімді әдістерін беретін құрылымдық файлдар мамандығы болып табылады.

Дерекқорды әзірлеу теориясы – ғылымның салыстырмалы түрде жас саласы, алайда дерекқор қазіргі уақытта жасанды интеллект жүйелері, сараптамалық жүйелері, автоматтандырылған құрылымдық және технологиялық жобалау жүйелері сияқты ақпараттарды өңдеудің автоматтандырылған жүйелерін әзірлеудегі осындай бағыттардың негізі болып табылады.

Оқу құралы бес бөліктен тұрады.

I-бөлім дерекқорды жобалаудың және ұйымдастырудың теориялық негіздеріне арналған.

II-бөлім Microsoft Access қолданбалы бағдарлама жүйесін, Visual Basic, SQL бағдарламалау тілдерін қолдана отырып, дерекқорларды әзірлеу технологиясы сипатталады.

III-тараудатаратылған дерекқорларды басқару жүйесін әзірлеудіңтеориялық негіздері қарастырылғанжәне SQL Server 2000 және Oracle бағдарламалау жүйелеріне шолу жасалады.

IV-бөлімде дерекқордың реляциядан кейінгі деп аталатын, дерекқорды жобалау теориясын дамытудың негізгі үрдістері қарастырылады.

V-бөлімде заманауи өндіріс пен бизнесті басқару міндеттерінде дерекқорларды қолданудың нақты мысалдары берілген.

1-5, 7-9-тарауларын1-ші санаттағы бағдарламалық инженер Дмитрий Эдуардов Фуфаев жазған; Ш. 6, 10-18 –тарауларды техн. ғыл. кандидаты. доцент Фуфаев Эдуард Валентинович жазды.

«Раменский құрал жасау зауыты» ААҚ бас технологиялық бөлімінің қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз.

КІРІСПЕ

XX соңы – XXI ғасырдың басы компьютерлік ақпараттық технологиялардың, әсіресе дерекқорды басқару жүйелерінің (ДҚБЖ) адамзат қызметіне белсенді енгізілуімен сипатталады. ДҚБЖ –ол қолданушыға жылдам ақпарат алуды қамтамасыз ететін құрылымдық деректер файлдарын басқаруға арналған бағдарламалық жүйе.

Құрылымдық деректер файлдары немесе дерекқор автоматтандырылған басқару жүйелерінің (АБЖ), жасанды интеллект жүйелерінің және сараптау жүйелерінің, САПР-СД немесе CAD-жүйелерін (Computer Assisted Design) құрылымдық құжаттаманы автоматтандырылған жобалау жүйелерінің, САПР-ТП немесе CAM-жүйелерінің (Computer Aided Manufacturing) бұйымдарын дайындаудың технологиялық процестерін автоматтандырылған жобалау жүйелерінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЭЕТ ақпараттық логикалық тапсырмаларды шешу бойынша алғашқы отандық теориялық және практикалық жұмыстарды, яғни логикалық ережелердің белгілі бір жиынтығы бойынша ақпаратты сақтау, өңдеу және алу міндеттерінзаманауи ДҚБЖ-нің бейнесі депатауға болады.

XX ғасырдың 60-жылдардың басында жүргізілген осы жұмыстарда ЭЕЖ ресурстарын оңтайлы бөлу, ақпаратты іздестіру жылдамдығы, ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету, бағдарламалау тілдерін құру тапсырмалары шешілді. Аталған жұмыстар сериялық шығарылатын«2-Минск»үлгісіндегі отандық электронды-есептеу машиналарына бағытталған. БҰл уақытта осы машина орта өнімділік машиналары сыныбына жатқызылды және келесі сипаттамаларға ие:

Тезәрекеттілік .....секундына 5 - 6 мың операция

ЩЕҚ көлемі .....18 Кбайт

Магниттік дискіде сыртқы жинақтағыш

жадысының көлемі.....2 МБ

«Минск-2» машинасы 40 ... 50 $м^2$ ауданды иеленді.

Ақпараттық-логикалық тапсырмаларды өңдеу алгоритмдері бүгінгі күні реляциялық алгебра деп аталатын логикалық алгебра элементтеріне негізделген. Бағдарламалық тілдер ретінде

АЛГОЛ-60 тілдері және отандық мамандар әзірлеген АЛГЭМ қолданылды.

Осы бағдарламалық және аппараттық құралдарда келесі ақпараттық жүйелер жасалды:

• деректерді сұрыптау және қайта топтастыру процестеріне негізделген жазба алаптарын өңдеу. Кейбір объектіні немесе процесті сипаттайтын нақты белгіленген деректер жинағы жазба деп аталды;

• деректерді толтыру және жою, сұраныстар бойынша мәліметтерді іздестіру операцияларынан тұратын иерархиялық жіктеу жүйелеріндегі деректерді жинақтау және іздестіру;

• оларды жасудың негізгі принципі ақпаратты мағыналық кодтау болып табылатын фактографикалық деректерді жинақтау және талдау.

Мұндай ақпараттық жүйелер мен тиісті бағдарламалау тілдері қазіргі заманғы дерекқордың негізін құрайтын төрт негізгі бөлікті қамтиды:

• білімнің белгілі бір саласының негізгі мәндерін білдіретін терминдердің жиынтығы;

• пәндер арасындағы мағыналық қарым-қатынастардың жиынтығы;

• негізгі терминдер мен тіл қарым-қатынастарынан барынша күрделі терминдер мен қарым-қатынастар жасауға мүмкіндік беретін ресми ережелер жиынтығы (синтаксис);

• ақпаратты түрлендіру және сақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түсініктерді, қарым-қатынастарды және тілдің синтаксистік ережелерінің жүйесін кодтау жүйесі.

Ақпараттық технологияларды дамытудың аталған кезеңінде шетелдік зерттеулердің арасынан, 1968 жылы IBM үлгісіндегі ЭЕҚ өнеркәсіптік ДҚБЖ қолданысқа енгізілген американдық IBM компаниясының атап өтеуге болады.

Дерекқор негізіндегі ақпараттық жүйелерді құру теориясы мен тәжірибесінде нақты серпіліс дербес компьютерлерлер дәуірімен және реляциялық дерекқорлар теориясын құрумен басталды.

Бұл кезеңнің басты ерекшелігі DOS дискілік операциялық жүйесімен дербес компьютерлердің пайда болуы және Dbase, FoxPro, Clipper тілдерінің тұқымдастарын бірегейлендіру элементтері бар дерекқорларды жобалау үшін арнайы тілдердің дамуы болып табылады.

ДҚБЖ-ны одан әрі дамыту SQL (Structured Query Language) сұраныстары құрылымдық тілінің негізіндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді стандарттауға байланысты.

Қазіргі уақытта дерекқор бизнес процестерін, сондай-ақ күрделі ғылымды қажет ететін өнімдерді жобалау, өндіру және пайдалану үдерістерін жетілдірудің жаңа бағытының негізін құрайтын - өнімнің барлық тіршіліккезеңін біріктіретін бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Бұл бағыт CALS-технологиялар деп аталады.

CALS-технологиясының мәні, оны жобалаудан және пайдалану мерзіміа яқталғаннан бастап,бұйымның барлық кезеңі бойынша оңтайлы шешімдер қабылдау үшін қажет сенімді ақпарат алу мүмкіндігін беретін бірыңғай ақпараттық кеңістікті құруға алып келеді.

Қызметтің кез-келген саласында оңтайлы шешім қабылдау процесі ең алдымен рұқсат етілген шешімдердің аумағын табу үшін ірі көлемдегі ақпаратты алдын-ала талдау қажеттілігіне, ал содан кейін шектеулі аумақта бірыңғай, оңтайлы шешім табуға байланысты.

Тәжірибе көрсеткендей, ұтымды емес шешімдер қабылдау көбінесе маманда қажетті ақпараттың болмауына байланысты.

Бұл жағдайда дерекқорды және дерекқорды басқару жүйесін өндірісті басқаруды жетілдірудің стратегиялық құралы ретінде қарауға болады.

«Теріс техникалық шешімдердің нәтижелерін және салдарын жою емес, алғашқы қадамнан бастап оңтайлы шешім қабылдау» - заманауи кәсіпорындардың басқарушылық қызметінің ұраны. ДҚБЖ – ол басқарудағы табыс.

І-БӨЛІМ

ДЕРЕККОРДЫ ЖОБАЛАУ ТЕОРИЯСЫ

1-тарау

ДЕРЕККОР НЕГІЗІНДЕГІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

1.1. Дерекқор, дерекқорды басқару жүйелері

Заманауи өнеркәсіптік өндіріс пен бизнестің дамуы автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді құрусыз мүмкін емес, оның мақсатының бірі – тұтынушыға оңтайлы шешім қабылдауға қажет сенімді ақпарат беру болып табылады.Қазіргі кезде өндіріс пен бизнесті басқарудың бірде-бір міндеті автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланусыз орындалмауы тиіс. Ол жаңа өнімдерді дайындаудың дизайны мен технологиясының нарығын және оларды жобалау; ол өндіруді, технологиялық процестерді және өнімді дайындау сапасының бақылау жүйесі.

Бүгін біз кез-келген маманның кез-келген қызметін шешім қабылдаудың кейбір жүйесі ретінде қарастыруымыз керек, сондықтан маманға сенімді ақпарат қажет. Осылайша, ақпараттық жүйенің маңызды функцияларының бірі - басқару үдерісін ақпараттық қолдау болып табылады. Бұл жүйелердібасқарушы ақпараттық жүйелер деп атайды (management information systems); олар әдетте ірі және күрделі дерекқорларды қамтиды.

Сонымен, *Дерекқорды* және *Дерекқорды басқару жүйесі* дегеніміз не? Өкінішке орай, осы ақпараттық технологиялардың бағыты бойынша кітаптардың көпшілігінде айқын анықтамалар жоқ. Олардың кейбірін қарастырайық.

Т.С. Қарпованың [6] оқу құралында келесі анықтамалар берілген.

Дерекқор (ДҚ) - объектілердің жай-күйін және олардың қаралатын пәндік саладағы қарым-қатынасын көрсететін белгілі деректер жиынтығы.

Дерекқорды басқару жүйесі - көптеген пайдаланушылармен ДҚ жасау, жүргізу және бірлесіп қолдануға арналған тіл және бағдарламалық құралдар жиынтығы.

Күнделікті ДҚБЖ Mcrosoft Access 2000 нұсқаулығында авторлары И.А. Харитонова және В.Д. Михеев [13] келесі анықтамаларды ұсынады.

Дерекқор - белгілі бір тақырыпқа немесе тапсырмаға жататын мәліметтердің (нақты объектілер, процестер, оқиғалар немесе құбылыстар туралы) жиынтығы, ол жиынтықты тұтастай, сондай-ақ кез-келген бөлігінде ұсынудың қолайлылығын қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылған.

Дерекқорды басқару жүйесінің негізгі функциялары– ол деректерді анықтау (дерекқордың құрылымын сипаттау), деректерді өңдеу және деректерді басқару.

ДҚ-ның екінші айқындауышының маңызды айырмашылығына, атап айтқанда ДҚ-да ақпаратты ерекше ұйымдастырудың сипаттамасына назар аударайық.

Дерекқордың және ДҚБЖ тұжырымдамалары біздің көзқарасымыз бойынша ең көп дәрежеде Есептеу жүйелерінің түсіндірме сөздігінде анықталған [11].

Дерекқор, әдетте, сөздің қатаң мағынасында, дерекқорды басқару құралдарын қолданатын деректерді анықтау және қолдануға арналған деректер файлы. Ол, ең алдымен, бұл файл оған қол жеткізетін бағдарламаларға тәуелді емес сызба арқылы анықталатынын, ал екіншіден, ол тікелей қол жеткізетін есте сақтау қондырғысы түрінде іске асырылғанын білдіреді.

Аталған анықтамаларды ескере отырып, *Дерекқор* - тікелей қолжетімділікпен ұйымдастырылған (құрылымдалған) файл ретіндегі файл.

Тікелей қолжетімділікті файлдың түсінігі және оны ұйымдастыру принциптері көп өлшемді алаптарды бағдарламалау теориясынан, соның ішінде Basic, Pascal алгоритмдік тілдерінен белгілі.

Есептеу жүйелерінің түсіндірме сөздігінде [11] келесі ДҚБЖ ұғымдары берілген.

Дерекқорды басқару жүйесі - дерекқор тілінде өңдеу құралдарынан тұратын бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі, ол қолданбалы бағдарламалардан және (немесе) соңғы пайдаланушылардан дерекқорға келетін байланыстарды өңдеуді және дерекқордың тұтастығын қамтамасыз ету мүмкіндігін береді.

Әдетте, дерекқорды ұйымдастырудың үш сыныбы (модельдері) ерекшеленеді: иерархиялық, желілік және реляциялық. Бұл жағдайда «модель» термині деректерді сақтауды және деректерге қолжетімділікті логикалық деңгейде сапалы және сапалы бағалауға мүмкіндік беретін құрылым ретінде қарастырылады (мысалы, деректерді сақтау үшін жадқа деген болжамды қажеттілікті есептеу немесе іздестіру қадамдарының қажетті санын есептеу).

Деректердің иерархиялық моделі. Деректердің иерархиялық моделі, яғни атауынан байқағандай иерархиялық құрылымға ие, яғни әрбір элемент тек бір жоғары элементпен байланысты, бірақ сонымен бірге оған төмендегі бір немесе бірнеше элементтер сілтеме жасай алады.



1.1-сур. Деректердің иерархиялық моделі

Иерархиялық модельдің терминологиясында нақты: «элемент» (түйін); «деңгей» және «байланыс» түсініктері қолданылады. *Түйін* көбінесе объекті сипаттайтын атрибут (белгі) болып табылады. Иерархиялық модель граф түрінде жүйелі бейнеленеді, онда әр түйін шың болып табылады. Осы модель өзімен олардың жеке немесе баған - иерархиялық құрылымы бар ағаш түзетін бағыныстылығына байланысты орналасқан элементтер жиынтығын құрайды (1.1-сурет). Мұндай граф кез-келген басқа шыңға бағынбайтын және ең жоғарғы (бірінші) деңгейде орналасқан бірегей шыңға ие. Бірінші деңгейдегі шыңдар саны дерекқордағы ағаштардың санын анықтайды.

Деректердің желілік моделі. Бұл модель иерархиялық модель сияқты: «түйін», «деңгей» және «байланыс» терминологияларын пайдаланады

Деректердің иерархиялық және желілік үлгілері арасындағы жалғыз айырмашылық, бұл деректердің әрбір элементінің (түйін) кез-келген басқа элементпен (түйін) байланыстырылу мүмкіндігінен тұрады (1.2-сур.).



1.2-сур. Деректердің желілік моделі

Кесте 1.1. Құрал бөлшектері

Коды	Беттерінің орналасуы	Қосымша сипаттамасы
1	Айналу денелері	Біліктер
2	Айналу денелері	Тығындар
3	Айналу денелері емес	Жазық
4	Айналу денелері емес	Көлемді

Граф теориясынан мәлім болғандай, желілік граф граф-ағашына түрлендірілуі мүмкін.

Деректердің реляциялық моделі. Деректердің реляциялық моделі негізгі идеясы - екіөлшемді алап түрінде деректердің кез-келген жиынтығын – кестені көрсетуден тұрады. Қарапайым жағдайда реляциялық модель жалғыз екіөлшемді кестені сипаттайды (1.1-кесте), бірақ көбінесе бұл модель бірнеше түрлі кестелер арасындағы құрылым мен қатынастарды сипаттайды. 1.3-суретте көрсетілгендей 1.1-кестеде кестенің екі байланысқан кестеге бөлінуі көрсетілген.

Коды	Беттерінің орналасуы
1	Айналу денелері
2	Айналу денелері емес

Коды	Қосымша сипаттама
1.1	Біліктер
1.2	Тығындар
2.1	Жазық
2.2	Көлемді

1.3-сур. Деректердің реляциялық моделінің екі байланысқан кестелері

Деректердің реляциялық модельдері немесе реляциялық деректерқор қазіргі уақытта өндірістегі және бизнестегі ақпараттық жүйелерді жобалау мен ұйымдастырудың негізгі әдісі болып табылады, сондықтан осы оқулықта біз реляциялық деректер базасын дамытудың теориялық негіздері мен практикалық әдістерін қарастырамыз.

1.2. Реляциялық алгебраның негізі

Реляциялық деректер базасында ақпаратты өңдеу әдістері мен алгоритмдері бұрын логика алгебрасы немесе бульдік алгебра (бұдан әрі осы атауларды қолданатын боламыз) деп аталатын реляциялық алгебраға негізделеді.

Логика алгебрасы өзімен ең алдымен пікір айтудан тұрады. Логика алгебрасы деп шын немесе жалған болып келетін кез-келген ұсыныс түсініледі:

бұл ретте көрсетілген екі мәннің тек біреуі ғана жоғарыдағы мағынаға ие бола алады (мысалы: «Мәскеу – Ресей астанасы» - бұл шынайы сөз; «Қар қара» - жалған мәлімдеме). Жекелеген мәлімдемелерлогика алгебрасында қандай да болмасын әліпби әріптерімен белгіленеді,мысалы: А, В, С. Ақиқат немесе жалған пікірлер,олардың шындық құндылықтары деп аталады. Логика алгебрасында логика қабылданады

1 санымен жасалған пікір шынайылығын анықтау және жалған пікірді 0 санымен қабылдау белгіленген. А = 1 және С = 0 белгілері А-ның шын және С – жалған екенін білдіреді. Әрбір нақты пікір барнақты ақиқат мағынасына ие, ол – тұрақты, 0 немесе 1-ге тең. Нақты (тұрақты) пікірден ауыспалы пікір деп аталатындарды айырған дұрыс.

Ауыспалы пікір – ол нақты мағынасында айтуды емес, айту үшін ауыспалы (ұсынымды ауыспалы), яғни, оның орнына ауыспалы пікірді (немесе олардың атауын) қоюға болатын және «шын» немесе «жалған» немесе сәйкес1 және 0 (екілік ауыспалы) екі мағынаны ғана қабылдай алатынсимвол. Ауыспалы пікірлер (яғни ұсынымды ауыспалы) пікір белгіленетін әріптерден ерекшеленетін әріптермен белгіленеді. Алгебрада ауыспалы пікірлерді қолданулогика алгебрасында жалпылама пікір үшін қызмет етеді. Ол кез-келген пікірлер үшін логика алгебрасының заңдарын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Логика алгебрасындағы зерттеу мәні бинарлық (немесеекі мәнді) функциялар, яғни тек екі мәнді ғана қабылдайтын («шын» немесе «жалған», 0 немесе 1) және бір немесе бірнеше бинарлық ауыспалықтарға байланысты функциялар болып табылады. Ол бульдік функциялар деп аталады.

Қарапайым ретінде қабылданатын бір немесе бірнеше мәлімдемелерден, қарапайым сөйлемдердің бинарлық функциялары болатын күрделі пікірді жасауға болады. Логикада алгебрасында қарапайым сөйлемдерді күрделіге біріктіру осы сөйлемдердің ішкі мазмұнын (мәнін)есепке алмастан жүргізіледі. Белгілі логикалық операциялар (немесе логикалық байланыстар) қолданылады, оларкейбір пікірлерді (тұрақты немесе ауыспалы) барынша күрделіге (тұрақты немесе ауыспалыға) біріктіруге мүмкіндік береді.Негізгі логикалық операцияларға: терістеу, конъюнктура, дизъюнкция, эквиваленттік, импликация жатады. Логикалық операциялар кесте түрінде, сондай-ақ қарапайым сөздердің функциясы ретінде беріледі. 1.2, 1.3-кестелерде терістеу және конъюнкция операциялары үшін маңызы бар мағыналар берілген.

А	А
1	0
0	1

Кесте1.2.

Терістеу операциясының шынайылық мағынасы

Кесте 1.3. Конъюнкция операциясының шынайылық мағынасы

Л	В	А^В
1	1	1
0	1	0
1	0	0
0	0	0

Кесте 1.4. Дизъюнкция операциясының шынайылық мағынасы

Л	В	Л vВ
1	1	1
0	1	1
1	0	1
0	0	0

Пікірді терістеу. А - А жалған болғандағы шын пікір және А дұрыс болғандағы жалған пікір, А деп белгіленеді; оқығанда: «А емес».

Екі пікірдің конъюнкциясы. Екі пікірдің конъюнкциясы – ол күрделі мәлімдеме, оны қалыптастыратын екі сөйлемнің ақиқатында дұрыс және басқа жағдайларда жалған болып табылады. Екі мәлімдеме конъюнкциясы: А^В деп белгіленеді; «А және В» деп оқылады. Конъюнкция белгісі «^» «және» жалғаулығының мағынасынан тұрады. Конъюнкция операциясы логикалық көбейтудің мағынасына ие және «&» белгісімен белгіленуі мүмкін.

Екі пікірдің дизъюнкциясы. Екі пікірдің дизъюнкциясы - оның екі құрамдас сөздерінің жалғандығы жағдайында жалған болып табылатын және басқа жағдайларда ақиқат болып келетін күрделі пікір.

Дизъюнкция операциясы: А v В деп белгіленеді; «А немесе В» деп оқылады (басқа белгісі: А + В, басқа атауы - «логикалық қосу»).

«v» логикалық байланысының белгісі «немесе» жалғаулық мағынасына ие және дизъюнкция белгісі деп аталады. «Немесе» жалғаулығы бірнеше түрлі мағыналарда қолданылады. «v» белгісі пайдаланылатын «немесе» мағынасынан тұруы мүмкін, мысалы, сөз: «Петя немесе Иван қоңырау дауысы кезінде оянады» (мұнда «немесе» сөзі екеуінің оянатынын жоққа шығармайды). Аталған жағдайда дизъюнкция «немесе» бөлінбейтін мағынасына ие. Сондай-ақ, логикалық операциялар түрі ретінде қабылдануы мүмкін, бірақ оны дизъюнкциямен шатастыруға болмайтын, «немесе» жалғаулықты жоятынмағына бар (мысалы: «Оны не мені таңдаңыз»). Дизъюнкция 1.4-кестеде берілген.

Екі пікірдің эквиваленттілігі. Екі пікірдің эквиваленттілігі–ол пікірді білдіретін ақиқат мағынасы бірдей болғанда шындық және кері жағдайда жалған болатын күрделі пікір болып табылады; А = В болып белгіленеді; «АВ-ға барабар» оқылады. Эквиваленттілік үшін келесі жолмен жазуға болатын пікірі әділ:

Кесте 1.5. Эквиваленттілік операциясының шынайылық мағынасы

A	B	A = B
1	1	1
0	1	0
1	0	0
0	0	1

Кесте 1.6. Эквиваленттікті терістеу операциясының шынайылық мағынасы

A	B	A = B
1	1	0
0	1	1
1	0	1
0	0	0

A = 1 = A, ол: A жалған болған кезде A-ның бірлікке барабарлығын білдіреді.

A = 0 = A жазбасы, A жалған болған кезде A-ның нөлге барабарлығын білдіреді. 1.5-кестеде эквиваленттілік операциясының шынайылық мағынасы берілген.

Эквиваленттілікті терістеу. Екі пікірдің эквиваленттілігін білдіретін пікірді терістеу әрекетін қолдана отырып, эквиваленттікті терістеу деп аталатын, A = B жаңа күрделі пікір аламыз. Эквиваленттілікті терістеу A-ның B-ға эквивалентті емес екенін білдіреді. Эквиваленттілікті терістеу 1.6-кестеде берілген.

Осы операция ЭЕМ жобалау теориясында өте маңызды, өйткені ол өзімен екі модуль бойынша күрделі қосарлы санды білдіреді.

Екі пікірдің импликациясы. Екі пікірдің импликациясы: A з B болып белгіленеді; «егерде A, онда B» болып оқылады. Ол A ақиқат, ал B жалған болған жағдайда ғана жалған болып келетін күрделі пікір. Осы пікірдің ақиқаттылығы мағынасы 1.7-кестеде берілген.

Импликация A жағдайы мен B салдары арасындағы мағына бойынша кері байланысты болжамайды, дегенмен мұндай байланысты жоққа шығармайды. Импликация мағынасын: «A жалған немесе B ақиқат» түрінде білдіруге болады. Осы пікірде «немесе» жалғаулығы жойылмайтын мағынаға ие.

1.7-кесте

Импликация операциясының шынайылық мағынасы

A	B	A ⊃ B
1	1	1
0	1	1
1	0	0
0	0	1

Жоғарыда көрсетілген логикалық операциялар арқылы қарапайым пікірден алынғанкез-келген күрделі пікір, *логика алгебрасының формуласы* деп аталатын болады.

Қарапайым пікірлердің екі формуласы A_1A_2, ..., A_n әрбір комбинация үшін пікірдің шынайылығы мағынасы $A_1, A_2,,, A_n$ логика алгебрасының екі формуласы бірдей шынайылық мағынасы ие болған жағдайда барабар деп аталады. Қарайпайым пікірдің п шынайылық мағынасының әртүрлі комбинациясында 2^n дәлдігі бар және осы 2n комбинацияларының әрқайсысы үшін күрделі пікірі шынайы немесе жалған болған жағдайда, онда 2^{2n} қарайпайым пікірдің п деректерінен жасалған логика алгебрасының әр түрлі функциялары болуы мүмкін. А, В (яғни екі ауыспалы пікір) екі қосарлы ауыспалылық жағдайында логика алгебрасының 16 әртүрлі функцияларын жасауға болады, яғни, 16 күрделі логикалық өрнектерді бір-біріне теңдестіру керек. Осы өрнектердің арасында жоғарыда сипатталған барлық логикалық байланыстар (бір ауыспалы функция болып табылатын терістеуден басқа) бар.

Логикадағы алгебрасының негізгі заңдарды білдіретін келесі тең арасалмақтар логика алгебрасында маңызды рөл атқарады:

1) A = A жалған болған кезде А-ның ақиқат екенін А білдіреді;
2) A ^ B = B^A (А және В= В және А) екенін білдіреді;
3) (A ^B) ^C = A ^(B ^C), ((А және В) және С) = (А және (В және С)) немесе, басқаша, логикалық көбейту заңын білдіреді ((A- B) • C) = (A -(B - C));
4) AvB = B vA, A+ B= B+ A—арифметика курсының белгілі заңы екенін: «қосылатын сома орын ауыстырғаннан өзгермейді» білдіреді;
5) (AvB) vC = Av(B vC) немесе (A+ B) + C = A+ (B + C);
6) A^ (B vC) = (A^ B) v (A^ C) оң жақ бөліктің ақиқаттылығы кезінде сол жақ бөліктің ақиқаттылығын білдіреді;
7) Av(B ^C) = (AvB) ^(AvC);
8) (A v B) = A ^ B ;
9) (A ^B) = A v B;
10) A ^A = A;
11) A v A = A;
12) A ^1 = A;
13) A v 0 = A.

Көрсетілген арақатынастардың әділдігі логикалық операциялардың - конъюнкция, дизъюнкция және терістеудің анықтамалары жәнекестелерінің негізінде жүргізілуі мүмкін. 1 - 13 арасалмағы күрделі логикалық өрнектерді қарапайым пішімге түрлендіру үшін пайдаланылады.2 – 5 арақатынастары, конъюнкция және дизъюнкция операциялары үшін ауыстырыдымдылық және үйлесу заңдары әділ, соның арқасында көптеген конъюнкция және дизъюнкцияны жақшасыз жазуға болады. Мысалы: [(A^B) ^C] ^D орнына A^B ^C^D жазуға болады.

Логикалық формулалардағы жақшалардың санын одан әрі азайту үшін біз «V» белгісінің көмегіне қарағанда, «^» белгісінің көмегімен байланысты есептеуді қабылдадық, соңғысы «≡», «≠» және «∩» белгілерінің көмегіне қарағанда тығыз.A ^B ^C ^D... түрінің өрнектерін туынды, ал оның мүшелерін – көбейткіштер деп атайды.
A v B v C v ... формасының өрнектері сома деп аталады, ал оның мүшелері – қосылғыштар деп аталады. 6 арақатынасы логика алгебрасындағы дизъюнкцияға қатысты конъюнкцияның үлестірімділік заңының әділ екенін көрсетеді. Оның A^(B + C) = A^B + A^C (мұнда нүкте логикалық көбейтуді, ал «қосу» белгісі логикалық қосуды білдіреді) түрдегі жазбасы осы заңмен және кәдімгі арифметикадағы қосуға қатысты көбейтудің үлестірімділік заңы арасындағы ұқсастықты айқын көрсетеді. Бірақ логика алгебрасындағы арифметикадан өзгеше, 7 арақатынасы арқылы көрінетін конъюнкцияға қатысты дизъюнкцияның үлестірімділік заңы да орын алады. Екі үлестірімділік заңдар да логика алгебрасы формулалары арқылы жақшалардың ашылуының түрлендіруге және қарапайым алгебрада орындалатындай көбейткіштерді шығаруға (сонымен қатар, жалпы қосылыстарды шығаруға) мүмкіндік береді.

8 және 9 арақатынастар Морган заңдары деп аталады және 1-арақатынаспен бірге теріс белгілері қарапайым пікірге ғана жататын түрге логикалық көріністі түрлендіру мүмкіндігін береді.

1-13 арақатынастардан өзге, келесі тең арақатынастар логикалық өрнектерді түрлендіру үшін өте пайдалы:

14) A v A ^B = A v B;
15) A ^(A v B) = A v B;
16) A v A ^B = A;
17) A ^B v A ^C= A ^B v A ^C ^B ^C;
18) A ^(A v B) = A;
19) (A v B) ^(A v C) = (A v B) ^(A v C) ^(B v C);
20) A v A ^B = A v B;
21) A v (A v B) = Av B;
22) A ∩B = A v B;
23) A = B = A ^B v A ^B.

Соңғы екі арақатынасы пайдалану тек қана «v», «^», «¯» белгілерінен тұратын «∩» және «≡» белгілерінен тұратын өрнектерге кез-келген өрнекті келтіруге мүмкіндік береді.

Егер A, B, C, ... ауыспалылары ретінде пікірді ғана емес,ол үшін 1-13 арақатынастарды қанағаттандыратын қосу, көбейту және терістеу әрекеттері анықталғанпікірді ғана емес, кез-келген жүйе элементтерін түсінетін боламыз, онда Буль алгебрасы деп аталатын абстрактылы алгебраны аламыз.

Атап айтқанда, пікірлер және негізгі логикалық операциялар «V», «^», « ¯ » өзімен жеке жағдайды немесе интерпретацияны, алгебраны білдіреді. Буль алгебрасының тағы бір мысалы сыныптар алгебрасы болып табылады, ол негізгі логикалық операциялар үшін көрнекі геометриялық түсініктемені береді.

А пікірін қарастырайық, мұнда мәселе *а* кейбір қасиеттерінің қандай да бір сала пәніне тиесілігі туралы. Осы саладағы пәндердің жазықтық бөлігінің нүктелерімен кескінделетінін, кейбір шаршылармен (1.4-сурет) шектелгенін оны біз Q арқылы белгілейтінімізді көзімізге елестетейік.



1.4-сур. Буль функциясының графикалық кескіні:
а — жиынтық А; б — жиынтықтар қиылысы; *в* — жиынтықтардың бірігуі; г — екі жиынтықтың эквиваленттілігі; *д* —эквиваленттілікті терістеу; е —конъюнкцияны терістеу

Q жазықтық нүктелерінің екі сыныпқа (жиынтық) бөлінетіні анық: *а* қасиетіне ие, яғни А = 1 нүкте сыныбы және осы қасиетке ие емес, яғни А = 0 үшін нүктелер сыныбына ие, мұндағы Q жазықтығының әрбір нүктесі осы сыныптардың тек біреуіне ғана міндетті тиесілі.

Бірінші сыныпты А пікірінің геометриялық кескіні немесе А жиынтығы деп есептеуге болады. Бұл ретте, мысалы, суретте көрсетілгендей 1.4-суретте берілгендей *а* көрініс алынуы мүмкін, онда А кескіні тұйық (құйылған) контурмен шектелген белгілі бір аймақ түрінде кескінделген.Әлбетте, А (А емес) өрнегі Q шаршысының қалған нүктелерінің жиынтығымен бейнеленетін болады. Осындай интерпретация кезінде логикалық операциялардың негізін ұсынуға болады.

Екі пікірдің конъюнкциясыекі жиынтықтың қиылысымен ұсынылатын болады (1.4, б-сур). Шындығында, А ^ В = 1 болғанда, А = 1 және В = 1 болады, ол А жиынтығына және В жиынтығына (олардың қиылысына) біруақытта тиесілі нүктелер үшін орын алады.

Екі пікірдің дизъюнкциясы А v В, А және В (1.4, в-сур) жиынтықтарын бірлестіру жолымен алынатын жиынтықпен кескінделетін болады.

Екі пікірдің эквиваленттілігі А = В 1.4, г-суретте көрсетілгендей бейнеленетін болады, өйткені А = В айқындылығы 1 тең немесе А = 1 және В = 1, немесе А = 0 және В = 0 кезіндегідей.

Эквиваленттілікті терістеу 1.4, *д*-суретте көрсетілген $\underline{A =}$В-ның, А = В-ның А = В тең болуын ескерген кезде алынады.

Кесте 1.8.

Логикалық операцияларды белгілеу нұсқалары

Конъюнкция (логикалық көбейту)	Дизъюнкция (логикалық қосу)	Терістеу (логикалық терістеу)	Эквиваленттілік	Импликация
ЖӘНЕ	НЕМЕСЕ	НЕ		Егерде... онда
AND	OR	NOT		If... then
&	|	¬	→	≡
^	v	$\overline{A}$	⊃	↔

1.4, е-сур. көрсетілгендей A ^B конъюнкциясын терістеу.

Венн диаграммалары деп аталатын осындай диаграммалар, оларды талдау және оңтайландыру мақсатында логикалық формаларды көрнекілеп ұсыну үшін қолданылуы мүмкін.

Қаралған логикалық операциялар — конъюнкция, дизъюнкция, терістеу — тәуелсіз болып табылады және бір-бірі арқылы көрсетілуі мүмкін. Атап айтқанда, олардан логикалық операциялардың жүйелерін бөлуге болады және олардың көмегімен логика алгебрасының барлық функцияларын көрсете алады. Логикалық операциялардың мұндай жүйелері (кейде 1 немесе 0 константаларымен бірлесіп) функционалды толық деп аталады.

1.8-кестеде логикалық операцияларды белгілеудің әртүрлі нұсқалары берілген.

Жоғарыда тізімделген логика алгебрасының негізгі операцияларынан басқа, екі операцияы: тиісті пікірлердің үйлесімсіздігін бекітетін конъюнкцияны терістеу және дизъюнкцияны терістеу бар.

Конъюнкцияны терістеу A ^ B байланыстары: A / B және Шеффер операциясы деп аталады.

Дизъюнкцияны терістеу A v B, Шеффердің сызықшасымен көрсетілген A = A / B мағынасына ие.

Шеффер операциясы ЭЕМ процессорларының логикалық сұлбаларын жобалау теориясында маңызды рөл атқарады, өйткені Шефер операциясын іске асыратын электронды сызба әмбебап функционалды элемент болып табылады, оның көмегімен кез-келген функционалды логикалық құрылғылар құрылуы мүмкін. Шеффер операциясының графикалық көрінісі 1.4, е-суретте берілген.

Конъюнкция және дизъюнкция операциялары қосарлы деп аталады және ^-дыv-ғажәне v-ны^-ға басқа ауыстырулардың бірінен алынған логика алгебрасының формулалары қосарлы деп аталады. F және F * қосарлы формулалары үшін пікірлердің теңдігі әліл болып табылады.

$$F(A_1, A_2, \dots A_n) = F^*(A_1, A_2, \dots A_n) \qquad (1)$$

Логика алгебрасында келесі қосарлық принципі белгіленеді: егер F және Ф формулалары тең болатын болса, онда F* және Ф* қосарлы формулаларытең болады.

Логика алгебрасы формулаларының құрылымы қалыпты пішіннің екеуінің біріне дейін келтірілген кезде айқын көрінеді. Алғашқы қалыпты пішін - конъюнктивті (КНФ) – өзімен бірге дизъюнкция конъюнкциясын білдіреді, мұндағы әрбір дизъюнкцияның әрбір жекелеген мүшелері өзімен қарапайым пікірді (яғни, өзімен басқа пікірлерден тұрмайтын пікірлер) немесе қарапайым пікірлерді терістеуден тұрады. Екінші қалыпты пішін - дизъюнктивті (ДНФ) – өзімен бірге конъюнкция дизъюнкциясын білдіреді, мұндағы әрбір конъюнкцияның әрбір жекелеген мүшелері қарапайым пікір немесе оларды терістеу болып табылады.

Қалыпты пішіндер формулалардың екі маңызды сыныбын ажыратуға ыңғайлы: тұрақты-шынайы және тұрақты-жалған.

Тұрақты-шынайы формулалар үнемі 1-ге тең (олар 1-ге сәйкес келеді).

Тұрақты-жалған формулалар үнемі 0-ге тең (0-ге сәйкес келеді).

Формулалардың осы сыныптары логикалық өрнектерді жеңілдетуде маңызды рөл атқарады

Күрделі формулаларды жеңілдету кезінде, A ^A 1 = A және A v 0 = A пікірлерінің теңдігін қолдана отырып, тұрақты-шынайы жәнетұрақты-жалған пікірлерден бас тарта аламыз, алA ^0 = 0 және A v 1 = 1 теңдігін пайдалана отырып тұрақты-жалған пікірге конъюнктивті қосылған және тұрақты-шынайы пікірге дизъюнктивті қосылған пікірлерден бас тартуға болады.

Күрделі формуланың тұрақты-шынайылығы туралы мәлімдеме келесі ережелерді қолдану арқылы алынуы мүмкін:

1) A v A формуласы тұрақты-шынайы;

2) A v B формуласы шынайы, егерде A шынайы болатын болса, ал B — туынды пікір;

3) A ^B формуласы шынайы, егердеA және B шынайы болатын болса.

Осы ережелерді қолдану күрделі формуланың тұрақты шынайылығының келесі өлшем шарттарын шығаруға мүмкіндік береді.

Осындай формулалар әрдайым шындық болып табылады, олардың әрқайсысында КНФ-де кемінде бір негізгі мәлімдеме бар, оны жоққа шығарады.Шынында да, бұл жағдайда әрбір ажырату кем дегенде бір нақты термин болады, яғни КНФ-ке мүше болып табылатын барлық келіспеушіліктер шындықты білдіреді; логика алгебрасының берілген формуласын білдіретін барлық КНФ шын болады.

КНФ-ның әрбір дизъюнкциясына кем дегенде бір негізгі пікір өзінің терістеуімен кіретін осындай формулалар тұрақты-шынайы болып табылады. Ұқсас жолмен ДНФ келтіру арқылы логика алгебрасының берілген формуласының тұрақты-жалған екенін немесе ондай емес екенін анықтауға болады.

Шынында да, бұл жағдайда әрбір дизъюнкцияда кем дегенде бір нақты мүше болады, демек, КНФ мүше болып табылатын барлық дизъюнкциялар шынайы болып табылады, яғни логика алгебрасының берілген формуласын білдіретін барлық КНФ шынай болады.

Егерде осы формуланың ДНФ-інде дизъюнктивті байланысқан әрбір конъюнкциясында, кем дегенде өзінің терістеуімен бір пікір болатын болса формула тұрақты-жалған болады,

Логика алгебрасына кіретін ауыспалы кейбір мағыналары кезінде шынайы болып табылатын формулалары орындалатын деп аталады. Тұрақты-жалған болып табылмайтын кез-келген формулалар орындалатын болады.

Логика алгебрасының кез-келген функциясын ұсынудың әмбебап әдісі $F(A_1, A_2, ..., A_n)$ түрдің барлық конъюнкциясының дизъюнкциясы түрінде болады:

$$F(a_1, a_2, ..., a_n)^ A_1'^ A_2'^ ... ^A_n' \qquad (1.1.)$$

мұндағы $a_1, a_2, ..., a_n$—0 және 1 мағыналарынан жинақ, aA_n' = $A_n a_n$ = 1кезінде; a_n = 0 кезінде $A_n' = A_n$.

Шындығында, кез-келген жинақ үшін $a_1, a_2, ..., a_n$ түрдің бір конъюнкциясы ғана табылады (1.1), ондағы тұрақты көбейткіш $F^a_1, a_2, ..., a_n)$ аталған жинақ кезіндегі аталған функциядағы аталған шынайылық мағынасына ие болады, ал қалған көбейткіштер $A_1'^ A_2'^ ... ^A_n'$ 1-ге тең болады. Осы конъюнкцияда A_n ауыспалысындағы терістеу белгілерін тарату, $a_1, a_2, ..., a_n$ жинағындағы нөлдік таратуға сәйкес келетін болады. Дизъюнкцияда тұрақты көбейткіштері 1-ге тең конъюнкцияларды ғана қалдыра отырып және A^ 1 = A ережесі бойынша конъюнкциядан жоя отырып, аталған функцияны $^A_1'^A_2'^ ... ^A_n'$ конъюнкциясы түріндегі дизъюнкция нысанындағы аталған функцияны білдіретін формуланы аламыз. Осы форма дизъюнктивті жетілген форма (ДСНФ) деп аталады жәнекелесі қасиеттерге ие:

• бірдей қосылғыштарға ие емес;

• әрбір қосылғыш көбейткіштер ретінде немесе негізгі ауыспалылар немесе оларды терістеу ретінде тұрады;

• бірде-бір қосылғыштарда екі бірдей көбейткіштер жоқ және терістеуімен бірге ауыспалылардан тұрмайды.

Осыған ұқсас, ұқсас жолмен қанағаттандыратын дизъюнкция конъюнкциясынан тұратын мінсіз қалыпты пішін (КСНФ) анықталады.

Жетілген қалыпты нысандар логика алгебрасының күрделі формулаларының теңкүштілігі туралы сұрақтарды шешу үшін пайдаланылуы мүмкін: логика алгебрасының екі формуласы бірдей жетілген қалыпты пішіндерге келтірілетін болса теңкүшті болып табылады. Осы нысандарды тәжірибелік қолдану олардың ірілігіне байланысты күрделі, сондықтан іс жүзінде шағын қалыпты пішіндер деп аталатындары жиі қолданылады.

*Шағын дизъюнктивті қалыпты нысан (*МДНФ*)* өзімен конъюнкция дизъюнкциясын білдіреді, онда:

• бірде-бір қосылғышта қайталанатын көбейткіштер жоқ;

• бірдей көбейткіштері болатындай қосылғыштар жұбы жоқ;

• тікелей түрде бір қосылғышқа кіретін, ал басқа қосылғышқа терістеу түрінде кіретін, бір ортақ ауыспалыға ие кез-келген екі қосылғыш үшін, бір жалпы ауыспалы бар, алғашқы екі қосылғыштың қалған көбетйкіштерінің конъюнкциясынан тұратын үшінші қосылғыш бар.

Логика алгебрасының қолдануының маңызды саласы ақпаратты өңдеу процестерін алгоритмдеу және реляциялық дерекқорларды басқару болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. «Дерекқор» және «Дерекқорды басқару жүйесі» ұғымдарына анықтама беріңіз.

2. Дерекқорды ұйымдастырудың иерархиялық, желілік және реляциялық модельдеріне сипаттама беріңіз.

3. *Логика алгебрасы* дегеніміз не?

4. Негізгі логикалық операциялардың анықтамаларын беріңіз: терістеу, конъюнкция, дизъюнкция, эквиваленттік, импликация.

5. Әрбір негізгі логикалық операциялар үшін шынайылық кестелерін жасаңыз.

6. Келесі арасалмақтардытағы қалай жазуға болады:

A ^B = B^A;
(A ^B) ^C = A ^(B ^C);
AvB = B vA;
(AvB) vC = Av(B vC);
A^(B vC) = (A^B) v (A^C).

1. Логика алгебрасының келесі заңдарының оң бөліктерін жазыңыз:

Av(B ^C) =
A vB =
A ^B =
A^A=
A v A =
A ^1 =
A v 0 =

8. Морган заңдары нені белгілейді?

9. Логикалық операцияларды белгілеу нұсқаларын тізіңіз: терістеу, конъюнкция, дизъюнкция, эквиваленттік, импликация.

10. Шеффер операциясы немесе Шеффер штрихы деп не аталады?

РЕЛЯЦИЯЛЫҚ ДЕРЕККОР

2.1. Терминдер және анықтамалар

Реляциялық дерекқорларды дамыту 1960-шы жылдардың соңында басталды, онда кестелер түрінде ресми деректерді ұсынудың әдеттегі әдістерін пайдалану мүмкіндіктері талқыланғаналғашқы жұмыстар пайда болды. Кейбір мамандар ақпаратты ұсынудың осы әдісін шешім кестелері, басқалары - кестелік алгоритмдер деп атады. Реляциялық дерекқорлар теорияшылары ақпаратты ұсынудың кестелік әдісін даталогиялық модельдер деп атады.

Реляциялық дерекқорлар теориясының негізін қалаушы болып IBM қызметкері Э.Ф. Кодд 1970 жылғы 6 маусымда «Ірі коллекторлық деректер банкі үшін реляциялық деректер моделі» («A Relational Model of Data for Large Shared Data Banks»мақаласын жариялады. Бұл мақалада алғаш рет «деректердің реляциялық моделі» пайдаланылып, ол реляциялық дерекқорлар бастамасына жол ашты.

1970 жылдары АҚШ-та доктор Э.Ф. Кодд әзірлеген реляциялық дерекқорлар теориясы, көбейткіштер теориясының математикалық аппаратына сүйенді. Ол деректердің кез-келген жиынтығын математикада қарым-қатынас ретінде белгілі ерекше түрдегі екі өлшемді кестелер түрінде ұсынылуы мүмкін екенін дәлелдеді. Ағылшынша «relation» («қатынас») деген сөзден «реляциялық деректер моделінің» атауы туындады. Қазіргі уақытта дерекқорды (ДҚ) жобалаудың теориялық негізі реляциялық алгебраның математикалық негізінен тұрады (1.2-бөлімді қараңыз).

Осылайша, редяциялық ДҚ белгілі бір байланыстармен біріктірілген екі өлшемді алаптар – кестелер түрінде ұсынылған объектілер туралы ақпараттан (деректерден) тұрады. Дерекқор бір кестеден тұруы мүмкін. Реляциялық дерекқорларды әрі қарай зерттеуге кіріспес бұрын, болашақта тәжірибеде және теорияда қолданылатын терминдер мен анықтамаларды қарастырамыз.

Дерекқор кестесі - нысандардың бірыңғай сыныбы туралы ақпаратты қамтитын екі өлшемді алап. Реляциялық алгебра теориясында екі өлшемді массив (кесте) *қатынастар* деп аталады.

Кесте келесі элементтерден тұрады: өріс, ұяшық, жазба (2.1-сурет).

Өріс дерекқор нысандарын сипаттайтын сипаттамалардың біреуінің мағынасын қамтиды. Кестедегі өрістер саны дерекқор нысандарын сипаттайтын белгілер санына сәйкес келеді.

2.1-сурет. Дерекқор кестесінің құрылымы

Ұяшық тиісті өрістің нақты мәнін (бір нысанның ерекшелігі) қамтиды.

Жазба – кестенің жолы. Ол бір нысанды сипаттайтын барлық белгілердің мағыналарын қамтиды. Жазбалардың (жолдар) саны кестеде көрсетілген деректердің санына сәйкес келеді.

Деректер базасының теориясында *«жазба»* термині *кортеж*ұғымына сәйкес келеді - бір-бірімен AND (И) қатынастарымен байланысты атрибуттардың тізбегі. Графтар теориясында кортеж бағдарланған графтың қарапайым бөлігін - ағашты білдіреді.

2.1-кестеде реляциялық дерекқорларды әзірлеу тәжірибесі мен теориясында қолданылатын терминдер берілген.

Реляциялық дерекқорлардың оңтайлы құрылымын құру үшін қажетті маңызды тұжырымдамалардың бірі – кілт немесе кілтті өріс тұжырымдамасы.

Кілт - кестеде қалған барлық жолдардың мағынасын анықтайтын өріс болып есептеледі. Мысалы, «Паспорт нөмірі» жолы, «Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТН)» кез-келген жеке тұлғаның сипаттамаларын (компанияның бухгалтерлік немесе кадрлар бөлімдеріндегі тиісті деректерқор кестесін жасау кезінде) бірегей түрде анықтайды.

2.1-кесте

Реляциялық дерекқор терминдері

ДҚ теориясы	Реляциялық ДҚБЖ(FoxPro, Microsoft Access)	SQL Server 7.0
Қарым-қатынас(Relation)	Кесте(Table)	Кесте(Table)
Атрибут (Attribute)	Өріс(Field)	Баған(Column)
Кортеж (Tuple)	Жазба(Record)	Жол(Row)

Кестенің кілті бір емес, бірнеше өрістер болуы мүмкін. Бұл жағдайда, өрістер жиынтығы уақытқа тәуелсіз екі талап қанағаттандырған жағдайда кесте кілті болуы мүмкін: бірегейлік және минималдылық. Бастапқы кілттің бөлігі болып табылмайтын әр өріс кестенің шешуші емес өрісі деп аталады.

Кілттің *бірегейлігі* кез-келген уақытта дерекқор кестесінде кілт өрістерінің бірдей мәндері бар әртүрлі жазбаны қамтуы мүмкіндігін білдіреді. Бірегейлік талаптарын орындау міндетті болып табылады.

Кілт өрістерінің *минималдылығы* талаптары таңдалған өрістердің мәндерінің тек қана дерекқор кестесіндегі жазбалардың бірегейлігі талаптарына сәйкес келетінін білдіреді. Ол сондай-ақ, кілттегі өрістердің біреуі бірегейлікті бұзбастан одан шығарылмайды дегенді білдіреді.

Бірнеше өрістерден тұратын дерекқордың кесте кілтін жасаған кезде, келесі ережелерді басшылыққа алу қажет:

• кестенің құрамына мағыналы өз өзінен кестедегі жазбаны бірегей түрде сәйкестендіретін кестенің өрісін енгізбеген дұрыс. Мысалы, бір мезгілде «паспорттың нөмірінен» және «төлқұжаттың сәйкестендіру нөмірі» өрістерінен тұратын кілтті жапсаған дұрыс емес, өйткені осы атрибуттардың әрқайсысы кестедегі жазбаларды бірегей түрде сәйкестендіре алады;

• кілттің құрамына мәндері кестеде қайталануы мүмкін өрісті, яғни бірегей емес өрісті қосуға болмайды.

Әрбір кестеде кем дегенде бір кілт болуы керек, ол *бастапқы кілт* ретінде таңдалады. Егер кестеде әрқайсысының мағынасын жазбалар анықтайтын өрістер болатын болса, онда осы өрістер *баламалы кілттер* ретінде қабылданады. Мысалы, салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін бастапқы кілт ретінде таңдасаңыз, паспорттың нөмірі баламалы кілт болады.

2.2. Реляциялық дерекқордағы кестелерді қалыпқа келтіру

Реляциялық дерекқор – бір-бірімен байланысты кейбір көптеген кестелер жиынтығы. Бір дерекқордағы немесе бір файлдағы кестелердің саны көптеген факторларға байланысты, олардың негізгілері:

• дерекқор пайдаланушыларының құрамы,

• ақпараттардың тұтастығын қамтамасыз ету (әсіресе көп қолданыстағы ақпараттық жүйелерде маңызды),

• кішігірім өңдеу уақытын және қажетті жадтың ең аз мөлшерін қамтамасыз ету.

Реляциялық дерекқорды жобалау кезінде аталған факторларды есепке алу кестелерді қалыпқа келтіру және олардың арасындағы байланыстарды орнату әдістерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Кестелерді қалыпқа келтіру–дерекқордің бір кестесін жалпы жоғарыда аталған талаптарға жауап беретін бірнеше кестеге бөлу әдістерінен тұрады.

Кестелерді қалыпқа келтірукестенің құрылымында кезекті өзгерісті, ол соңғы қалыпқа келтірудің соңғы талаптарының қанағаттандырғанша білдіреді. Қалыпқа келтірудің алты түрі бар:

- бірінші қалыпқа келтіру нысаны(First Normal Form — 1NF);
- екінші қалыпқа келтіру нысаны(SecondNormalForm— 2NF);
- үшінші қалыпқа келтіру нысаны(ThirdNormalForm— 3NF);
- Бойс—Кодд қалыпты нысаны(Brice—CoddNormalForm— BCNF);
- төртінші қалыпқа келтіру нысаны(FourthNormalForm — 4NF);
- бесінші қалыпқа келтіру нысаны немесе проекцияның – байланыстың қалыпты нысаны(FifthNormalForm — 5NF, немесеPJ/NF).

Қалыпты нысандарды сипаттаған кезде келесі ұғымдар қолданылады: «өрістер арасындағы функционалдық тәуелділік»; «өрістер арасындағы толық функционалдық тәуелділік»; «өрістер арасындағы көп мағыналы функционалды тәуелділік»; «өрістер арасындағы өтпелі функционалды тәуелділік»; «өрістер арасындағы өзара тәуелсіздік».

А және В өрістерінің арасындағы *функционалдық тәуелділік,* А-ның әрбір мағынасына кез-келген уақытта барлық мүмкін болатын мағынадағы В-ның жалғыз мағынасы сәйкес келетін тәуелділік болып келеді. Функционалды тәуелділікке мысал ретінде, салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі мен оның төлқұжатының нөмірі арасындағы байланысты алуға болады.

А және В өрістері арасындағы *толық функционалдық тәуелділік,* В өрісі функционалды түрде А өрісіне тәуелді келетін және А өрісінің кез-келген көпшіліктеріне функционалды тәуелді емес тәуелділік болып келеді.

Өрістер арасындағы *көпмағыналы функционалды тәуелдік* келесі жолмен анықталады. А өрісі, егерде А өрісінің әрбір мағынасы үшін В өрісінің тиісті мағыналарының «жақсы анықталған көпшілігі» болатын жағдайда, В өрісінің көпмағыналы анықтайды. Мысалы, «Пән» (А өрісі) және «Бағалау» (В өрісі) өрістерінен тұратын мектептегі оқушылардың үлгерімділігі кестесін қарастыратын болсақ, онда В өрісі рұқсат берілетін мағыналардың «жақсы анықталған көпшілігінен» тұрады: 1, 2, 3, 4, 5, яғни «Пән» өрісінің әрбір мағынасы үшін «Бағалау» өрісінің көпбелгілік «жақсы анықталған көпшілігі» бар.

А және С өрістерінің арасында*транзитивтік функционалдық тәуелділік*,С өрісі функционалды В өрісіне байланысты болса және В өрісі функционалды түрде А өрісіне байланысты болғанда кездеседі; бұл реттеА өрісіне В өрісіне функционалдық тәуелділігі жоқ.

Өрістер арасындағы өзара тәуелсіздік келесі түрде анықталады. Бірнеше өріс егерде олардың бірде-бірі функционалды түрде екіншісіне тәуелді болмаған жағдайда,бір-біріне өзара тәуелсіз болады.

Бірінші қалыпты нысан. Кесте өрістердің ешқайсысы бірден артық мағынаға ие болмаса және кез-келген шешуші өріс бос болмаған жағдайда бірінші қалыпты нысанда болады.

Бірінші қалыпты нысан реляциялық деректер үлгісінің негізі болып табылады. Реляциялық дерекқордағы кез-келген кесте автоматты түрде бірінші қалыпты нысанда болады, басқасы анықтау бойынша мүмкін емес. Мұндай кестеде бірнеше өрістерге (белгілерге) бөлуге болатын өрістер (белгілер) болмауы керек.

Қалыпқа келтірілгендерге, әдетте, бастапқыда ондағы ақпаратты компьютерлік өңдеуге арналмаған кестелер жатады. Мысалы, 2.2-кестеде Эксперименттік металл кесуші білдектердің ғылыми-зерттеу институты (ЭНИМС) жариялаған «Әмбебап металл кескіш білдектер» анықтамалығынан алынған кестедегі фрагментті берілген.

Аталған кесте келесі себептер бойынша қалыпқа келтірілмейтін болып табылады.

1. Ол бір ұяшықта бір өрістің бірнеше мағыналары бар жолдардан тұрады: «Өңдеудің жоғары диаметрі, мм» - «Айналдырықтың айналу жиілігі, айн/мин» емес.

2. Бір өріс - «Габариттік өлшемдері (ұзындығы х ені х биіктігі), мм» үш өріске бөлінуі мүмкін: «Ұзындығы, мм», «Ені, мм» және «биіктігі, мм». Осындай бөлудің орындылығы, ауданның немесе алынған көлемді одан әрі есептеу қажеттілігімен негізделуі мүмкін.

Бастапқы кесте бірінші қалыпты нысанға түрлендірілуі мүмкін. Ол үшін:

• «Өңдеудің ең жоғары диаметрі, мм» өрісі «Айналдырықтың айналу жиілігі, айн/мин» өрістерін бір ұяшықтағы мәндер санына сәйкес бірнеше өрістерге бөлу;

2.2-кесте

Токарлық топтың білдектері

р/н №	Білдектің моделі	Өңдеудің жоғары диаметрі, мм	Айналдырықтың айналу жиілігі, айн/мин	Габариттікөлшемдері (ұзындығы х ені х биіктігі), мм
1	1Д12	12 (алты қырлы)	112... 5000 (сол жақ); 56 ...630 (оң жақ)	1630 х 740 х 1410

2.2-кестесінің қалыпты нысаны

р/н №	Білдектің моделі	Цилиндрлік дайындаманың жоғары диаметрі	Цилиндрлік дайындаманың жоғары диаметрі	Айналдырықтың айналу жиілігінің диапазоны (сол жақ), айн/мин	Айналдырықтың айналу жиілігінің диапазоны (оң жақ), айн/мин	Ұзындығы, мм	Ені, мм	Биіктігі, мм
1	1Д12	12	8	112... 5000	56... 630	163	740	141

• «Габариттік өлшемі (ұзындығы х ені х биіктігі), мм» өрісі үш өріске бөлінген: «Ұзындығы, мм», «Ені, мм», «Биіктігі, мм».

Бұл кестенің шешуші өрісі «Білдек моделі» немесе «р/н №» өрісі болуы мүмкін.

2.3-кестеқалыпты нысанның түрінен тұрады.

Тағы бір мысал қарастырайық. 2.2-суретте алдыңғы мысалдағыдай бастапқыда компьютерді өңдеуге арналмаған, сынақ-емтихан тізімдемесі бланкінің фрагменті көрсетілген.

Факультет № . . .					**Топ ...**					
Семестр ...					**Пән бойынша ...**					
Емтихан алушы ...										
р/н №	**Аты-жөні**	**1-Емтихан Сынақ**			**2-1-Емтихан Сынақ**			**3-1-Емтихан Сынақ**		
		Күні, қолы	**Күні, қолы**	**Күні, қолы**	**Күні, қолы**	**Күні, қолы**	**Күні,** қолы	**Күні,** қолы	**Күні,** қолы	**Күні,** қолы
Факультет деканының қолы					**Емтихан алушының қолы**					

2.2-сурет. Сынақ-емтихан тізімдемесінің бланкі

6.15-суреттеосы сұраныстың нәтижесі ұсынылған. Сұраныстағы жолдардың саны *Аты-жөні* өріс атауының мәндерінің санына тең. «Жүктеме» алғашқы кестесінде бір оқытушы үшін жазбалардың саны 1-ден асуы мүмкін (оқылатын пәндердің санына байланысты). Топтық операцияларды орындау кезінде барлық жазбаларды *Топтастыру* оқытушылардың атаулары бойынша топтастырылады және бір жолда қалыптасады. Сол сияқты, Топтық жолмен әрекет орындалады.

6.3. Сұраныс көмегімен есеп айырысуларды автоматтандыру

ACCESS ДҚБЖ маңызды ерекшеліктерінің бірі – есептеудің әр түрлі түрлерін автоматтандыру мүмкіндігі. Мысалы, шетел валютасындағы ақшалардың баламалары үшін тауарлардың бағасын рубльдермен қайта есептеу үдерісі. Мұндай есеп айырысу кәсіпорындардың сауда және қаржылық қызметінде қажет. Сұраныстарды қолдану арқылы есептеулер процесі сұранысты құрылымдау кезінде арнайы есептік өрісті құруға негізделеді. Осы әдіс бастапқы кестеде есептелетін өрісті көзделмеген жағдайларда пайдаланылуы керек.

Мұндай өріс сұранысты *Құрастырушы* режимінде құру кезінде жасалуы мүмкін. Ол үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

• *Құрастырушы* режимінде сұраныс жасау;

• меңзерді *Өріс* жолының соңғы ұяшығына орналастыру және тінтуірдің оң жағын басу арқылы мәтінмәндік мәзірді белсендіру;

• пайда болған терезеде *Салу* командасын белсендіру. Осы команданы орындау нәтижесінде *Сөйлем құрау* терезесі ашылады, оның нұсқаулығын орындай отырып есеп айырысу сөйлемі жасалады.

Мысалы, оқытушының көктемгі семестрдегі пәндер бойынша жоспарланған жүктемесін есептеу керек.

6.16-суретте осындай сұраныс көрсетіледі. Бұл сұраныста кестеден тек үш өріс таңдалған: *Аты-жөні, Семестр, Пән*. Меңзерді *Құрастырушының* төртінші бағанының *«Өріс»* жолына қою үшін есептелетін өрістің атауы беріледі: «Пән бойынша сағаттар саны». Содан кейін *Сөйлем құрау* шақырылады (6.17-сурет), онда барлық сандар өрістерінің мәндерін сомалайтын есептеу формуласы жинақталады. Бұл формула сұраныстың есептеу өрісіне орналастырылды.



6.16-сурет.Есептеу өрісімен сұраныс *Құрастырушысы*



6.17-сурет. Есеп айрысу өрісін құру үшін *Сөйлем құрау* терезесі

6.18-суретте сұранысты орындау нәтижесі берілген.

Осылайша, сұранысты орындау нәтижесінде нақты оқтыушы жүргізетін әрбір пән бойынша сағаттарының жинақ санының есебі орындалады. Экранға шығаратын динамикалық кестеде *Семестр* өрісінің жоқ екеніне назар аударыңыз. *Сұраныс құрастырушы* терезесінде (6.16-суретті қараңыз) осы өрістің экранына шығарудан бас тарту орындалды.

Алдыңғы бөлімдерде *Сұраныс құрастырушысын* қолдана отырып, әртүрлі сұраныстарды жасау технологиясы қарастырылған болатын. Дегенмен, кез-келген сұраныссұранысты құрылымдау процесінде автоматты түрде жасалатын SQL-бағдарламасымен орындалады. Бұл бағдарламаның не екенін түсіну үшін, *Құрастырушы* режимінде емес, SQL режимінде сұранысты қарау жеткілікті.

Мысал ретінде, *нәтижелер бойынша және мөлшерлеме бойынша* есептелетін есеп айырысу өрістерімен оқытушының жүктемесін қалыптастыру сұранысын қарастырайық (6.19, 6.20-сур.). 6.19-суретте сұраныстың бөлігіформадан *Аты-жөні* өрісінің мәнінен деректерді іріктеу шартымен көрсетіледі, ал 6.20-сур.есеп айырылысатын өрістермен сұрансытың бөлігі көрсетіледі.

Егер осы сұранысты SQL режимінде қарайтын болсақ, SQL бағдарламасының мәтіні *Сұраныс Құрастырушы* терезесінде пайда болады (6.21-сурет).



6.18-сурет. Сұранысты орындау нәтижесі



6.19-сурет. Іріктеуге І-ші сұраныстың фрагменті



6.20-сур. Таңдауға берілетін 2-ші сұраныстың фрагменті



6.21-сурет. SQL режиміндегі сұраныс *Құрастырушысының* терезесі

SQL тіліндегі сұранысты сипаттау құрылымын келесі мысалда қарастырайық.

SELECTЖүктеме. Аты-жөні, Жүктеме.үлес, Жүктеме. Семестр, Жүктеме. Пән, Жүктеме. Топ, Жүктеме. дәріс, Жүктеме. Констр., Жүктеме. Лабы, Жүктеме. ПЗ, Жүктеме. КРП, Жүктеме. ИР, Жүктеме.Емтихан, Жүктеме.Сынақ, Жүктеме. Басқа түрлері, [Дәрістер] + [Конс] + + [Лабы] + [ПЗ] + [КРП] + [ИР] + [Емтих] + [Сынақ] + [басқа түрлері] AS Жиыны, [Жиыны]/5б8.639 AS Мөлшерлеме

FROM Жүктеме.
WHERE (Жүктеме. Аты-жөні) = [Forms]![Кафедра жүктемесі]![Тізіммен өріс]));

Нұсқаулық (оператор) SELECT тіл ядросы болып табылады. Ол дерекқор кестесінен өрістерді таңдау үшін қолданылады. Аталған мысалда сұранысқа енгізілген «Жүктеме» кестесінің барлық өрістері тізімделген.

FROM сөйлемі нұсқаулықтың бөлігі болып табылады және сұраныс деректерінің (кесте немесе сұраныс) көзін анықтау үшін қызмет етеді. Бұл жағдайда ол «Жүктеме» кестесі.

WHERE сөйлемі сұранысты орындау кезінде деректерді таңдау шарттарын анықтайды. Аталған сөйлемде деректерді іріктеу шарты *Кафедра жүктемесінің Тізіммен өрісіне* енгізілген мағынасына тең, Аты-жөні өрісінің мағынасы болып табылатынын көрсетіледі.

Тұтастай алғанда, SELECT нұсқаулығының синтаксисі келесі жолмен сипатталуы мүмкін.

SELECT [ALL|] (Кестедегі немесе сұраныстағы өрістердің тізімі)
FROM (Сұраныстардың құрылуы негізделген кестелердің немесе сұраныстардың тізімі)
[WHERE (Деректерді таңдау талаптары)]
[GROUP BY (Сұранысты орындау нәтижесінің шығарылатын өрістерінің тізімі]
[HAVING (Сұраныстағы деректерді топтау шарттары]
[ORDER BY (Сұраныстағы деректердің шығарылуы реттелетін өрістер тізімі]

Жоғарыдағы құрылымда SELECT ALL нұсқаулығы - шешуші сөз, яғни жазбалардың нәтиже жиынына сұраныс талаптарын қанағаттандыратын кестенің немесе сұраныстың барлық жазбаларын қамтитынын білдіреді.

Шешуші сөздер сұранымда болмауы мүмкін.

Бақылау сұрақтары

1. *Кесте құрастырушы* қандай ақпарат блоктарынан тұрады және олар қандай тәртіпте толтырылуы керек?
2. Өріс атауы қанша таңбадан тұруы мүмкін?
3. Өріс атауы бос орындардан бастала ала ма?

1. Өріс атауын белгілегенде қандай белгілерге рұқсат етілмейді?
2. Мәтіндік деректер түрінің МЕМО-дан айырмашылығы қандай?
3. Сандық деректер түрі мен ақшалық түрінің арасындағы айырмашылық қандай?
4. OLE деректерін қандай жағдайда пайдалану керек?
5. *Гиперсілтеме* деректерінің түрін қай уақытта қолдану керек?
6. Қандай жағдайларда *Шешуші өріс* сипаты беріледі?
7. Шешуші өріс ДҚ кестесіндегі деректер мәндерінің қайталануы мүмкін бе?
8. Қандай жағдайларда өріске *Міндетті* сипаттамасы беріледі?
9. Қандай кестелер негізгі деп аталады, ал бағынышты деп қандайлары аталады?
10. «Деректердің тұтастығын қамтамасыз ету» терминінің мәні қандай?
11. ACCESS ДҚБЖ-де әзірленген сұраныстардың мақсаты мен түрлерін атаңыз.
12. Тұрақты сұраныстың параметрлік сұраныстан айырмашылығы қандай?
13. Қиылысқан сұраныстың мақсаты қандай?
14. Орындалатын әрекеттер бойынша сұраныстардың түрлерін атаңыз.
15. Мәтіндік өрістерде деректерді таңдау үшін жағдайларды енгізу ережелерін атаңыз.
16. Деректерді іріктеу шарттарымен, AND және OR байланысты қатынастармен арасындағы айырмашылық қандай?
17. Келесі функциялардың мақсаты қандай: Day; Month; Year; Date()?
18. Сұраныстарда есептелетін өріс қандай жағдайларда пайда болады?
19. Өрнек құрастырушыны пайдаланып сұраныста есептелетін өрісті жасағандағы әрекеттердің реті қандай?

7 тарау

ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫСТЫ АВТОМАТТАНДЫРУ

7.1. Нысандар арқылы деректерді енгізу және талдау

Біз 6 тарауда кез-келген дерекқордың негізі - кестелер мен сұратуларды жасап шығарудың негізгі әдістемелік тәсілдерін қарастырдық.

Алайда қазіргі заманғы қолданбалы бағдарламаларды немесе пайдаланушылық қосымшаларды жасау пайдаланушының достық интерфейсін жасап шығаруды, яғни пайдаланушы мен компьютер арасындағы сұхбатты ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін жасап шығаруды талап етеді.

Сұхбатты ұйымдастыру тәсілдерінің бірі нысандарды жасап шығару болып табылады.

Microsoft ACCESS жүйесі қосымшаны жасап шығарушыға төмендегі мақсатты сұхбаттық нысандарды жасаудың қуатты құралдарын ұсынады:

- деректерді кестеге енгізу үшін;
- ақпаратты өңдеу шарттарын сұраныстарға енгізу;
- пайдаланушы интерфейсін ұйымдастыру.

Деректерді кестеге енгізу нысандары оператордың қателесу ықтималдығына жол бермейтіндей, ақпаратты енгізу рәсімін ұйымдастыруға арналған. Бұдан басқа, мұндай нысандар кестедегі деректерді талдауға арналуы мүмкін.

Ақпаратты өңдеу шарттарын сұратуларға енгізу нысандарының мәні баламалы және бұдан басқа, SQL тілін қолданбай сұраныстарды құру мүмкіндігін береді.

Пайдаланушы интерфейсін ұйымдастыруға арналған нысандар жасап шығарылған қолданбалы бағдарламаны тиімді рәсімдеуге арналған. Бұл тағайындау нысандары, мысалы, бет басы нысандары, мәзір нысандары, пернелі нысандар және т.б.

Деректерді кестеге енгізу нысандарын жасап шығару технологиясы. Деректер енгізу нысандары кестемен жұмыс істеу кезінде пайдаланушының қолайлы және интуитивті түсінікті интерфейсі болып табылады.

Деректерді енгізу нысандары мыналарды қамтамасыз етеді:

- деректерді енгізу және қосу;
- кез-келген жазбаны қарау;
- деректерді түзету.

7.1 - суретте деректерді САПР ТП «ЛАЗЕР 2000»«Операцияларды жіктегіш» кестесіне енгізу нысаны көрсетілген..



7.1 - сурет. Деректерді САПР ТП «ЛАЗЕР 2000»«Операцияларды жіктегіш» кестесіне енгізу нысаны

Деректерді кестеге енгізу нысандары мына реттілікпен құрылады:

• *Дерекқор терезесінде Нысан* объектісін ерекшелеу (активтендіру);

• *Құру командасын таңдау;*

• ашылған *Жаңа нысан* сұхбат терезесінде нысан құрылатын кестені (тізімнен) таңдау керек;

• нысан құру тәсілін таңдау.

ACCESSжүйесі дерекқорды жасап шығарушыға нысандарды жобалаудың жеті тәсілін ұсынады (7.2-сур).

• Конструктор;
• Нысандар шебері;
• Автонысан: бағанмен;
• Автонысан: таспалы;
• Автонысан: кестелі;
• Диаграмма;
• Жиынтық кесте.

Біз деректер енгізу нысанын жасау үшін «Автонысан: бағанмен» нысандарды автоматты жобалау әдісін қолдануды ұсынамыз.

Осы нысандарды жасау тәсілін пайдаланушы интерфейсін жасау кезінде кеңінен тараған тәсіл деп есептеуге болады.



7.2 - сурет. *Нысандарды жасау тәсілін таңдау* терезесі

Нысандарды жасаудың осындай тәсілін таңдау кезінде кестенің барлық өрістері бір бағанда орналасады - әрбір өріс бір жолда болады.

Өрістің қолтаңбасы кестеде белгіленген атқа сәйкес келеді. Осы парақта (экранда) бір жазбаның деректерін енгізуге арналған өрістер орналасады. Осындай тәсілмен алынған нысанды *Құрастырушы* режимін ашып, толық өңдеуге болады. (*Нысандар Құрастырушысы* сондай-ақ нысандарды өздігінен жасау үшін қолданылады).

“Кестелі” нысаны кесте нысанына сәйкес келеді. Бір парақта монитор экранына сиятын жазба ұсынылған (7.3 - сур).

Әр жазба бір жолға орналасады.

“Диаграмма” нысанын кестедегі жазбаларды диаграммалар немесе графикалар түрінде қарау үшін жасап шығару ұсынылады.

1 ая	2 ая	3 ая	4 ая

7.3- сурет. Кестелі нысанның түрі

Мұндай нысандар фирманың экономикалық қызметінің нәтижелерінің талдауын немесе ғылыми эксперимент нәтижелерін өңдеу үшін қажет болатыны анық.

Пайдаланушыға осы режимде графиктер мен диаграммалардың әр түрі ұсынылады.

“Жиынтық кесте” нысанында бір уақытта екі байланысты кестеден ақпарат ұсынылуы мүмкін. Бір кесте басты, екіншісі - бағынышты болып есептеледі. Бағынышты кесте басты кестенің нысанына кіріктірілген.

7.4 - суретте *Нысандар Құрастырушысы терезесі көрсетілген. Нысандар Құрастырушысы келесі блоктардан тұрады*:

- нысанның тақырыпшасы,
- деректер саласы,
- нысанның ескертпесі.



Жазу

Өріс

Ауыстырып қосқыштар

тобы

Сөндіргіш

Қосқыш

Жалауша

Тізіммен өріс

Бағынышты нысан (есеп)

Қосымша беттер жинағы Беттің үзілуі

Объекттің қосылған жиегі Объекттің бос жиегі

Сурет Перне Тізім

7.4- сурет. *Нысандар* құрастырушысы *терезесі*

Осы блоктардың тағайындалуы олардың атауларымен айқындалады.

Әр команданың тағайындалуын атап өтейік.

Жазу.Бұл команда *Нысандар Құрастырушының* кез-келген блогында жазу (мәтін) енгізуге арналған. Мәтінді енгізу үшін:

• *Жазу* пернесіне басып (тінтуірдің сол жақ пернесі), тінтуірдің пернесін басылған күйінде ұстап меңзерді енгізілетін мәтіннің басына орналастыру керек;

• Тінтуірдің пернесін жіберіп, мәтінді енгізу керек. Мәтінді енгізу және оны рәсімдеу технологиясы толығымен Word редакторындағы мәтінмен жұмыс істеу технологиясына баламалы.

Ескертпе.Жазу мәтінін бірнеше жолға орналастыру үшін мәтіннің бірінші жолының соңында күймешені қайтару символын енгізу үшін [CTRL] + + [ENTER] пернелеріне басыңыз. Бұл жағдайда мәтінді енгізу шамасына қарай кейінгі жолдар автоматты түрде орын ауыстырады, ал жазуның ең жоғарғы ені мәтіннің бірінші жолының ұзындығымен айқындалады.

Перне.Бұл нысандармен жұмыс істеу кезінде басқару әрекеттерін құруға арналған командалар жинағын құрайтын басқару элементі.

Өріс, Тізімі бар өріс, Тізім пернелері деректерді енгізудің тиісті өрістерін құруға арналған. Деректерді сұратуларға енгізу нысандарын жобалау кезінде оларды пайдалану қажет болады.

Егер деректерді кестеге енгізу нысаны бір автоматты әдіспен жасап шығарылса, онда аялар автоматты түрде *Нысандар Құрастырушының* деректер саласына орналастырылады және пайдаланушыға осы командаларға жүгіну қажет болмайды. .

Деректерді кестеге енгізу нысандарын өздігінен конструкциялау кезінде өрістер өрісті кестенің өрістер тізімінен көшіру арқылы орналастырылады. Ол үшін *Құрастырушы* режимінде мәзірдің *Түрі* командасын активтендіріп, *Өрістер тізімі* командасын таңдап, пайда болған кестенің өрістері тізімінен өрістерді *Кестелер Құрастырушының* деректер саласына орналастыра отырып, ретімен көшіру керек (7.5 - сур). Өрістерді кқшіру және орналастыру реті болжалды деректер енгізу ретіне сәйкес келу керек.

Ауыстырып қосқыштар тобы, Сөндіргіш, Қосқыш, Жалауша пернелері деректердің логикалық типті өрістерге енгізілуін ұйымдастыруға арналған.

Сурет.Бұл команда суреттерді нысанға енгізуге арналған. Суреттерді енгізу технологиясы суреттерді Word құжатына енгізу технологиясына баламалы.

Объекттің бос жиегі. БұлOLE-объекттер типті кесте өрістерінің деректері көрсетілетін терезе.



7.5 - сурет. Нысанды өздігінен жобалау

Кестелерді автоматты түрде жасау кезінде нысандағы терезелер де автоматты жасалады.

Объекттің қосылған жиегі. Бұл басқа файлда немесе басқа ДҚ-да орналасқан OLE-объектті орналастыруға болатын терезе.

Беттің үзілуі. Егер деректер енгізу аялары бір бетке (дисплейдің экранына) сыймаса, осы команда қолданылады.

Қосымша беттер жинағы. Егер деректерді енгізу өрістері бір бетке (дисплей экранына) сыймаса, осы команда қолданылады. Қосымша беттер жинағын пайдалану кезінде өрістерді қандай да бір белгілері бойынша топтастыруды және әрбір топ үшін тиісті қосымша бетті жасауды ұсынамыз. Нысанды конструкциялау барысында аяларды қосымша бетте орналастыру технологиясы аяны тізімнен көшіруге негізделген.

7.6 суретте *Өтпелер* ашық қосымша бетімен, ал 7.7 суретте *Режимдер* ашық қосымша бетімен деректер енгізу нысаны көрсетілген.

Бағынышты нысан (есеп). Бұл команда құрамдас нысандарды жасап шығару кезінде қолданылады. Құрамдас нысандар, әдетте "біреуі көпшілікке" қатынастарымен байланысты кестелер үшін жасап шығарылады. Бұл жағдайда бір кесте басты, ал екіншісі - бағынышты болып табылады.



7.6 - сурет. *Өтпелер* ашық қосымша беті бар нысан



7.7 - сурет. *Режимдер* ашық қосалқы беті бар нысан

Осы сияқты деректерді енгізудің құрамдас нысандарын жобалау кезінде нысанның біреуін басты, екіншісін - бағынышты деп атаймыз. Құрамдас нысандарды жасап шығару сұлбасын келесі әрекеттер ретімен ұсынуға болады:

- деректерді бағынышты кестеге енгізу нысанын жасап шығару;
- *Бағынышты нысан* командасын (пернесін) пайдалана отырып, бағынышты нысанды енгізуге арналған саланы қарастыра отырып, басты кестеге деректер енгізу нысанын жасап шығару.

Төменде САПР «ЛАЗЕР 2000» технологиялық құрастыру үрдістерінің маршруттық карталарын автоматты жобалау үшін дерекқорды жасау кезінде ақпаратты енгізудің құрамдас нысандарын конструкциялау үлгілері келтірілген (*Құрастырушы* режимінде*).*

Басты нысан екі беттен тұрады (7.6, 7.7 - суретке қараңыз). Бірінші бетте деректерді басты кестеге енгізу өрістері, ал екінші бетте - деректерді бағышынты кестеге енгізу өрістері орналастырылған.

7.8, 7.9 - суретте деректерді сәйкесінше басты және бағынышты кестеге енгізу нысандарының конструкциялары келтірілген.

Деректерді суратуларға енгізу нысандарын жасап шығару технологиясы. Параметрлі сұраныстарды және оларға байланысты деректерді іріктеу шарттарын енгізу нысандарын жасау технологиясын қарастырамыз.



Беттің үзілуін белгілеу **Бағынышты нысан**

7.8- сурет. Құрамдас нысанның бірінші беті



7.9 - сур. Құрамдас нысанның екінші беті

Деректерді сұраныстарға енгізу үшін арнайы нысандарды жасап шығару қажеттігі келесі факторлармен шартталған:

• деректерді іріктеу шарттарын енгізу қателігіне жол бермеу немесе болдырмау;

• деректерді енгізу шарттарының жиі өзгермелі мәндері кесінде сұраныс жасау қажеттігі;

• клиент-сервер архитектурасы бойынша ұйымдастырылған желілік дерекқорларды жасап шығару.

Осындай нысандар мен сұраныстарды жасап шығару технологиясы толығымен 7.3 және 7.5 бөлімшелерінде баяндалған әдістерге сәйкес келеді. Ерекшелігі тек оларды жобалау тәртібінде. Деректерді іріктеу шарттарын енгізу нысандарымен сұраныстарды мына ретпен жобалау керек.

1. Деректерді енгізу шарттарын енгізбей сұранысты жасап шығару.
2. Деректерді іріктеу шарттарын енгізу нысанын жасап шығару.
3. *Құрастырушы режимінде сұранысты ашу.*
4. Тиісті ая үшін “Іріктеу шарты” жолының ұяшығына меңзерді орнату.
5. Нысанның тиісті аясының мәнімен деректерді іріктеу шарттарының байланысын орнататын тіркес құру.

Мысал ретінде оқытушылардың жүктемесін жасау және талдау үшін дерекқорды қарастырайық.

Дерекқормен жұмыс істеу барысында оқытушының тегінетәуелді “Жүктеме” кестесінен жазбаларды жиі таңдауға тура келеді. Осындай таңдау үшін тиісті сұраныс жасап шығарылды (7.10 - сур).

Аты-жөні аясының ұяшығына сұраныс жасау үшін “Іріктеу шарттары” жолында оқытушының аты-жөнін енгізу керек.

Тегін енгізу үшін тиісті нысан жасап шығарылған (7.11 - сур).

Осы нысанда оқытушылардың тегін енгізуге арналған тізіммен арнайы өріс көзделген.

Нысанды жасап шығарғаннан кейін Аты-жөні аясының “Іріктеу шарттары” жолында “Оқытушының жүктемесі” тиісті сұратуында келесі түрдегі тіркес құрылған:

[Forms] ! [Кафедра жүктемесі] ! [Тізімі бар аяО],

мұндағы Forms — ДҚ объектісін білдіретін өзекті сөз (бұл жағдайда - нысан);

Кафедра жүктемесі — дерекқор объектісінің (нысанының) аты;

Тізімі бар өріс — нысандағы аяның аты, оның мәні “Оқытушының жүктемесі” сұратуындағы Аты-жөні өрісі үшін деректерді іріктеу шарттары болып табылады;

Тіркестерді құрушы терезесін ашу пернесі



7.10 - сурет. *Аты-жөні* өрісінің мәні бойынша деректерді таңдауға



Аты-жөнін таңдауға арналған тізімі бар ая

7.11 - сурет. Оқытушының тегін енгізу өрісі бар нысан

Жақшалар [ ] және «!» белгісі — тіркестерді құру грамматикасының элементтері.

Тіркестерді *Тіркестерді құрушы* шеберін қолдана отырып құрған жөн (7.12 - сур). Ол үшін нысанды жасап шығарғаннан кейін:

- *Құрастырушы режимінде сұраныстыашу*;
- «Іріктеу шарттары» жолының ұяшығына меңзерді орнату;
- *Тіркестерді құрушыны* ашу;
- қажетті тіркесті құру керек.

Тіркестерді құрушы терезесін ашқаннан кейін келесі әрекеттерді орындау керек:

• тиісті белгі бойынша тінтуірмен басып, ДҚ объектісін таңдау керек (осы мысалда — «Forms»). Осыдан кейін осындай типті барлық объекттің тізімі ашылады;

• объекттің (нысанның) аты тізімінен таңдау керек. Элементтер терезесінде ДҚ объектісін таңдау нәтижесінде барлық элементтің тізімі шығады (өрістер, қолтаңбалар, пернелер және т.б.);

• ДҚ объектісінің элементін таңдау (Тізімі бар өріс).

Осы әрекеттер нәтижесінде нысан аясында енгізілетін мәндері бар сұраныстағы деректерді іріктеу шарттарын байланыстыратын тіркес қалыптасады.

Пайдаланушы интерфейсін ұйымдастыруға арналған нысанды жасап шығару технологиясы. Кез-келген қосымшаны жасап шығарудың қорытынды міндеті қолайлы пайдаланушы интерфейсін жасау болып табылады. Пайдаланушы интерфейсін жасап шығару “фильм” сценариін жасап шығару және оны дисплейдегі “экранды нысандардың” пайда болу реті түрінде іске асыру болып табылады. ACCESS жүйесі кіріктірілген бағдарламалық құралдармен, атап айтқанда VISUAL BASIC бағдарламалау тілімен жасап шығарушыға минималды шығынмен пайдаланушы интерфейсін құру мүмкіндігін береді. Бұл ACCESS ортасында пайдаланушы интерфейсінің нысандарын жасап шығару кезінде объектті-бағдарлы бағдарламалау әдісі іске асырылған. Осы әдістің мәні жасап шығарушының объект қасиеттерін сипаттайтынында, ал бағдарлама осы қасиеттерге сәйкес экранда сипатталған объекттерді қалыптастыратынында болып табылады.

Қолда бар құрал-саймандық құралдарға қарамастан пайдаланушы интерфейсін жасап шығару өнер болып табылатыны анық. Сондықтан пайдаланушы интерфейсін құру үшін коммерциялық жүйелерді жасап шығару кезінде дизайнерлердің қызметіне жүгіну керек. Қосымша сценариі - нысандар құрамы мен реті - жасап шығарушымен нақты міндетті шешу алгоритміне сәйкес айқындалады.



7.12 - сурет. *Тіркестерді құрушы* терезесі

Пайдаланушы интерфейсін жасап шығарудың кейбір тәсілдері мен әдістерін қарастырайық.

Пайдаланушы интерфейсінің нысандарын жасап шығару үшін деректерді кестелер мен сұраныстарға енгізу нысандарын жасау технологиясын сипаттау кезінде қарастырылған әдістер мен құралдар қолданылады. Деректерді кестелер мен сұраныстарға енгізу нысандары пайдаланушы интерфейсінің бір бөлігі болып табылатынын атап өткен жөн.

Бұл жағдайда нысандарды құрудың негізгі әдісі оларды *Құрастырушы режимінде жасап шығару болып табылады*. Дерекқормен жұмысты автоматтандыру мүмкіндігін беретін басқарушы элементтеді құру технологиясын қарастырайық.

Пайдаланушы интерфейсінің нысандарын құрудың кеңінен тараған түрі пернелі нысандарды құру болып табылады. Мұндай нысандардағы басқару объектілерінің бірі пернелер болып табылады. Пернеге "Басу" қандай да бір әрекеттерді орындауға әкелуі керек (мысалы, қандай да бір нысанды немесе сұранысты ашу, есепті басып шығару, қосымшадан шығу және т.б.).

Сонымен, пайдаланушы интерфейсін жүйемен жұмыс істеу кезіндегі әрекеттер алгоритміне сәйкес келетін экранды нысандарды реті деп қарастырамыз.

Экран нысандарының кестелерді, сұраныстарды, есептерді қоса алғанда дерекқордың барлық объекттерін басқару элементтері болу керектігі анық.

Дерекқормен жұмыс істеу кезінде орындалатын әрекеттер макростар мен бағдарламалық модульдер (бағдарламалар) түрінде бағдарламалануы мүмкін. Макростар дерекқордың элементтерімен жұмысты автоматтандыратын макрокомандалар жинағы болып табылады. Модульдер - бұл VISUAL BASIC тілінде жазылған бағдарламалар (8 тарауды қараңыз).

Жасап шығарылған деректерді кестеге енгізу нысаны пайдаланушыға келесі әрекеттерді орындау мүмкіндігін береді:

- деректерді енгізу және қосу;
- кез-келген жазбаны қарау;
- деректерді түзету.

Деректерді енгізу және қосу. Деректерді енгізудің технологиялық тәсілдерін 7.13 суретте ұсынылған нысан үлгісінде қарастырайық.

Ескертпе. Ақпаратты нысандар өрісіне енгізу технологиясы ақпаратты Word кестесіне енгізу технологиясына баламалы.

Осы нысан құрамдас болып табылады және деректерді екі байланысты кестеге енгізуге арналған: «Технологиялық операциялар түрі» және «Технологиялық операциялар типтері".

Кез-келген жазбаны қарау және деректерді түзету. Кестелермен жұмыс істеу барысында қандай да бір жазбаның мазмұнын қарау қажет болатын жағдай туындауы мүмкін, ал түзету енгізу қажет болғанда — қандай да өрістегі деректер мәнін өзгерту керек. Ол үшін:



7.13 - сур. Деректерді кестеге енгізу нысанының үлгісі

1. Кестені ашу.
2. Мәні бойынша іздеу салынатын жазба табылатын, өрістің терезесіне меңзерді орнату керек.

Ескертпе. Іздеу жасалатын өрістің атын тікелей *Іздеу және ауыстыру* сұхбат терезесінде енгізуге болады.

3. *Түзету* мәзірін *Табу* командасын таңдау немесе құрал-саймандар панелінде тиісті пернені белсендіру.
4. Ашылған *Іздеу және ауыстыру* сұхбат терезесінде қажетті жазбаның өрістерінің бір мәнін енгізу керек.
5. *Одан әрі табу* пернесіне басу керек.

Орындалған әрекеттер нәтижесінде деректерді енгізу нысанының терезесінде ізделетін жазбаның барлық өрістерінің мәні шығады.

7.14 суретте 9Е2.562.005 бұйымын құрастырудың технологиялық операцияларының сипаттамасын құрайтын, кестеде №25 операция үшін жазбаны іздеу мысалы көрсетілген. Нысанның деректер саласында кестені ашу кезінде №5 операцияның мазмұны көрсетілген.



7.14 - сур. ДҚ кестесінде жазбаларды іздеу *Параметрлерін таңдау* терезесі



7.15 – сурет. Жазбаны іздеу нәтижесінің шығару үлгісі

Табу командасын белсендіргеннен кейін құрал-саймандар панелінде *Іздеу және ауыстыру* сұхбат терезесі ашылды.

Сұхбат терезесінің *Үлгі-нұсқа* аясында 25-ке тең *№ оп өрісінін мәні енгізілді. Одан әрі табу пернесіне "басқаннан" кейін жүйе жазбаны іздеді және 25 операциясы үшін барлық өрісінің мәндерін шығарды* (7.15 - сур).

Деректерді түзету. *Іздеу және ауыстыру* сұхбат терезесінде аяның мәнін жаңасына өзгерту қажет болғанда *Ауыстыру* қосымша бетін ашып, *№ оп* өрісіндегі деректердің мәнін түзету немесе ауыстыру керек.

Сонымен, осы бөлімшеде біз ДҚ кестелерді жазбаларды іздеудің бір тәсілімен - бір өрістің мәні бойынша іздеу тәсілімен таныстық.

7.2. Деректерді өңдеу нәтижелерін есептер түрінде шығару

Есептер, әдетте, ақпаратты өңдеу нәтижелерін басып шығару үшін жасап шығарылады. Есептер нысандар сияқты кестелермен және сұратулармен байланысты болуы мүмкін. Бірінші жағдайда есепте бүкіл кестенің ақпараты орналастырылады, ал екіншісінде - тиісті сұраныс шарттарына сәйкес келетін жазбалар ғана орналастырылады.

Ақпаратты немесе сұраныс нәтижесін тікелей кестеден басып шығарумен салыстырғанда есептердің басымдылықтары мынадай:

• есептер деректерді жекелеген өрістер бойынша топтастыру мүмкіндігін береді, бұл ретте деректерді топтастырудың иерархиялық сипаты (10 деңгейге дейін) болуы мүмкін.

• есептер деректерді аралықты қоса алғанда санды өрістер бойынша, жазба топтары бойынша немесе бүкіл санды өріс бойынша қорытынды есептер бойынша есептей отырып шығару мүмкіндігін береді;

• есептер кесте түрінде рәсімделуі мүмкін, олардың құрылымы нақты кәсіпорында қабылданған (мысалы, тауарды қоймаға түсіру немесе қабылдау жүккұжаттары, автоматтандырылған жобалау жүйелеріндегі технологиялық үрдістердің маршрутты немесе операциялық карталары);

• есептерге нысандарға сияқты дерекқордың кесте аяларымен байланысқан және байланыспаған суреттерді, диаграммалар мен OLE басқа объекттерін қоюға болады;

• есептерге мәтіндік ескертпелерді қоюға болады;

• есептер фирманың қызметін жарнамалайтын тұсаукесерлер үшін пайдаланылуы мүмкін;

• есептерге обағынышты есептер енуі мүмкін.

Есепті басып шығарудан бұрын алдын ала экранда қарауға болады.

Есепті жасау бойынша жұмыстың басы нысанды жасау бойынша жұмыс технологиясына баламалы:

- дерекқорды ашу;
- дерекқор терезесінде *Есептер* объектісін ерекшелеп алу керек.

Содан кейін ДҚ объектілерінің терезесі *Есептер* ашылады (7.16 сур), ол жаңа есептер құру тәсілдерін және бұдан бұрын жасап шығарылған есептер тізбесін құрайды.

ACCESS 2000 жүйесінде жаңа есепті жасау үшін екі тәсіл ұсынылады:

- есепті *Құрастырушы режимінде жасау*;
- есепті шебер арқылы жасау.

Есепті *Құрастырушы режимінде жасау*. Есептерді жасаудың осы тәсілін шебер көмегімен есептерді жасау дағдыларын алғаннан кейін жүргізу ұсынылады.

Шебер көмегімен есеп жасау. Есептерді жасаудың осы тәсілі ретімен ашылатын сұхбат нысандарында сұрақтарға жауап берудің белгілі бір реті болып табылады.

Бірінші нысанда (7.17 - сур):

- негізінде есеп жасалатын, кестені немесе сұранысты таңдау;
- мәндері есепке шығарылатын аяларды таңдау;



7.16 – сурет. ДҚ есептетері терезесі



/ Таңдалған сағ. аясын “көшіру” пернесі.
Кестенің немесе сұраныстың барлық аясын “көшіру” пернесі \

7.17 - сур. Кестенің немесе сұраныстың *Аяларды таңдау* терезесі

• барлық әрекетті орындағаннан кейін *Одан әрі* пернесіне басу керек.

Келесі ашылған терезе (7.18 - сур), жекелеген аялар бойынша топтастыру деңгейлерін қосу керек. Ұсынылған мысалда есептегі деректерді топтастырудың екі деңгейі көзделген. Бірінші деңгейге сәйкес барлық деректер оқытушылардың тегі - *Аты-жөні* аясы бойынша топтастырылады. Топтастырудың екінші деңгейінде барлық жазбалар әрбір оқытушы үшін семестрлер бойынша (көктемгі және күзгі) - Семестр аясы бойынша топтастырылады.

Келесі сұхбат терезесінде (7.19 - сур):

• жазбаларды — «өсуі» немесе «кемуі» бойынша сұрыптау тәртібі;

• қорытынды есеп жасау қажет болатын санды аяларды таңдау керек.

Келтірілген мысалда деректерді сұрыптау үшін *Мәні* аясы таңдалған. Бұл оқытушы лекция оқитын, зертханалық жұмыстар жасайтын немесе курстық жұмыстардың орындалуын басқаратын барлық пәндердің атауы есепті рәсімдеу кезінде әрбір оқытушы үшін әрбір секторда алфавит тәртібінде - “өсуі” бойынша орналасады.

7.18 - сур. Ерекшеленген аялар бойынша *Топтастыру деңгейлерін анықтау* терез



7.19 – сурет. Сұрыптау деңгейлерін анықтау



7.20 - сур. Есеп жүргізуге арналған *Аяларды таңдау* терезесі

Қорытынды жасау аяларын таңдау үшін сұрыптау тәртібін орнатқаннан кейін *Қорытынды* пернесіне басу керек. Нәтижесінде жаңа сұхбат терезесі ашылады (7.20-сур.), онда қорытынды есептер көзделетін, санды аяларды ерекшелеу керек. Келтірілген суретте барлық санды аялар бойынша сағат санын есептеу көзделген.

Қорытынды терезесінің мына нұсқауына назар аударайық - қорытынды есептеулердің сипатын таңдау: “деректер мен қорытындылар” және “тек қорытындылар”.

Бірінші жағдайда есепке әрбір ая бойынша сағат саны көрсетілген барлық пәндер бойынша жазбалар және барлық ерекшеленген санды аялар бойынша есептеулер нәтижелері (сомалау) келтіріледі. Осындай ақпаратты шығару нысанын *деректер топтастырылған есептер және қорытынды жасау* деп атайды.

Екінші жағдайда әрбір оқытушы үшін пән атауы көрсетілмей әрбір семестр бойынша есептеулер нәтижелері ғана келтіріледі (әрбір ая бойынша семестрдегі сағаттың жалпы саны).

Барлық орындалған әрекеттен кейін деректерді есепте көрсететін макет түрлері ұсынылған терезе шығады (7.21-сур). Деректерді көрсету макетін таңдау аясында *Есептерді рәсімдеу стильдері* терезесі ашылады (7.22-сур.).



7.21-сурет. *Есепті рәсімдеу түрлерін таңдау* терезесі

7.22 – сурет. Есептерді безендіру стилі терезесі



7.23 - сурет. *Есеп жасау шебері* соңғы сұхбат терезесі



7.24 - сурет. Деректер топтастырылған және қорытынды шығарылған есеп



7.25 - сурет. Қорытынды есеп

Рәсімдеудің бір стилін таңдағаннан кейін есепті жасап шығару аяқталады. Есепке ат тағайындау ғана қалады. Бұл келесі - соңғы - *Есептерді жасау шебері* сұхбат терезесінде жүргізіледі (7.23 - сур).

Есептің екі түріне мысал келтірейік: деректер топтастырылған және қорытынды жасалған есеп (7.24 - сур.) және қорытынды есеп (7.25 - сур.).

7.3. Макростар көмегімен дерекқор объектілерін басқару

Макрос жиі қайталанатын әрекеттердің орындалуын автоматтандыру үшін қолданылатын MicrosoftAccess нұсқаулықтарының, макрокомандалардың реті болып табылады.

ACCESS-тегі макрокомандалар функционалды тағайындалуы бойынша келесі кластарға бөлінеді:

- кестелерді, сұраныстарды, нысандарды, есептерді ашу және жабу;
- деректерді басып шығару;
- сұранысты орындау;
- шарттардың дұрыстығын тексеру және макрокомандаларды басқару;
- мәндерді орнату;
- деректерді іздеу;

- пайдаланушы мәзірін құру және мәзір командаларын орындау;
- ақпараттың экранға шығарылуын басқару;
- пайдаланушыға орындалатын әрекеттер туралы хабарлау;
- объекттердің атауын өзгерту, көшірме жасау, жою, импорт және экспорт;
- Windows басқа қосымшаларын іске қосу.

7.1-кестеде макростарды құруға арналған макрокомандалар аталған.

7.1-кесте

Басқарушы макростарды құруға арналған макрокомандалар тізбесі

Макрокоманда	Тағайындалуы
Кестелерді, сұраныстарды, нысандарды, есептерді ашу және	
Жабу	Белсенді (белгіленген) терезені жабады
НысандыАшу	*Кесте, Құрастырушы* немесе *Нысан режимінде нысанды ашады*
МодулдіАшу	*Құрастырушы* режимінде модулді ашады
СұратудыАшу	*Кесте, Құрастырушы* режимінде сұранысты ашады
ЕсептіАшу	*Қарау режимінде есепті ашады*
КестелердіАшу	*Кесте, Құрастырушы режимінде кестені*
Деректерді басып шығару	
НысандыАшу	*Алдын ала қарау* режимінде нысанды ашады
ЕсептіАшу	*Қарау* режимінде есепті ашады
КестелердіАшу	*Кесте* режимінде кестені ашады
НысанғаШығару	XLS — Excel үшін немесе RTF — Word үшін
БасыпШығару	Деректерді (кестелерді, сұраныстарды немесе есепті) басып шығарады
Сұранысты орындау	
СұратудыАшу	Сұранысты іске қосады және таңдалған жазбаларды *Кестелер* режимінде шығарады
Шарттардың нақтылығын тексеру макрокомандалардың	
ОқиғаныңКүшінЖою	Оқиғаның күшін жояды (орындалатын әрекет)
МәзірКомандасы	Стандартты мәзір командасын орындайды. Меншік мәзірді құру үшін қолданылуы мүмкін
Шығу	Access барлық терезелерін жабады және одан шығады

Макрокоманда	Тағайындалуы
БағдарламаныІске Қ	РәсімдіAccess BASIC-те орындайды
МакростыІскеҚос	Басқа макросты іске қосады
БарлықМакростыТоқтату	Ағымдағыны қоса алғанда, барлық макростың жұмысын тоқтатады
МакростыТоқтату	Ағымдағы макростың жұмысын тоқтатады
	Мәндерді орнату
Жаңарту	Бұл команда белсенді объекттегі деректерді жаңарту үшін пайдаланылуы мүмкін (*Нысан немесе Кесте режимінде)*
ПернетақтаКомандалары	Басылған пернелердің ретін алмасу буферінде есте сақтайды
МәнінБелгілеу	Кез-келген басқару элементінің мәндерін жаңартады немесе өзгертеді
СүзгіҚолдану	Есептердегі немесе нысандардағы шығарылатын ақпаратты шектейді
КелесіЖазба	Ағымдағыдан кейінгі жазбаны іздейді
ЖазбаныТабу	Белгіленетін іздеу шартын қанағаттандыратын жазбаны іздейді
Жазбаға	Нөмірі көрсетілген, сонымен қатар бірінші, соңғы, келесі, бұдан бұрынғы жазбаны ағымдағы етеді

Пайдаланушы мәзірін құру және мәзір командаларын орындау

МәзірдіҚосу	Ашылатын мәзірді жасайды
МәзірКомандасы	Access стандартты мәзірінен бір әрекетті орындайды
	Экранға шығарылуын басқару
ЭкранғаШығару	Макростың жұмыс істеуі кезінде орындалатын, аралық әрекеттер туралы ақпаратты экранға шығарады
Бетке	Нысандағы немесе есептегі белгіленген бетке өтеді
Құмсағат	Меңзердің (нұсқаудың) пішінін макростың жұмыс істеу уақытына ауыстырады (мысалы, шағын кестеден таңдауға сұраныс жасау кезінде)
Ашу	Белсенді терезенің көлемін толық көлемге дейін арттырады

Макрокоманда	Тағайындалуы
Бүктеу	Белсенді терезені белгіге бүктейді
ЖылжытуКөлем	Белсенді терезенің көлемін жылжытады
ҚалпынаКелтіру	Объекттің бұрынғы көлемін қалпына
Объектті ерекшелеу	Белгіленген объекттің терезесін ерекшелейді
Жаңарту	Сұранысқа байланысты басқару элементтерінің деректерін жаңартады. Команда кестедегі немесе нысандарғы деректерді жаңартады
ХабарламаныОрнату	Жүйелік хабарламаларды немесе ескертулерді тағайындайды (күшін жояды). Қателік туралы хабарламалардың экранға шығарылуын тоқтатпайды
БарлықЖазбаныКөрсету	Бұдан бұрын орнатылған сүзгілерді елемей, кестенің барлық жазбасын көрсетеді
Құрал-саймандарПанелі	Стандартты немесе пайдаланушы құрал-саймандардың кез-келген панелін шығарады (алып тастайды)
	Пайдаланушыға хабарламалар
Сигнал	Дыбыстық сигнал береді
Хабарлама	Ескерту немесе ақпараттық хабарлама шығарады
	Объекттермен жұмыс істеу
ОбъекттіңКөшірмесінЖасау	Access басқа дерекқорына ағымдағы дерекқордың кез-келген объектісінің (жаңа немесе ескі атымен) көшірмесін жасайды
ОбъектіЖою	Объектті (кестені, сұратуды, нысанды, есепті, макросты, модулді) жояды
ФорматтаШығару	Объектті Windows қосымшаларының форматтарында шығарады
АтынӨзгерту	Ағымдағы ДҚ-да объекттің атын өзгертеді
ОбъектіЖіберу	Объекттің мазмұнын файлға шығарады және оны электронды поштаға — белгіленген адресатқа жібереді
ДерекқордыТүрлендіру	Басқа ДҚ-дағы объекттерді экспорттайды немесе импорттайды (dBASE, Paradox, FoxPro)
МәтіндіТүрлендіру	Деректерді экспорттау немесе импорттау кезінде қолданылады. Ақпаратты мәтіндік файлдарға жібереді немесе мәтіндік файлдардағы деректерді түрлендіреді
ЭлектрондыКестені Түрлендіру	Электронды кестелер үшін баламалы



7.26-сурет. Пернелі нысанның үлгісі



7.27-сурет. Перне қасиеттерін белгілеудің (өзгертудің) мәнмәтіндік мәзірі

Макросты орындау пернеге басумен байланысты пайдаланушы интерфейсінің нысанын жасап шығару кезінде екі тәсілді қолдануға болады:

• макросты жасау және оны нысанның тиісті пернесімен байланыстыру;

• нысанда перне жасау және оның қасиеттерін сипаттау кезінде тиісті макросты жасап шығару.

Кез-келген жағдайда алдын ала пернелі нысанды жасау керек. 7.26 суретте технологиялық үрдістерді автоматты жобалау жүйесінің пернелі нысаны көрсетілген.

Кез-келген пернеге басу кезінде тиісті сұхбат нысаны ашылу керек. Осы мысалда басқарушы макростарды жасау әрекеттерінің ретін қарастырайық. Сонымен, *Дерекқорды жасау* пернесі басқан кезде «Дерекқорды жасау» деп аталатын келесі сұхбат нысанын ашатын макрос орындалу керек.

Ол үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

• *Құрастырушы* режимінде пернелі нысанды ашу керек;

• Макросты байланыстыру қажет болатын пернені ерекшелеу керек (қарастырылып жатқан мысалда бұл *Дерекқорды жасау пернесі);*



Бар макростарды таңдау пернесі

Макростарды, тіркестер мен бағдарламаларды құратын перне

7.28-сурет. Перне қасиеттерін белгілеудің (өзгертудің) мәнмәтіндік мәзірі

Ашылатын нысанның аты

• мәнмәтіндік мәзірді белсендіру (тінтуірдің оң жақ пернесі);

• ашылған мәнмәтіндік мәзірден *Қасиеттер* командасын таңдау (7.27 - сур);

• перне қасиеттерінің сипаттамасымен ашылған терезеде (7.28 - сур.) *Пернеге басу* немесе *Пернеге екі рет басу* қасиетін таңдау керек;

• осы мысалда *Пернеге басу* қасиетін таңдап, макростарды құрушы перне бойынша басу керек. Нәтижесінде макростың қасиеттерін сипаттау керек болатын терезе ашылады (7.29-сур.).

Дерекқормен кез-келген әрекетті орындауға арналған перне баламалы тәсілмен жасалады.

Қасиеттерді сипаттау терезесі ACCESS ортасындағы объектті-бағдарлы бағдарламалау негізі болып табылады. 7.30-суретте *Дерекқорды жасау* пернесіне басу кезінде ашылатын нысан ұсынылған. Осы нысанда пернелерді рәсімдеудің басқа үлгілері келтірілген.

Орындалған әрекеттер нәтижесінде перне үшін макрос жасалған және пернеге басу кезінде макрос командасы (немесе командалары) орындалады.

Макрокоманданы таңдау аясы



7.29-сурет. *Макростарды құрушы* терезесі



7.30- сур. Пернелі нысанның үлгісі

7.31- сур. Басқару пернелерімен деректерді енгізу нысанының үлгісі



7.32-сур.МК басып шығару пернесіне арналған макростың мазмұны

Бұл міндетті басқа реттілікпен де шешуге болады:

- пернелі нысанды жасап шығару;
- *Макростар Құрастырушысын* пайдалана отырып, әрбір перне үшін макростыжасап шығару.Бұл ретте әрбір макросқа ат тағайындау керек;
- *Құрастырушы режимінде нысанды ашу*;
- перне үшін *Қасиеттерін* терезесін ашу;
- тиісті жолда тізімнен макростың қажетті атын таңдау керек.

7.31 - суретте басқару пернелерімен ДҚ кестесінен ақпаратты енгізу нысанының үлгісі, ал 7.32-суретте - *МК басып шығару* пернесіне басқан кезде орындалатын макрокомандалардың ретінен тұратын макрос көрсетілген (бұйымды дайындаудың технологиялық үрдісінің маршрутты картаның мазмұнын басып шығару).

7.4. Пайдаланушы мәзірін жасап шығару

Ақпараттық жүйе пайдаланушының жұмыс істеуі үшін қолайлы болу үшін, тиімді деректер моделін (кестелер мен сұраныстардың құрамы мен өзара әрекеттесуі) жасаудан басқа қолайлы “достық” пайдаланушы интерфейсін жасап шығару керек.

Пайдаланушы интерфейсін жасап шығару құрал-саймандар панелін дәлдеумен, пайдаланушы мәзірін жасаумен, сұхбат нысандарын жасап шығарумен байланысты.

Құрал-саймандар панелін дәлдеу. Құрал-саймандар панелін, мәзір жолдарын және мәнмәтіндік мәзірді жасау және дәлдеу үшін, сонымен қатар түрі мен жұмысына әсер ететін қасиеттерді орнату үшін *Дәлдеу* сұхбат терезесі пайдаланылады. Оны ашу үшін *Түрі* мәзірінде *Құрал-саймандар панелі* және *Дәлдеу* қосалқы командасын таңдау керек.

Ашық дерекқорға арналған арнайы құрал-саймандар панелін келесі реттілікпен жасаңыз.

1. *Түрі мәзірінде Құрал-саймандар панелі командасын, содан кейін Дәлдеу қосалқы командасын таңдаңыз;*
2. *Құрал-саймандар панелі* қосымша бетінде *Жасау* пернесіне басыңыз.
3. *Құрал-саймандар панелі* аясында қажетті атты енгізіп, *ОК* пернесіне басыңыз.
4. *Құрал-саймандар панелі* қосымша бетінде *Қасиеттер* пернесіне басыңыз.
5. Қажетті қасиеттерін орнатып, *Жабу* пернесіне басыңыз.

Дәлдеу сұхбат терезесінен кейін жаңа құрал-саймандар панелі шығады.

Құрал-саймандар панелін жасауды аяқтау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. *Дәлдеу* сұхбат терезесінен пернелерді қосыңыз.
2. Басқа құрал-саймандар панелінен перненің орнын ауыстырыңыз немесе көшірмесін жасаңыз.

Ескертпе: 1. Құрал-саймандар панеліне пайдаланушы мәзірін қосуға болады. 2. Бар макростарды іске қосатын пернелері бар құрал-саймандар панелі автоматты жасалады. Арнайы құрал-саймандар панелін нысанға немесе есепке қосуға болады.

Пайдаланушы мәзірін жасау. Арнайы мәнмәтіндік мәзірді келесі реттілікпен жасаңыз.

1. *Түрі мәзірінде Құрал-саймандар панелі командасын және Дәлдеу қосалқы командасын таңдаңыз*.
2. *Құрал-саймандар панелі* қосымша бетінде *Жасау* пернесіне басыңыз.
3. *Құрал-саймандар панелі* аясында қажетті атты енгізіп, *ОК* пернесіне басыңыз.
4. *Құрал-саймандар панелі* қосымша бетінде *Қасиеттер* пернесіне басыңыз.
5. “Тип” тізімі бар аясында “Мәнмәтіндік мәзір” тармағын таңдаңыз.
6. *Дәлдеу* жалаушасын орнатыңыз немесе алып тастаңыз және *Жабу* пернесіне басыңыз.

Мәнмәтіндік мәзір құрал-саймандар панеліне қосылады.

а

б

7.33-сур. Төменде шығатын мәзірі бар бет басы - нысанының үлгісі:
а — мәзір жабық; б — мәзір ашық

Сұхбат нысандарын жасап шығару. Пайдаланушы интерфейсі сұхбат нысандарының реттілігі болып табылатынын анық. Сәйкесінше, сұхбат нысандарын құрудан бұрын пайдаланушы интерфейсінің "сценарийін" жасау жұмысы болу керек.

Алдымен жасап шығарылған жүйенің негізгі тағайындалуын көрсету қажет болатын, бет басы *нысандары* жасалу керек. Осы нысандарда пайдаланушы мәзірін де ұйымдастыруға болады. Олар төменде шығатын немесе пернелі мәзір болуы мүмкін.

Төменде шығатын мәзірі бар бет басы — нысанның үлгісі (7.33-сур).

Төменде шығатын мәзірді макростардың белгілі бір реттілі түрінде жасауға болады.

7.34-суретте Access жүйесінің дәстүрлі мәзірін алмастырған "Жаңа мәзір" макросы көрсетілген. Осы жаңа мәзір мына тармақтардан тұрады: "Дерекқорды жүргізу", «Өңдеу маршруты», «Операциялық технология», «Материалдар қажеттілігі» және «Жүйе туралы».

"Жаңа мәзір" тармағының әрбіреуі үшін келесі деңгейлі қосалқы мәзірдің құрамын орнататын келесі макрос жасап шығарылады.

7.35-суретте "Дерекқорды жүргізу" тармағы үшін қосалқы мәзір құрамын белгілейтін, "Мәзір_Дерекқорды толтыру" макросы көрсетілген. Бұл макрос әрбіреуі тиісті макросты іске қосатын үш макрокомандадан тұрады.



7.34-сур.Жаңа мәзірді құру макросының мәтінің үлгісі



7.35-сур. Мәнмәтіндік мәзірді жасайтын макрос мәтінінің үлгісі



7.36-сур. Пернелі мәзір нысанының үлгісі



7.37-сур. Фотосуреті бар пернелі мәзір нысанының үлгісі

Әрбір орындалуға іске қосылатын макростың тағайындалуы тиісті деректер енгізу нысанының ашылуында. Осы тәсілмен көп деңгейлі мәзірді жобалауға болады.

Пайдаланушы үшін мәзір жасаудың осындай тәсілінен басқа командалық пернелер түріндегі мәзірді қалыптастыру тәсілі барынша таралған, оларға баса отырып, пайдаланушы интерфейс сценарийі бойынша одан арғы жолды таңдайды.

7.36-суретте пернелі мәзір нысанының үлгісі көрсетілген.

Келтірілген үлгіден көрінетіндей, нысанның аясында нысанды безендіре алатын суреттер қоюға болады.

7.37-суретте фотосуреті бар пернелі мәзір нысанының үлгісі көрсетілген.

«Нысанмен жұмыс істеу жағымды болатындай жасау керек», - деген ниет білдіруге болады.

Бақылау сұрақтары

1. Ақпаратпен жұмыс істеудің қандай рәсімдері деректерді кестеге енгізу нысандарын қамтамасыз етеді?
2. Нысан түрлерін және оларды ACCESS жүйесінде конструкциялау тәсілдерін атаңыз.
3. *Нысандар құрастырушы* қандай блоктан тұрады?

4. Нысандар құрастырушының элемент панельдері қандай басқару командаларын (пернелерін) құрайды және олардың тағайындалуы қандай?

5. “Көпшілікке біреу” қатынасымен байланысты, деректерді кестеге енгізудің құрамдас нысандарын қандай реттілікпен жасап шығару керек?

6. “Пайдаланушы интерфейсі” ұғымы нені білдіреді?

7. Объектті-бағдарлап бағдарламалау әдісінің негізі не?

8. Пернелі нысан дегеніміз не? Пернелі нысандар қандай мақсатта жасап шығарылады?

9. Макрос және модуль дегеніміз не және дерекқорды басқарудың қандай міндеттері үшін жасап шығарылады?

10. Деректерді іріктеу шарттарын енгізу нысандарын сұранысты жобалау реттілігі қандай?

11. *Құрастырушы арқылы тіркес құру кезіндегі әрекеттер реті қандай?*

12. Төмендегі жазбадағы «Forms», «Кафедраның жүктемесі», «Тізімі бар ая0» сөздері нені білдіреді:

[Forms]! [Кафедраның жүктемесі]! [Тізімі бар ая]?

13. Деректерді енгізу нысанында жазбаларды қарау үшін қандай пернелер бар?

14. Құрамдас нысандарды қолдана отырып, байланысты кестелерге деректер енгізу реттілігі қандай?

15. Деректерді енгізу нысанында бірінші немесе соңғы жазбаны қарау үшін қандай әрекеттер ретін орындау керек?

16. Жаңа жазба енгізу үшін қандай әрекеттер ретін орындау керек?

17. Деректер енгізу нысанында кез-келген жазбаны қарау үшін қандай әрекеттер ретін орындау керек?

18. Кез-келген жазба аясында деректерді редакциялау және одан әрі енгізу үшін қандай әрекеттер ретін орындау керек?

19. Дерекқордағы есептер не үшін (қандай мақсатта) жасап шығарылады?

20. Microsoft Access-те қандай есеп жасау тәсілдері бар?

21. Деректер топтастырылған есеп қандай мақсатта жасап шығарылады және не болып табылады?

22. Қорытынды есеп қандай мақсатта жасап шығарылады және не болып табылады?

8 тарау

VISUAL BASIC FOR APPLICATIONS ОРТАСЫНДА БАСҚАРУШЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖАСАУ

8.1. Visual Basic for Applications жалпы сипаттамалары

Visual Basic for Applications (VBA) бағдарламалау тілі Microsoft Office құралдарын жасап шығару ортасы ретінде пайдалана отырып, нақты пайдаланушының әрекеттерін автоматтандырудан бастап және толық ауқымды қосымшаларды жасап шығарумен аяқтай отырып, бағдарламалаудың кез-келген міндеттерін шешу мүмкіндігін беретін яMicrosoft Office барлық қосымшалары үшін ортақ құрал-сайман болып табылады.

Visual Basic for Applications бағдарламалаудың объектті-бағдарлы тілі болып табылатындықтан, осы қосалқы бөлімшеде Access-те пайдаланылуы мүмкін объектті модельдер сипатталған.

Access қосымшаларында негізгі жұмыс— бұл деректермен жұмыс, сондықтан біз кейбір деректерді басқару кітапханаларына сипаттама береміз:

- DAO (Data Access Objects);
- ADO (ActiveX Data Objects);
- JRO (JET AND REPLICATION OBJECTS).

Visual Basic forApplications тілінің келесі компоненттерін қарастырайық:

- рәсімдер мен қызметтер;
- ауыспалылар, константалар және деректер түрі;
- ауыспалылар мен рәсімдердің әрекет ету саласы;
- басқарушы конструкциялар - тармақталуы және циклдер;
- циклдер мен рәсімдерден шығу;
- модульдер.

8.2. Рәсімдер мен қызметтер

VBA-дағы бағдарламаның негізгі компоненттері Sub және EndSub операторлары немесе Function және EndFunction операторлары арасында жасалған бағдарламалық кодтың фрагменттері болып табылатын, рәсімдер мен қызметтер болып табылады, мысалы:

Sub<Рәсімнің аты> (<аргумент 1>, <аргумент 2>, ...) <оператор 1>
<оператор 2>
EndSub

немесе

Function<Қызметтің аты> (<аргумент 1>, <аргумент 2>, ...)
<оператор 1>
<оператор 2>

<Қызметтің аты> = <қайтарылатынМән>
EndFunction

Қызметтің рәсімнен ерекшелігі, оның атауы да ауыспалы болып табылады және мәнді қызметті шақыру нүктесіне қайтару үшін пайдаланылады.

Жазылған рәсімді немесе қызметті орындау үшін оны шақыру керек. Аргументтер тізімі бос болмайтын рәсімді тек басқа рәсімнен немесе қызметтен шақыруға болады. Бұл ретте агрументтердің іс-жүзіндегі мәндерінің тізімі бар атын VBA операторларының бірі ретінде белгілеу керек. Қызметті жекелеген VBA операторы көмегімен ғана емес, сондай-ақ агрументтердің іс-жүзіндегі мәндерінің тізімі бар атын тікелей формулаға немесе VBA негізіндегі бағдарламадағы тіркеске орналастырып, мысалы, Access-тің есептелетін сұраныс, нысандар мен есептердің өрістегіндегі формулаға орналастыра отырып шақыруға болады. Аргументтер тізімі бос рәсім (командалық макрос) басқа рәсім немесе қызметтен емес, сондай-ақ жылдам шақыру пернелерінің комбинациясының көмегімен, ашылатын мәзір командалары немесе құрал-саймандар панелінің пернелері көмегімен шақырылуы мүмкін. Сондай-ақ осы рәсімді әртүрлі оқиғаның орындалуымен байланыстыруға болады (мысалы, нысанды немесе есепті ашумен, нысандағы перне бойынша тінтуір шертпесімен, нысандарды басқару элементтеріне әсерімен, атап айтқанда, ActiveX басқару элементтеріне). Мұндай рәсімдер оқиғаларды өңдеу рәсімдері деп аталады. Аргументтердің берілуін талап ететін қызметтер немесе рәсімдерді мұндай тәсілмен шақыру мүмкін емес.

Егер шақырылатын рәсімнің аты бірегей болса және шақыратын рәсім орналасқан модульде орналасса, онда оны шақыру үшін атын көрсету , содан кейін жақшаға алмай аргументтердің іс-жүзіндегі мәндер тізімін белгілеу жеткілікті. Рәсімді шақырудың басқа тәсілі Call операторын пайдалануда. Алдымен Call операторы, содан кейін рәсімнің аты, содан кейін параметрлер тізімі жүреді, бұл жағдайда міндетті түрде жақшаға алу керек.

Қызметті рәсім сияқты шақыру болады, алайда жиі қызметті шақырудың басқа, ерекше тәсілі пайдаланылады - жақшаға алынған, тағайындау операторының оң жағындағы параметрлер тізімі бар аты пайдаланылады.

Екі аргументті (константа және тіркесті) бере отырып, CrossRC атты рәсімді шақыру үлгілері:

```
CrossRC 7, i + 2
```

немесе

```
Call CrossRC (7, i + 2)
```

Ал мында екі қызметті (Left және Mid) шақыру және олардан тіркес ретінде қайтарылатын мәнді пайдалану үлгісі:

```
yStr = Left (y, 1) &Mid (y, 2, 1)
```

Рәсімге немесе қызметке ауыспалыларды берудің екі түрлі тәсіліне рұқсат етіледі: сілтеме бойынша және мәні бойынша. Егер ауыспалы *сілтеме* бойынша берілсе, рәсімге немесе қызметке осы ауыспалының жадында мекен-жай беріледі. Шақырылатын рәсім нақты параметрдің мәнін өзгертуі мүмкін. Егер нақты параметр *мәні* бойынша берілсе, онда шақырылатын рәсім немесе қызмет осы параметр ретінде пайдаланылатын ауыспалының өзін емес, нақты параметрдің мәнін ғана алады. Нақты параметрдің алынған мәнінің барлық өзгерістері (егер шақырылатын рәсіммен орындалса) нақты параметрдің ауыспалысының мәніне әсер етпейді.

Параметрлерді рәсімге немесе қызметке беру тәсілі оның аргументтерін (формальды параметрлерін) сипаттау кезінде көрсетіледі. Аргументтің атына дейін жіберу тәсілін айқын сипаттаушы болуы мүмкін (ByRef сілтеме бойынша жібереді, ал ByVal — мәні бойынша жібереді). Егер параметрді жіберу тәсілі айқын көрсетілмесе, онда өздігінен сілтеме бойынша жіберу деп түсінуге болады.

Мысалмен түсіндірейік. Мына екі рәсімнің сипаттамасы болсын — Main және Examplel.

```
Sub Main ()
a = 10 b =
20 c = 30
Call Example1 (a, b, c,)
Call MsgBox (a)
Call MsgBox (b)
Call MsgBox (c)
End Sub
Sub Example1 (x, ByVal, ByRef) x
= x + 1 y = y + 1 z = z + 1 Call
MsgBox (x)
Call MsgBox (y)
Call MsgBox (z)
End Sub
```

Examplel қосалқы рәсімі формальды аргументтер ретінде әртүрлі сипатталған ауыспалыларды пайдаланады. Одан әрі осы рәсімнің барысында әрбіреуі бір бірлікке артады, содан кейін олардың мәндері MsgBox қызметі арқылы экранға шығарылады.

Main негізгі рәсімі a, b, c аыспалыларының мәндерін орнатады, содан кейін оларды нақты аргументтер ретінде Examplel рәсіміне жібереді. Бұл ретте бірінші аргумент сілтеме бойынша (өздігінен әрекет етеді), екіншісі - мәні бойынша, үшіншісі - сілтеме бойынша жіберіледі.

Examplel рәсімінен қайтқаннан кейін негізгі рәсім де экранға аргумент ретінде жіберілген үш ауыспалының мәнін шығарады.

Барлығы экранға алты мән шығарылады: алдымен 11, 21 және 31 сандары (барлық алынған мәндер 1-ге арттырылған және Example1 рәсімімен шығарылады); содан кейін 11, 20 және 31 сандары (бұл мәндер Main рәсімімен шығарылады, сілтеме бойынша жіберілген ауыспалылар артты, ал мәні бойынша жіберілген ауыспалы - артқан жоқ).

Бағдарлама бір немесе бірнеше модульде орналасуы мүмкін көптеген рәсім мен қызметтен тұрады (әдетте тұрады). Модульдер жобаларға топтастырылады; бұл ретте бір жобада жалпы модульдерді немесе рәсімдерді пайдаланатын бірнеше әртүрлі бағдарлама орналасуы мүмкін.

Бір модульде орналасқан әрбір рәсімнің аты бірегей болу керек; бұл ретте жобада бірнеше әртүрлі модуль болуы мүмкін. Әдетте бір жобада рәсімдердің тек бірегей аттарын пайдалану ұсынылады, бірақ ерекшеліктер де бар. Егер жобада аты бір бірнеше әртүрлі рәсім болса, онда атын нақтылау үшін рәсімді шақыру кезінде мына синтаксисті пайдаланған жөн:

< МодульдіңАты>.<РәсімніңАты>

Егер бұл ретте модульдің аты бірнеше сөзден тұрса, онда осы атты шаршы жақшаларға алу керек. Мысалы, егер модуль “Графикалық рәсімдер” деп, ал рәсім - “Крестик” деп аталса, онда шақыру төмендегідей болуы мүмкін:

[Графикалық рәсімдер].Крестик

Сондай-ақ басқа жобаларда орналасқан рәсімдерді де пайдалануға болады. Бұл ретте атты нақтылаудың тағы бір деңгейі қажет болуы мүмкін

< ЖобаныңАты>.<МодульдіңАты>.<РәсімніңАты>

8.3. Ауыспалылар, константалар және деректер түрі

Бағдарламалаудың басқа тілдеріндегідей, VBA-да ауыспалы мәндерді сақтау үшін, параметрлерді жіберу және есептеулерді жүргізу үшін ауыспалылар пайдаланылады. VBA-да ауыспалыларды сипаттау және пайдаланудың негізгі ерекшеліктеріне қысқаша тоқталайық:

Әдетте, ауыспалыны пайдаланудан бұрын, ол жарияланады, яғни алдымен ауыспалылардың қандай аттары бағдарламада пайдаланылатыны көрсетіледі; бұл ретте сақтау үшін осы ауыспалы пайдаланылатын деректердің түрлері жарияланады.

VBA-да, Basic-тің дағдылы тілінде сияқты төмендегі синтаксиспен Dim операторы пайдаланылады:

Dim <АуыспалыныңАты>[As <ДеректерТүрі>]

VBA-да ауыспалыларды атаудың келесі ережелері әрекет етеді:

- аты 255 символдан ұзын болмайды;
- аты артынан әріптер, цифрлар немесе астынан сызу символдары жүруі мүмкін әріптен басталу керек;
- атын жазған кезде бос орындар, тыныс белгілері немесе арнайы символдар болмау керек;
- ауыспалының атының соңында деректер түрін көрсететін, алты арнайы символдың біреуі қосылуы мүмкін: !, #, $, %, &, @. Бұл символдар ауыспалы атының бір бөлігі болып табылмайды. Егер бағдарламада бір уақытта string1$ және stringl аттары пайдаланылса, онда олар бір жол ауыспалысына сілтейді;
- деректер түрін анықтау символы әртүрлі ауыспалының бір атын пайдалануға немесе деректердің түрі бір уақытта сипаттауға және осы деректер түріне сәйкес келмейтін арнайы символды пайдалануға болмайды;
- ауыспалылардың аты ретінде VBA өзекті сөздерін және стандартты объект аттарын пайдалануға болмайды. Сондықтан ауыспалылардың атын бас әріптен емес, кіші әріптен бастау ұсынылады;
- VBA-да өзекті сөздерді және стандартты объекттердің атын енгізу кезінде бірінші әрібі автоматты бас әріпке айналады;
- ауыспалыларды белгілеу кезінде олардың атында латын алфавитін ғана емес, сондай-ақ кириллицаны пайдалануға болады.

Көптеген бағдарламалау тілдерін, мысалы Pascal-да ауыспалылар міндетті түрде хабарландырылу керек және осы хабарландырулар ауыспалылардың жадын резервтеу кезінде компилятормен пайдаланылады. Сол уақытта VBA-да - әдетті Basic тілінде хабарландырылмаған ауыспалыларды пайдалануға болады.

Бағдарламалау тілдеріндегі қиын байқалатын, сипатталмаған ауыспалылардың қолданылуына рұқсат ететін қателіктердің ең қауіпті көздерінің бірі ауыспалы аттарын жазу барысындағы жаңылысу болып табылады. Мұндай жаңылыстар транслятормен бұдан бұрын пайдаланылғаннан ерекше, тағы бір жаңа ауыспалының пайда болуы ретінде түсіндірілді және қате деп қабылданбайды.

VBA-да “соломон шешімі” қабылданған - осы проблеманы шешу бағдарламашының өзіне ұсынылған. Ол үшін Option Explicit операторы бар. Модульдің сипаттамасы осы оператордан басталу керек. Бұл жағдайда VBA осы модульде ауыспалылардың міндетті хабарландырылуын талап етеді және жарияланбаған ауыспалы кездескен сайын қателік туралы хабарламаны генерациялайды.

8.1-кестеде пайдаланылатын VBA деректер түрінің тізбесі келтірілген.

Ауыспалыларды сипаттау кезінде деректер түрі пайдаланылмайды. Мұндай жағдайда ауыспалы түрі ауыспалы атының соңғы символымен анықталуы мүмкін: @, #, %, &, !, $ (сәйкесінше Currency, Double, Integer, Long, Single немесе String). Мысалы, «$» символы жол деректерінің түрін анықтау символы болып табылса, онда text$ атты

8.1-кесте

VBA деректер түрі

Деректер түрі	Сипаттамасы
ARRAY	Ауыспалылар массиві. Массивтің нақты элементіне сілтеу үшін индекс пайдаланылады. Қажетті жад массив көлеміне тәуелді.
BOOLEAN	Екі логикалық мәннің бірін қабылдайды: True(Шындық) немесе *False*(Жалған) . Қажетті жад — 2 байт
BYTE	Таңбасыз сан — 0 бастап 255 дейін. Қажетті жад — 1 байт
CURRENCY	Жуықтау қателіктеріне жол бермеу қажет болғанда, үтірден кейінгі бекітілген ондық таңба санымен ақша есебін жүргізу үшін пайдаланылады. Ықтимал мәндер диапазоны: -922 337 203 685 477,5808 бастап 92 2 3 3 7 203 685 477,5807 дейін. Қажетті жад — 8 байт. Өздігінен түрін анықтау үшін «@» символы пайдаланылады.
DATE	Күндерді сақтау үшін пайдаланылады. Ықтимал мәндер диапазоны: 0100 ж. 1 қаңтардан 9999 ж. 31 желтоқсанға дейінҚажетті жад — 8 байт

Деректер түрі	Сипаттамасы
DOUBLE	Нақтылығы қосарланған тұрақсыз нүктесімен санды мәндер. Теріс сандар үшін ықтимал мәндер диапазоны: -1,79769313486232E308 бастап -4,94065645841247E-324 дейін. Оң сандар үшін ықтимал мәндер диапазоны: 4,94065645841247E-24 бастап 1,79769313486232E308 дейін. Қажетті жад — 8 байт. Өздігінен түрін анықтау үшін «#» символы пайдаланылады.
INTEGER	Қысқа бүтін санды мәндер. Ықтимал мәндер диапазоны: -32 768 бастап 32 767 дейін. Қажетті жад — 2 байт. Өздігінен түрін анықтау үшін «%» символы пайдаланылады.
LONG	Ұзын бүтін санды мәндер. Ықтимал мәндер диапазоны: -2 147 483 648 бастап 2 147 483 647 дейін. Қажетті жад — 4 байт. Өздігінен түрін анықтау үшін «&» символы пайдаланылады.
OBJECT	Объекттерге сілтеме сақтау үшін ғана пайдаланылады. Қажетті жад — 4 байт
SINGLE	Нақтылығы әдетті тұрақсыз нүктемен санды мәндер. Теріс сандар үшін ықтимал мәндер диапазоны: -3,402823E38 бастап -1,401298E-45 дейін. Теріс сандар үшін ықтимал мәндер диапазоны: 1,401298E -45 бастап 3,402823E38 дейін. Қажетті жад — 4 байт. Өздігінен түрін анықтау үшін «!» символы пайдаланылады.
STRING	Жол мәндерін сақтау үшін пайдаланылады. Жолдың ұзындығы — 0 бастап 64 Кбайт дейін. Қажетті жад — 1 символға 1 байт. Өздігінен түрін анықтау үшін «$» символы пайдаланылады.
VARIANT	Әртүрлі деректер түрін сақтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Қажетті жад — 16 байт плюс жол мәндерінің әрбір символына 1 байт. Өздігінен түрін анықтау символы жоқ.
ПАЙДАЛАНУШЫ АНЫҚТАЙТЫН	Пайдаланушы анықтайтын деректер түрі. Бөлінетін жадтың тағайындалуы мен көлемі түрін анықтауға тәуелді. Деректердің құрылымын сипаттау үшін пайдаланылады. Әртүрлі деректер түрінің көптеген әртүрлі мәнін сақтау мүмкіндігін береді.

автоматты түрде “символдар жолы” типті ауыспалы болып табылады. Егер соңғы символ жоғарыда аталған символдың ешқайсысы болмаса және түрі айқын көрсетілмесе, онда мұндай жағдайда ауыспалы кез-келген типті деректерді сақтау мүмкіндігін беретін Variant деректер түрін өздігінен тағайындайды.

Бір рәсімде ауыспалының соңында бір-бірінен тек түрін анықтайтын арнайы символмен ерекшеленетін ауыспалыны пайдалануға болмайды. Мысалы, бір уақытта var$ және var % ауыспалыларын пайдалануға болмайды. «AS <АуыспалыТүрі>» сипаттағыш көмегімен аттың соңында түрін анықтау символын құрайтын ауыспалыны айқын жариялауға болмайды (егер мұндай анықтау түрін анықтау символының дағдылы қолданылуына қайшы болмаса да). Мысалы, келесі анықтаманың кез-келгенін енгізуге тырысып, қателік туралы хабарлама аласыз:

```
Dim var1$ As String
Dim var2% As Integer
```

Рәсімнің немесе қызметтің аргументтерінің деректер түрін анықтау үшін рәсімнің немесе қызметтің тікелей бас жолында деректер түрін сипаттау пайдаланылады. Мысалы, рәсімнің келесі бас жолы оның параметрлерін жол типті ауыспалылар ретінде сипаттайды:

```
Sub SplitStr(strl As String, str2 As String, str3 As String).
```

Қызметпен қайтарылатын мәндер деректер түрін анықтау қызметтің бас жолын аяқтайды, мысалы,

```
Function FindSplitSpace (strl As String) As Integer
```

қызметпен қайтарылатын мәнді қысқа типті ауыспалы ретінде сипаттайды.

Ат берілген константалардың пайдаланылуын қарастырайық. Оларды сипаттау үшін Dim ауыспалыларын сипаттау операторына ұқсас Const операторы пайдаланылады. Осы операторды синтаксисі:

```
Const < КонстантаныңАты>(As <ДеректерТүрі >] = <тіркес>
```

мұндағы<тіркес> — бұл константа ретінде пайдаланылуы қажет, мәнді қайтаратын кез-келген мән немесе формула.

Мысалы, келесі оператор бүтін санды константаны анықтайды maxLen:

```
ConstmaxLen% = 30
```

Пайдаланушы сипаттайтын константалардан басқа алдын ала сипаттаусыз бағдарламалар мәтінінде пайдаланатын алдын ала айқындалған кіріктірілген константалар бар.

Кіріктірілген константаларды атау кезінде бұл константаның қандай қосымша объектілеріне жататынын анықтау мүмкіндігін беретін стандартты келісім пайдаланылады. Мысалы, Access объекттеріне жататын кіріктірілген константалардың аттары, «ac» префиксінен басталады; Excel объекттеріне жататын— «xl» префиксінен; Word объекттеріне жататын — «wd» префиксінен; VBA объекттеріне жататын— «vb» префиксінен басталады.

Мысалы,

DoCmd. OpenForm «Orders», acNormal, stLinkCriteria

командасында кіріктірілген Access acNormal константасы пайдаланылады.

Объекттерге сілтемелер. Visual Basic-те әдетті ауыспалылардан басқаобъектке сілтеме болып табылатын ауыспалылар жиі пайдаланылады. Объекттерге сілтеме үшін ауыспалыларды пайдалану бағдарлама мәтінін қысқартып және жеңілдетіп қана қоймай, оның жұмысын айтарлықтай жылдамдату мүмкіндігін береді.

Объекттің ауыспалысын пайдалану әдетті ауыспалыларды пайдаланудан біршама ерекшеленеді. Бұл жағдайда мұндай ауыспалыны жариялап қана қоймай, пайдаланудан бұрын Set арнайы оператор көмегімен тиісті объектті тағайындау керек.

Мұндай жариялым мен тағайындаудың синтаксисі:

Dim<АуыспалыныңАты>AsObject
Set<АуыспалыныңАты> = <ОбъектКеСілтеме>

Кейде осындай ауыспалыны жариялау кезінде объекттің нақты түрін көрсету қолайлы. Бұл ретте Office объекттер моделінен кез-келген нақты объектті пайдалануға болады. Мысалы:

DIM MYBASE AS DATABASE
Set MyBase = DBEngine.Workspaces(0).Databases(0)

Осындай жариялау және тағайындаудан кейін ағымдағы ашық дерекқорға жүгіну үшін MyBase ауыспалысын пайдалануға болады. Мұндай сілтеме жылдам өңделеді және ауыспалыларды көптеген нақтылау (нүктелер) операторын пайдаланатын, күрделі иерархиялық сілтемелердің орнына объекттерге тікелей сілтемелер үшін пайдаланатын бағдарлама жылдам жұмыс істейді.

Массивтер. Массив — бұл бір уақытта бірнеше бірдей мән сақталатын ауыспалы. Массивті формальды анықтау - бұл бір типті индексацияланған ауыспалылардың жиынтығы.

Массивтің пайдаланылатын индекстерінің саны әртүрлі болуы мүмкін. Жиі бір немесе екі индексі бар массивтер пайдаланылады. VBA-да 60 индекс пайдалануға болады. Массивтің индекстер саны туралы массивтің көлемдігі туралы ретінде айтады. Бір индексі бар массивтербір өлшемді, екі индексі бар - екі өлшемді және т.б. деп аталады.

Массивті пайдаланудан бұрын міндетті түрде Dim операторының көмегімен жариялап, массивте сақталатын мәндер түрін көрсету керек. Массивтегі барлық мәндер бір деректер түріне жату керек. Массивті жариялау кезінде Variant түрін пайдалана отырып, осы шектеуден өтіп кетуге болады. Мұндай жағдайда массив элементтері әртүрлі типті деректердің мәндерін қабылдай алады.

Массивті жариялау операторының синтаксисі:

Dim <МассивтіңАты> (<көлем1>, <көлем2>, ...) As <ДеректерТүрі>

Жақшада көрсетілген шамалар массив көлемдерін белгілейді - индекстер санын және әрбір нақты индекстің барынша рұқсат етілетін мәнін белгілейді. Бұл ретте массив элементтерін индекстеу өздігінен нөлден басталады. Сонымен, жариялым

DIM ARRAY (9) AS INTEGER

бүкіл типтің ауыспалысы болып табылатын 10 элементтің бір өлшемді массивін айқындайды, ал жариялым

DIM ARRAY (4, 9) AS VARIANT

әмбебап Variant типтің ауыспалылары болып табылатын елу (5 х 10) элементінен ек өлшемді массивті айқындайды.

Массивті жариялау кезінде индекстің жоғарғы шегін ғана емес, сондай-ақ төменгі шегін көрсетуге болады, яғни нақты индекс массивінің өзгеру диапазонын айқын белгілеуге болады, бұл ретте төменгі шегі кез-келген бүтін сан болуы мүмкін. Осындай анықтаманың синтаксисі:

Dim <МассивтіңАты> (<мин1> To <макс1>,) As <ДеректерТүрі>

Келтірілген мысалдарда тіркелген көлемнің массивтері туралы айтылды, олардың элементтерінің саны массивті сипаттау кезінде Dim операторында айқын көрсетілген. Мұндай массивтер статикалық деп аталады. VBA-да көлемдері сипаттау кезінде тіркелмейтін, динамикалық массивтерді де пайдалануға болады. Динамикалық массивтің көлемін анықтау тікелей бағдарламаны орындау кезінде жасалуы мүмкін.

Динамикалық массивті анықтау кезінде Dim операторында массивтің атынан кейін бос жақшалар және ауыспалы түрінің сипаттамасы тұру керек. Индекстер саны мен оларды өзгерту диапазоны белгіленбейді. Массивті пайдаланудан бұрын ReDim операторын енгізу керек, ол динамикалық массив индекстерінің көлемдігін және өзгеру диапазондарын белгілейді.

Динамикалық массивтің көлемдерін анықтау және жариялау синтаксисі:

Dim <МассивтіңАты> () As <ДеректерТүрі>
ReDim <МассивтіңАты> (<көлем1>, <көлем2>, ...)

Динамикалық массивті жариялау және көлемдерін анықтау мысалын, содан кейін осы массивтің одан арғы көлемінің өзгеру мысалын келтірейік:

```
Dim dArray () As Variant
ReDim dArray (1, 2)
dArray (0, 0) = 2
dArray (0, 1) = 3
k = dArray (0, 0) + dArray (0, 1)
ReDim dArray (k)
dArray (0) = (Жол1)
```

Осы мысалда dArray массиві алдымен алты элементтен тұратын екі өлшемді массив ретінде айқындалады, содан кейін бір өлшемді массив ретінде қайта айқындалады, бұл ретте индекстің жоғарғы шегі k ауыспалының мәнімен белгіленеді.

8.4. Ауыспалылар мен рәсімдердің әрекет ету аясы

VBA-дағы бардық рәсімдердің, қызметтердің, ауыспалылар мен константалардың өз әрекет ету аясы бар. Бұл барлығының бағдарламалық кодтың белгіленген жерінде - сипатталған жерінде пайдаланылуы мүмкін екенін білдіреді. Мысалы, егер А ауыспалы Procl рәсімінің деңгейінде Dim операторының көмегімен сипатталған болса, онда дәл осы рәсім оның әрекет ету аясы болып табылады. Егер басқа Proc2 рәсімі болса, онда осы ауыспалыны жариялымсыз пайдалануға болмайды.

Ауыспалылардың әрекет ету аясы. Ауыспалының бағдарламаның қай жерінде және қалай сипатталғаны, жадқа қаншалықты ұзақ "өмір сүретіні" және тағайындалған мәнін сақтайтыны оның әрекет ету аясы айқындайды. Ауыспалылардың әрекет ету аясын айқындау кезінде үш түрлі деңгей бар: рәсім деңгейі, модуль деңгейі және жоба деңгейі.

Рәсім деңгейіндегі ауыспалыны айқындау үшін, оның сипаттамасы осы рәсімнің деңгейіне орналасады.

Модуль деңгейіндегі рәсімді айқындау үшін және оны осы модульдің барлық рәсімінде ортақ пайдалану үшін ең қолжетімді ету үшін оның сипаттамасын модульдерді жариялау секциясына - қандай да бір рәсімдердің немесе қызметтердің мәтінінің алдына орналастырған жөн. Бұл ретте әрекет ету аясының айқын сипаттамасы пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда «Dim» өзекті сөзінің орнына, «Private» өзекті сөзі пайдаланылады.

Жоба деңгейіндегі ауыспалыны сипаттау үшін, оның сипаттамасын жоба модульдерінің біріндегі жариялым секциясына орналастыру керек; бұл ретте міндетті түрде «Public» өзекті сөзі пайдаланылу керек.

Осындай тәсілмен сипатталған ауыспалылар жобаның кез-келген модулінде пайдаланылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғанның барлығы константалар мен массивтердің әрекет ету аясының сипаттамасы мен анықтамасына жатады.

Ауыспалылар үшін оларды сипаттайтын, деңгейін өзгертпейтін, бірақ рәсім деңгейінде сипатталған ауыспалының мәнін жұмысы аяқталғаннан кейін де сақтау мүмкіндігін беретін тағы бір тәсіл бар.

Ол үшін статикалық ауыспалы ретінде айқындалатын Static ауыспалыны пайдаланған жөн. Осындай ауыспалы жадта бөлінген орынды және сипатталған әрі пайдаланылған рәсім аяқталғаннан кейін де өз мәнін сақтайды.

Бұған қарамастан статикалық ауыспалы басқа рәсімдерде пайдаланыла алмайды. Оның әрекет ету аясы емес, тек өмір сүру уақыты ғана өзгереді. Егер статикалық ауыспалы сипатталған рәсім қайта шақырылса, онда бұл ауыспалы бұдан бұрынғы шақыру кезінде рәсімнің жұмысы аяқталу сәтінде ие болған мәнін сақтайды. Әдетті (статикалық емес) ауыспалылар қайтадан инициалданады және рәсімге кіру кезінде бос мәндер алады.

Рәсімдер мен қызметтердің әрекет ету өрістері. Рәсімдер мен қызметтердің әрекет ету аясының тек екі деңгейі бар: модуль деңгейі және жоба деңгейі. Өздігінен жоба деңгейі пайдаланылады. Рәсім немесе қызмет жобасында кез-келген басқа рәсім немесе қызмет шақырылуы мүмкі. Жоба деңгейіндегі рәсімдер мен қызметтерді сипаттау кезінде міндетті емес «Public» өзекті сөзі пайдаланылуы мүмкін. Осы сөздің болуы немесе болмауы рәсімге әсер етпейді.

Егер тек модуль деңгейінде пайдаланылатын рәсімді сипаттау қажет болса, онда ол үшін «Private» өзекті сөзі қолданылады. Алайда рәсімнің осындай сипаттамасы рәсім үшін әрекет ету аясын қысқартады және жеке-дара пайдаланылуына тыйым салады. Оны тек басқа рәсімнен шақыруға болады.

Рәсімдерді немесе қызметтерді сипаттау кезінде «Static» өзекті сөзі пайдаланылуы мүмкін. Ол рәсімнің әрекет ету аясына әсер етпейді, бірақ осы рәсімнің немесе қызметтің ішінде сипатталған барлық ауыспалыға әсер етеді. Бұл жағдайда барлық жергілікті ауыспалы Static мәртебесіне ие болады және рәсім аяқталғаннан кейін жадта сақталады; қайтадан шақыру кезінде бұрынғы мәндері сақталады.

Келесі мысалды қарастырайық.

```
Public A1 As String
Private A2 As Integer
Dim A3 As Single
Sub Proc1()
```

```
    Dim A4 As Integer Static
    A5 As Integer A1 =
    "Мәтіндік жол"
    A2 = 2 A3 =
    3.14 A4 =
    A4 + 4 A5
    =A5 + 5
    MsgBox A4
    MsgBox A5
End Sub
Sub Proc2()
    Proc1
    MsgBox
    A1
    MsgBox
    A2
    MsgBox
    A3
    MsgBox
    A4
    MsgBox
    A5 Proc1
End Sub
```

Осы мысалда ауыспалы A1 бүкіл жоба деңгейінде айқындалған («Public» өзекті сөзі пайдаланылды), ал ауыспалы A2 және A3 модуль деңгейінде, ал ауыспалы A4 - Procl рәсімінің деңгейінде ғана, ауыспалы A5 Procl рәсімінің деңгейінде айқындалғанымен, статикалық ауыспалы ретінде сипатталған.

Рroc2 рәсімін шақырған кезде, осы рәсімнен A1, A2, A3, A4 және A5 барлық бес ауыспалыға мәндерді тағайындайтын, содан кейін A4 және A5 ауыспалылардың ағымдағы мәндерін сұхбат терезеге шығаратын *(MsgBox),* Procl рәсімі шақырылады.

Осы рәсім аяқталғаннан кейін РГОС2 рәсімінен барлық бес ауыспалының ағымдағы мәндері шығарылады. Бұл ретте келесі жағдай болады. Ауыспалы A1...A3 өз мәндерін сақтайды, себебі олар модуль деңгейінде сипатталған, ал ауыспалы A4 және A5 мәндері 0 болады (бос мәндер), себебі осы ауыспалылардың әрекет еті аясы тек Procl рәсімі болып табылады.

Содан кейін Procl рәсімі қайта шақырылады және қайтадан ауыспалы A4 және A5 мәндерін өзгертіп, экранға шығара бастайды. Бұл ретте ауыспалы A4 қайтадан 4 мәніне ие болады, себебі осы ауыспалы үшін рәсімді жаңа шақырған кезде жаңадан жад бөлінеді және ол бос мәнмен инициалданады. A4-ке қарағанда статикалық ауыспалы ретінде сипатталған ауыспалы A5 осы рәсімді бұдан бұрын шақырған кездегі мәнін сақтайды және нәтижесінде қайтадан шақыру кезінде оның мәні 10-ға тең болады.

8.5. Басқарушы конструкциялар - тармақтар және циклдер

Бағдарламалаудың барлық тілдеріндегідей, VBA-да бағдарламаны орындау тәртібін өзгерту мүмкіндігін беретін, әртүрлі басқарушы конструкциялар бар. Егер басқарушы конструкциялар пайдаланылмаса, онда ең біріншісінен бастап ең соңғысымен аяқтай отырып, бағдарламалау тілінің операторының ретімен орындалуы іске асырылады. Кейбір ең қарапайым жағдайларда жеткілікті болғанымен, кейде кейбір операторлардың орындалуын өткізе отырып немесе оларды көп рет қайталай отырып, белгілі бір шарттарды орындау кезінде операторлардың орындалу тәртібін өзгерту керек.

Тәжірибе көрсеткендей, ақпаратты өңдеудің кез-келген алгоритмдерін іске асыру үшін басарудың екі түрлі конструкциясының болуы жеткілікті: тармақтар және циклдер.

Тармақтар. Тармақтардың басқарушы конструкциялары кейбір жағдайды тексеру мүмкіндігін береді, содан кейін осы тексеру нәтижелеріне тәуелді қандай да бір операторды орындау мүмкіндігін береді. Тармақтарды ұйымдастыру үшін VBA-да If тармақтар операторының әртүрлі нысандары және Select Case таңдау операторы пайдаланылады.

If операторының қарапайым қысқа нысаны бір жағдайды тексеру үшін пайдаланылады, содан кейін тексеру нәтижесіне тәуелді не орындау үшін, не бір немесе бірнеше операторды өткізу үшін пайдаланылады. If тармағының операторының қысқаша нысаны бір жолы және блок нысанына ие болуы мүмкін. Бір жолған If қысқаша нысаны төмендегідей жазылуы мүмкін:

If <шарт>Then <оператор>

Блок нысанында қысқаша тармақ төмендегідей болады:

```
If<шарт>Then
<оператор1>


<операторN>
EndIf
```

Шарт ретінде *True*(Шындық) немесе *False*(Жалған) мәнін қайтаратын логикалық тіркесті немесе кез-келген арифметикалық тіркесті пайдалануға болады. Егер арифметикалық тіркес пайдаланылса, онда осы тіркестің нөлдік мәні логикалық *False мәніне, ал кез-келген нөлдік емес мәні True мәніне баламалы. Шарт False мәнін қайтарған жағдайда, оператор немесе қысқаша тармақтар операторының денесін құрайтын және* «Then» және «End If» өзекті сөздерімен жасалған операторлар блогы орындалмайды.

Ескертпе.Қысқаша тармақталу операторын бір жолға жазған кезде «End If» өзекті сөздері пайдаланылмайды.

If операторының толық нысаны екі түрлі операторлар блогы болған жағдайда пайдаланылады және шартты тексеру нәтижелері бойынша олардың біреуін орындау керек. Осындай If нысаны бір жолға жазыла алмайды және жазбаның блокты нысанына ие:

If<шарт>Then<Опера
торлар Блогы1>
ELSE
<ОператорларБлогы2>
EndIf

Егер шарт шындық болса, онда «Then» және «Else» өзекті сөздерінің арасына алынған бірінші операторлар блогы орындалады; әйтпесе - «Else» және «EndIf» сөздерінің арасына алынған екінші блок орындалады.

Кейде бірнеше әртүрлі шартты тексеру негізінде баламалы әрекеттердің біртұтас тобынан бір әрекетті таңдауға тура келеді. Ол үшін If...Then...Else If тармақталу операторларының тізбегін пайдалануға болады:

If <шарт1>Then
<ОператорларБлогы1>
Else If <шарт2>Then
<ОператорларБлогы2>
Else If <шарт3>Then
<ОператорларБлогы3>

Else If <шартN> Then
<ОператорларБлогыN>
Else
<ОператорларБлогы_Else>
End If

If...Then...Else If операторларының осындай тізбектерінің иілімдігі жоғары және көптеген мәселелерді шешу мүмкіндігін береді, алайда егер бірнеше мүмкіндіктің біреуін таңдау әрқашан бір тіркестің әртүрлі мәніне негізделген болса, ол үшін арнайы Select Case таңдау операторын пайдалану қолайлы, оның синтаксисі төмендегідей:

Select Case <тексерілетінТіркес>
Case <мәндерТізімі1>
<операторларБлогы 1>
Case <мәндерТізімі2>
<операторларБлогы2>

Case
<мәндерТізіміЗ><оператор

Case Else
<операторларБлогы_Еке>
End Select

Тексерілетін тіркес Select Case операторының жұмысы басталған кезде есептеледі. Осы тіркес кез-келген типті мәнді қайтара алады.

Тіркестер тізімі үтірмен бөлінген, бір немесе бірнешетіркес болып табылады. Операторды орындау кезінде осы тізімнің ең болмағанда бір элементі тексерілетін тіркеске сәйкес келуі тексеріледі. Тіркестер тізімінің осы элементтерінің мынадай нысаны болуы мүмкін:

<тіркес>

(бұл жағдайда тексерілетін тіркес мәнінің белгіленген тіркеске сәйкес келуі тексеріледі);

<тіркес1> To <тіркес2>

(бұл жағдайда тексерілетін тіркес мәнінің көрсетілген мәндер диапазонында орналасуы тексеріледі);

If <логикалықОператор><тіркес>

(бұл жағдайда тексерілетін тіркес логикалық оператор көмегімен көрсетілген мәнмен салыстырылады; мысалы, егер тексерілетін мән 20-дан кем болса, If >= 20 шарты орындалған болып есептеледі).

Егер тізімдегі элементтің ең болмағанда біреуі тексерілетін тіркеске сәйкес келсе, онда тиісті операторлар тобы орындалады және осымен Select Case операторының орындалуы аяқталады, ал қалған тіркес тізімдері тексерілмейді. Егер барлық осы тізімнің бірде бір элементі тексерілетін тіркестің мәніне сәйкес келмесе, онда болған жағдайда Else тобының операторы орындалады.

Циклдер. VBA-да екі топқа бөлуге болатын, циклдерді ұйымдастыру құралдарының жеткілікті жинағы бар:

- Do...Loop шартымен циклдер;
- For.Next атаумен циклдер.

Do...Loop типті циклдер цикл денесін құрайтын, операторлар блогының орындалуы қанша рет қайталануы қажет белгісіз болған жағдайда пайдаланылады. Мұндай цикл белгілі бір шарт орындалғанға дейін өз жұмысын жалғастырады. Do...Loop циклдерінің төрт түрі бар, олар тексерілетін шарт түрімен және осы тексерудің орындалу уақытымен ерекшеленеді. Осы төрт цикл конструкциясының синтаксисі 8.2-кестеде келтірілген.

Кесте 8.2. Цикл конструкциясының синтаксисі

Конструкция	Сипаттамасы
DoWhile<шарт><операторларБлогы>Loop	Осы конструкцияда циклді орындау шартының мәні операторлар орындалғанға дейін тексеріледі
Do<операторларБлогы>LoopWhile<шарт>	Осы конструкцияда циклді орындау шартының мәні операторлар орындалғаннан кейін тексеріледі
DoUntil<шарт><операторларБлогы>Loop	Осы конструкцияда оператор орындалғанға дейін белгіленетін, циклдің жұмысын аяқтау шартының мәні көрсетіледі
Do <операторларБлогы> LoopUntil<шарт>	Осы конструкцияда оператор орындалғаннан кейін белгіленетін, циклдің жұмысын аяқтау шартының мәні көрсетіледі

Сондай-ақ For...Next атап шығуымен цикл операторының екі түрі бар. Массивті өңдеу кезінде, сонымен қатар кейбір операторлар тобының орындалуын белгіленген сан рет қайталау қажет болғанда, есептеуішпен For...Next циклі пайдаланылады. Do...Loop циклдеріне қарағанда циклдің осы түрі есептеуіш деп аталатын арнайы ауыспалыны пайдаланады, оның мәні цикл денесін белгіленген шамаға орындаған сайын артады немесе азаяды. Осы ауыспалының мәні белгіленген мәнге жеткенде, циклдің орындалуы аяқталады. Осы циклдің синтаксисі (тік жақшаға міндетті емес элементтер алынған):

```
For <есептеуіш> = <бастапқыМәні>To <соңғыМәні>[Step <өсіру>]
    <операторларБлогы>
Next <есептеуіш>
```

Келтірілгенге бірнеше ескерту келтірейік: цикл конструкциясының фрагментіне:

• <өсіру> оң және теріс сан болуы мүмкін. Егер теріс өсіруді пайдалансақ, онда цикл денесі ең болмағанда бір рет орындалу үшін соңғы мән бастапқы мәнге тең немесе кем болу керек;

• For.Next цикл жұмысы аяқталғаннан кейін есептеуіш ретінде пайдаланылған ауыспалы, егер өсіру оң болса, соңғы мәннен жоғары мәнге ие болады, ал егер өсіру теріс болса, соңғы мәннен кем мәнге ие болады;

• егер бастапқы және соңғы мән сәйкес келсе, онда цикл денесі тек бір рет орындалады.

For...Next циклінің тағы бір түрін қарастырайық, ол объекттерді өңдеу кезінде VBA-да жиі пайдаланылады, біртекті объекттердің массивін немесе тегін құрайды.

For Each.Next циклінің осы түрінде есептегіш жоқ, ал цикл денесі әрбір объекттің массиві немесе тегі үшін орындалады. Осындай циклдің синтаксисі:

```
For Each <элемент>In <жиынтық>
<операторларБлогы>
Next [<элемент>]
```

мұндағы<элемент> — объекттер тегінің элементтеріне сілтеу үшін пайдаланылатын ауыспалы; <жиынтық> — бұл массивтің немесе тегінің аты.

Ұқсас циклдің пайдаланылу мысалын келтірейік. Келесі рәсім ағымдағы ашық дерекқордың барлық кестелерінің барлық өрістерінің тізімін басып шығаруға арналған:

```
Public Sub EnumerateAllFields ()
Dim MyBase As Database
Dim tdf As TableDef, fid As Field
Set MyBase = DBEngine.Workspaces(0).Databases(0)
For Each tdf In MyBase.TableDefs
Debug.Print "Кесте "& tdf.Name For
Each fid In tdf. Fields Debug. Print
"Поле: "& fid. Name Next fid NEXT
TDF Set MyBase = Nothing End Sub
```

Осы мысалда Dim операторлары келесі ауыспалыларды жариялады:

- MyBase — «Дерекқор» объектісі;
- tdf — дерекқор кестесі;
- fid — кесте аясы.

Set операторы MyBase ауыспалыға ағымдағы ашық дерекқор атының мәнін тағайындайды. Одан әрі кестенің әрбір анықтамасы үшін кестенің аты басып шығарылады, содан кейін осындай типті цикл барлық аяның атын басып шығарады.

8.6. Циклдер мен рәсімдерден шығу

Әдетте рәсімнің орындалуы соңғы оператордан кейін аяқталады, ал циклдің орындалуы - жұмысын аяқтау шартына қол жеткізгеннен кейін аяқталады.

Алайда жиі кейбір рәсім операторларын немесе циклдің қайталануын орындамай, рәсімнің немесе циклдің орындалуын мерзіміне дейін тоқтату қажет болады.

Мысалы, егер рәсімді орындау кезінде жұмыстың жалғасуын мәнсіз ететін қателік туындаса, онда дереу рәсімнен шығу командасын орындауға болады.

Басқа мысал: егер For...Next циклі массивтегі қажетті мәнді іздеу үшін пайдаланылса, онда массивтің қажетті элементі табылғаннан кейін массив элементтерін одан әрі қараудың мәні жоқ. Exit операторының біреуі арқылы басқарушы конструкциядан мерзімінен бұрын шығуға болады. Do.Loop циклдерінен мерзімінен бұрын шығу үшін Exit Do операторы, ал For циклдерінен шығу үшін - Exit For операторы пайдаланылады. Рәсімдер мен қызметтерден мерзімінен бұрын шығу үшін Exit sub және Exit Function тиісті операторлары пайдаланылады.

Exit операторының пайдаланылуы орынды болғанымен, оны аса қажет болғанда ғана пайдаланған жөн. Осы операторды шамадан тыс жиі қолданылуы жазылған мәтіннің түсіндірілуін және оның ретке келтірілуін күрделендіреді.

Келесі мысалдарды қарастырайық:

```
ub = Ubound (dArrey)
fFound = False
For I =LBound (dArrey) to ub If
dArrey(i) = searchValue Then fFound
= True Exit For NEXT
```

Exitоператорының пайдаланылуына жол бермеуге болады. Бұл келесі мысалда көрсетілген:

```
i = LBound (dArrey) ub
= Ubound (dArrey)
fFound = False Do
    If dArrey(i) = searchValue Then fFound = True i = i
    + 1
Loop Until (i > ub) or fFound
```

8.7. Модульдер

Модуль— бұл бір бағдарламалық бірлікке жиналған қосымшаларға арналған VisualBasic тіліндегі сипаттамалар мен рәсімдер жинағы. Модульдің екі негізгі түрі бар: класс модулі және стандартты модульдер. Модульдегі әрбір рәсім Function рәсім-қызметі немесе Sub рәсім-қосалқы бағдарламасы болуы мүмкін.

Класс модульдері. Класс модульдері белгілі бір нысанмен немесе есеппен байланысқан бағдарламалар болып табылады. Класс модульдері нысандағы немесе есептегі оқиғаға жауап ретінде іске қосылатын, оқиғаларды өңдеу рәсімдерін құрайды. Оқиғаларды өңдеу рәсімдері мысалы, пернеге басу сияқты нысанның немесе есептің тәртібін және олардың оқиғаға жауап беру тәртібін басқару үшін пайдаланылады.

Нысан немесе есеп үшін оқиғаны өңдеудің бірінші рәсімін құру кезінде автоматты түрде онымен байланысты нысанның немесе есептің модулі жасалады. Нысанға немесе есепке арналған модульді қарау үшін

Құрастырушы режиміндегі құрал-саймандар панеліндегі Бағдарлама пернесіне басу жеткілікті.

Нысандар мен есептердің модульдерінің рәсімдерінде стандартты модульдерге қосылған рәсімдерді шақыру болуы мүмкін.

Стандартты модульдер. Стандартты модульдер ешқандай объектке байланысты емес жалпы рәсімдерді, сонымен қатар дерекқордың кез-келген терезесінен іске қосылуы мүмкін рәсімдерді құрайды.

Стандартты модульдер ғаламдық ауыспалыларды жариялау үшін жасап шығарылуы мүмкін. Егер модульдің рәсімдерінде қосымшаның нақты объекттеріне (нысандар, есептер, басқару элементтері) сілтемелер көрсетілмесе, онда осындай модуль Access басқа қосымшаларында қолданылуы мүмкін.

8.1, *а*- суретте басты нысан, 8.1-суретте, *б* — электртехниканың теориялық негіздері бойынша оқу құралының электронды нұсқасында оқыту бағдарламасымен жұмыс істеу режимдерінің пернелі нысаны көрсетілген.

Төменде 8.1-суретте көрсетілген, оқу құралының осы және басқа нысандарымен жұмысын басқаратын модульдің мәтіні келтірілген.

```
'Осы модуль жалпы мақсатты әртүрлі рәсімді сақтайды
'Жасап шығарушылар: Фуфаев Э.В. және Фуфаева Л.И.
Option Explicit
'Төменде нысандар арасындағы жағдай параметрлерінің берілуі
үшін жауап беретін ауыспалылар келтірілген'.
Public ShowMax As Boolean
Private Default As Boolean
Private FrmBackColor As Long
'Рәсім барлық нысандардың бағдарламада инициалдануын, экран
орталығында позициялануын іске асырады.
Public Sub InitForm(TForm As Form, TPicture As PictureBox, TFrame
As Frame, TButton As CommandButton, TSSubItem As Menu) TForm.Left
= 0 TForm.Top = 0
TForm.Width = Screen.Width '12000
TForm.Height = Screen.Height ' - 430 '8570
```



а

б

8.1-сур. Нысандар:
а — басты; *б* — оқыту бағдарламасымен жұмыс істеу режимдерін таңдаудың пернелі нысаны

```
TPicture.Left = 0 TPicture.Top = 0
TPicture.Width = Screen.Width ' - 15 * 6 TPicture.Height =
Screen.Height ' - 15 * 25 TPicture.BackColor = FrmBackColor If
ShowMax Then TForm.WindowState = 0 If Not ShowMax Then
TForm.WindowState = 2 If Default Then Lines TPicture
TButton.Left = (TPicture.Width - TFrame.Width * 15)/30
TButton.Top = (TPicture.Height - TFrame.Height * 15 - 750)/30
TFrame.Left = TButton.Left + 2
TFrame.Top = TButton.Top + 2
If Default Then TSSubItem.Checked = True
If Not Default Then TSSubItem.Checked = False
End Sub
'Түстің өтуін пайдалана отырып, басты нысанның фонын салу
рәсімі.
Public Sub Lines(Picture As PictureBox)
Dim i, J, Stp, col As Integer J = 0 col = 255 Stp = Step
For i = 0 To (Picture.Height\15)
J = J + 1
If (J = Stp) And (col <> 1) Then col = col - 1 J = 0 End If
Picture.Line (Picture.Left, i)-(Picture.Left + Picture.Width, i), RGB(0, 0,
col)
Next End Sub
'Фон түсінің өзгеру қадамын есептейтін қосалқы рәсім
Public Function Step() As Integer Dim i, Col_ As Integer i = 0
Col_ = 0
Do Until Col_ > (Screen.Height\15)
Col_ = Col_ + 255
i = i + 1
Loop
If Col_ - (Screen.Height \ 15) > 100 Then i = i - 1 Step = i End Function
'Тізілімнен бағдарлама параметрлерін оқу
```

```
    Public Sub GetFromRegister()
    Dim Ret As Long
    Ret = GetSetting ("Book", "Init", "BackColor",
vbApplicationWorkspace)
"7303023)
    FrmBackColor = Ret
    Ret = GetSetting("Book", "Init", "Default", 1)
    If Ret = "0" Then Default = False
    If Ret = "1" Then Default = True
    Ret  =  GetSetting("Book",  "Init",
    "Size", 2)
    If Ret = "0" Then ShowMax = True
    If Ret = "2" Then ShowMax = False
    End Sub
    Бағдарлама параметрлерін реестрде сақтау
    PublicSubSavetoRegister()
     SaveSetting          "Init    "BackColor", FrmBackColor
     "Book",  If  Default   ",
     SaveSetting          "Init    "Default", "1"
     "Book", Else         ",
     SaveSetting          "Init    "Default", "0"
     "Book", End If       ",
     If ShowMax Then
     SaveSetting          "Init    "Size", "0"
     "Book", Else         ",
     SaveSetting          "Init    "Size", "2"
      End If End Sub
      'Басты нысанның мәнмәтіндік мәзірінің бірінші тармағының
 таңдауын өңдеу
      Public Sub Item1Clk(ColorDialog As CommonDialog, TPicture As
 PictureBox, TItem As Menu)
      On Error GoTo ErrHandler ColorDialog.Flags = cdlCCRGBInit
      ColorDialog.ShowColor FrmBackColor = ColorDialog.Color
      TPicture.BackColor = FrmBackColor TItem.Checked = False Default =
      False Exit Sub
      ErrHandler: Exit Sub End Sub
      'Басты нысанның мәнмәтіндік мәзірінің екінші тармағының
 таңдауын өңдеу
      Public Sub Item2Clk(TPicture As PictureBox, TItem As Menu)
      If TItem.Checked Then Default = False TItem.Checked = False
```

```
TPicture.BackColor = TPicture.BackColor
Else
Default = True
TItem.Checked = True
Lines TPicture End If
End Sub
```

Сонымен, біз VBA бағдарламалау тілінің негізгі ұғымдарымен таныстық.

Access жүйесінде деректер жұмысты автоматтандыру үшін қолданудың кейбір тәсілдерін қарастырайық.

8.2-суретте бұйымның кәсіпорнында дайындалатын технологиялық үрдістерді жіктегішті жасау нысаны ұсынылған.

Жіктегіш құрама бірліктің белгіленуін жылдам іздеуге арналған (құрастыру сызбасының №).

Осы жіктегіш “көбіне біреу” қатынастарымен байланысқан, төрт кесте (тізім) түрінде ұсынылуы мүмкін, төрт деңгейлі иерархиялық жүйе болып табылады: • бірінші кестеде бұйым түрлерінің атаулары бар;



Тізімге енгізу өрістері

Жіктеу топтарының байланысқан тізімдері

8.2-сурет. *Технологиялық үрдістерді жіктегіш* нысаны



8.3-сур. Бағдарлама фрагментімен *Бағдарламаларды құрушы* терезесі

- екінші кестеде әрбір түріне арналған бұйым түрлерінің атаулары;
- үшінші кестеде бұйымдардың атаулары, осы мысалда - нақты түріне жататын құрама бірліктердің атаулары;
- төртінші кестеде құрама бірлік сызбасының белгіленуі (нөмірі).

Жіктегішті толтыру алгоритмі мына әрекеттерден тұрады:

- меңзерді бірінші тізімнің деректерді енгізу аясына орналастыру (бұйым түрлері);
- түрінің атауын енгізу;
- бұйымның түрін ерекшелеу және меңгерді екінші тізімнің деректер енгізу аясына орналастыру — *Бұйым түрлері*;
- келесі тізімдерді толтыру үшін көрсетілген әрекеттерді қайталау керек.

Осы рәсімдерді орындау үшін VISUALBASIC тіліндегі бағдарламаны қарастырайық.

Бағдарламалар *Бағдарламаларды құрушы* терезесіндегі макростарға және тіркестерге ұқсас жасап шығарылады.

Бағдарлама мәтінінің фрагментімен *Бағдарламаларды құрушы* терезесі 8.3-суретте келтірілген. Бағдарламаны жасап шығару реті:

- *Құрастырушы режимінде нысанды ашу*;

- объектті (аяны) ерекшелеу;
- *Объекттің қасиеттері* терезесін шақыру.

Қасиеттер терезесінде тиісті қасиеттің жолында *Бағдарламаларды құрушыны* шақыру керек. Нәтижесінде бастапқы тіл операторларымен *Бағдарламаларды құрушы* шығады:

Private Sub — жаңа қосалқы бағдарламаны жариялайтын нұсқаулық. (Бағдарлама мәтіні)

End Sub — қосалқы бағдарламаны жабатын нұсқаулық.

Төменде *Технологиялық үрдістерді жіктегіш* нысанын толтыру кезінде орындалатын қосалқы бағдарламалардың мәтіндері келтірілген (8.2-сур.).

```
Option Compare Database
Option Explicit
Private Sub ҚосБұйымТүрі_AfterUpdateO' Бұйымдар түрі тізімін толықтыру бағдарламасының басы
DoCmd.SetWarnings False ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға тыйым салады
DoCmd.OpenQuery "ҚосБұйымТүрі"
DoCmd.SetWarnings True ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға рұқсат етеді
Me^^mi бұйымдар].Requery
Me![ҚосБұйымТүрі] = Null End
Sub

Private Sub ҚосБұйымТүрі_MouseMove(Button As Integer, Shift As Integer, X As Single, Y As Single)
Me![ҚосБұйымТүрі].Visible =
True End Sub

Private Sub ҚосБұйымТүрі_AfterUpdateO
DoCmd.SetWarnings False ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға тыйым салады
DoCmd.OpenQuery "ҚосБұйымТүрі"
DoCmd.SetWarnings True ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға рұқсат етеді
Me^^mi бұйым].Requery ' Тізім жаңартылады
Me![ҚосБұйымТүрі] = Null End Sub

Private Sub ҚосБұйымТүрі_MouseMove(Button As Integer, Shift As Integer, X As Single, Y As Single)
Me![ҚосБұйымТүрі].Visible =
True End Sub

Private Sub ҚосБұйымТүрі_AfterUpdateO
```

```
    DoCmd.SetWarnings False ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға
тыйым салады
    DoCmd.OpenQuery "ҚосБұйымТүрі"
    DoCmd.SetWarnings True ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға
рұқсат етеді
    Me![БұйымТүрлері].Requery ' Тізімді
    ЖаңартадыMe![ҚосБұйымТүрі] = Null End Sub
    Private Sub МидИздДоп_MouseMove(Button As Integer, Shift As
Integer, X As Single, Y As Single)
    Me![ҚосБұйымТүрі].Visible = True End Sub

    Private Sub БұйымАтауы_AfterUpdateO
    Me![БұйымАтауы].Requery
    End Sub

    Private Sub БұйымАтауы_MouseMove(Button As Integer, Shift As
Integer, X As Single, Y As Single)
    Me![БұйымАтауы].SetFocus End Sub

    Private Sub БұйымТүрлері_AfterUpdateO
    Me![БұйымТүрлері].Requery Me![БұйымАтауы].Requery
    Me![БұйымБелг].Requery End Sub

    Private Sub БұйымТүрлері_MouseMove(Button As Integer, Shift As
Integer, X As Single, Y As Single)
    Me![^nbi бұйым].SetFocus End Sub

    Private Sub БұйымБелгMouseMove(Button As Integer, Shift As
Integer, X As Single, Y As Single)
    Me![БұйымБелг].SetFocus End Sub

    Private Sub ҚосБұйымТүрі_AfterUpdateO
    DoCmd.SetWarnings False ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға
тыйым салады
    DoCmd.OpenQuery "ҚосБұйымТүрі"
    DoCmd.SetWarnings True ' Жүйелік хабарламаларды шығаруға
рұсқат етеді
    Me![БұйымТүрлері].Requery ' ТізімдіЖаңартады
    Me![ҚосБұйымТүрі] = Null End Sub

    Private Sub ҚосБұйымТүрі_MouseMove(Button As Integer, Shift As
Integer, X As Single, Y As Single)
```

Me![ҚосБұйымТүрі]^шЫе = True End Sub

Private Sub БұйымТүрлеріAfterUpdateO Me![БұйымАтауы].Requery Me![БұйымБелг].Requery End Sub

Private Sub БұйымТүрлеріMouseMove(Button As Integer, Shift As Integer, X As Single, Y As Single)
Me![БұйымТүрлеріЭД-SetFocus End Sub

Бақылау сұрақтары

1. Макростар қандай кластарға бөлінеді?
2. Нысандағы пернеге “басу” кезіндегі әрекеттерді орындауға арналған макростарды жасау тәсілдерін атаңыз.
3. Макрос *құрастырушын* пайдалана отырып макрос жасау кезіндегі әрекеттердің реттілігі қандай?
4. Ашық дерекқор үшін арнайы құрал-саймандар панелін жасау кезіндегі әрекеттердің реттілігін қалыптастырыңыз.
5. Белсенді дерекқор үшін арнайы мәнмәтіндік мәзірді жасау кезінде әрекеттердің қандай реттілігі қажет?
6. Пернелі нысандар мен бас бет-нысандары не үшін?
7. VISUALBASIC тілінде жазылған модуль - қосалқы бағдарламалар қандай жағдайда жасап шығарылады?
8. Access анықтамалық жүйесін пайдалана отырып, бағдарлама мәтінінің келтірілген фрагменттеріндегі тіркестердің тағайындалуын өз бетімен талдаңыз:

DoCmd.OpenQuery"ҚосБұйымТүрі"
Me![ҚосБұйымТүрі] = Null
Me![БұйымБелг].SetFocus

9. SQL операторларын орындау үрдісі қандай кезеңдерден тұрады?
10. Сақталатын рәсімдер қандай қызметті атқарады және SQLServer-де қандай бағдарламалау тілінде жазылады?
11. Триггерді жазу үшін қандай команда қолданылады?
12. Сұраныстарды оңтайландыру үрдісі нені білдіреді?
13. WITHENCRIPTING параметрі нені білдіреді?
14. Триггерлер опереторларының құрамын шектейтін ережелерді атаныз.

9 тарау

КІРІКТІРІЛГЕН SQL ТІЛІ

9.1. Кіріктірілген SQL тілінің тағайындалуы және ерекшеліктері

8 тарауда біз VBA ортасында басқарушы бағдарламаларды жасап шығару мүмкіндіктері мен технологиясын баяндадық, ал осы тарауда SQL тілінің құралдарымен дерекқорды басқарудың кейбір мүмкіндіктерін қарастырамыз.

SQLтілі (5 тарауды қараңыз) дерекқорға қолжетімдікті ұйымдастыруға арналған. Бұл ретте ДҚ-ға қолжетімдіктің екі режимде жүзеге асырылу мүмкіндігі болжалады: интерактивті режимде және қолданбалы бағдарламаларды (қосымшаларды) орындау режимінде.

Осы екіжақтылықтың арқасында SQL келесі оң қасиеттерге ие:

• сұраныстардың интерактивті тілінің барлық мүмкіндіктері қолданбалы бағдарламалауда қолжетімді;

• интерактивті режимде одан әрі жұмыс істеп тұрған қосымшаларға орнатылуға дайын болатын, ақпаратты өңдеудің негізгі алгоритмдерін ретке келтіруге болады.

SQL, бағдарламалау тілі болғанымен, ерекше бағдарлығынан әмбебап бағдарламалау тілдерінің көптеген мүмкіндіктеріне ие болмайды. Онда циклдерді ұйымдастыратын, ішкі ауыспалыларды жариялау және пайдалану, кейбір шарттардың талдауын ұйымдастыру мүмкіндігін және шарттың орындалуына тәуелді бағдарлама барысын өзгерту мүмкіндігін беретін дәстүрлі операторлар жоқ. Жалпы SQL тек дерекқорды басқаруға арналған қосалқы тіл деп атауға болады. Қосымшаларды, шынайы бағдарламаларды жасау үшін SQL тілінің операторлары кіріктірілетін басқа негізгі бағдарламалау тілдерін пайдалану керек.

Бағдарламалаудың негізгі тілдері мына тілдер болуы мүмкін: C, COBOL, PL/1, Pascal. Қолданбалы бағдарламаларда бағдарламалау тілдерін қолданудың екі тәсілі бар:

• кіріктірілген SQL. Осындай тәсілмен SQLоператорлары негізгі тілде тікелей бағдарламаның бастапқы мәтініне кіріктіріледі. SQL операторлары кіріктірілген бағдарламаларды компиляциялау кезінде бастапқы мәтінді орындаушы бағдарламаға түрлендіретін, SQL арнайы препроцессор пайдаланылады;

• интерфейсті бағдарламалау тілдері (API — application program interface). Осы тәсілді пайдалану кезінде қолданбалы бағдарлама қызметтерді шақыра отырып, арнайы қызметтерді қолдану арқылы ДҚБЖ-мен өзара әрекеттеседі.

SQL операторларын орындау үрдісі шартты бес кезеңге бөлінуі мүмкін (9.1-сур.).

Бірінші кезеңде SQL операторына синтаксистік талдау жүргізіледі. Осы кезеңде синтаксис ережелеріне сәйкес SQL операторының жазбаларының дұрыстығы тексеріледі.

Екінші кезеңде SQL операторының параметрлерінің: қатынас аттарының, деректер аясы аттарының, аталған объекттермен жұмыс істеу бойынша пайдаланушының артықшылықтарының дұрыстығы тексеріледі.

Үшінші кезеңде сұрату оңтайландырылады. ДҚБЖ біртұтас сұранысты минималды операциялар қатарына бөледі және сұранысты орындауға уақытша шығындар тұрғысынан олардың орындалу реттілігін оңтайландырады. Осы кезеңде сұранысты орындаудың бірнеше жоспары құрылады және олардың ішінен бір - ДҚ-дың осы жағдайы үшін оңтайлысы таңдалады.

Төртінші кезеңде ДҚБЖ үшінші кезеңде дайындалған, сауалнаманың оңтайлы жоспарының екілік нұсқасын генерациялайды. ДҚБЖ сұраныстын орындаудың екілік жоспары іс-жүзінде бағдарламаның объектті кодының баламасы болып табылады.

Бесінші кезеңде ДҚБЖ сұраны орындай отырып, жасап шығарылған жоспарды іске асырады.



Рис. 9.1. Последовательность выполнения операторов SQL

Аталған кезеңдер ДҚ-ға жүгіну саны бойынша және оларды орындау үшін қажетті процессорлық уақыты бойынша ерекшеленеді.

Синтаксистік талдау өте жылдам жүргізіледі, ДҚ-дың жүйелік каталогтарына жүгінуді талап етпейді.

Семантикалық талдау метадеректер қорымен, яғни жүйелік ДҚ каталогтарымен жұмыс істеуді талап етеді, сондықтан осы кезеңді орындау кезінде жүйелік каталогқа жүгінеді.

Сұраныс жоспарын оңтайландыруға байланысты кезең жүйелік каталогпен ғана емес, сұраныста пайдаланылатын барлық қатынастардың ағымдағы жағдайын, олардың сыртқы жадтың беттерінде және сегменттерінде физикалық орналасуын сипаттайтын ДҚ туралы статистикалық ақпаратпен жұмыс істеуін талап етеді. Аталған себептер салдарынан оңтайландыру кезең сұранысты орындау үрдісіндегі еңбекті көп қажет ететін және ұзақ. Алайда егер оңтайландыру кезеңін жүргізбесек, онда оңтайландырылмаған сұранысты орындау уақыты оңтайландырылған сұрныс уақытын бірнеше есе арттыруы мүмкін. Сұранысты оңтайландыруға жұмсалған уақыт оңтайландырылмаған сұратуды орындауға шығындарды орнын толтырады.

SQL операторларын орындау кезеңдері интерактивті режимде және қосымшаның ішінде бірдей.

Әдетте, әртүрлі бағдарламалық жүйелерде (ДҚБЖ) жасап шығарушылар SQL тілінің меншік модификацияларын кіріктіреді.

Кіріктірілген SQL-дің өз ерекшеліктері бар. Алайда SQL операторларын негізгі бағдарламалау тілімен біріктіру кезінде мына қағидалар сақталу керек:

• SQL операторлары бағдарламалаудың бастапқы тілінде тікелей бағдарлама мәтініне енгізіледі. Бастапқы бағдарлама SQL операторларын компиляциялайтын, SQL препроцессордың кіреберісіне келіп түседі;

• кіріктірілген SQL операторлары бағдарламалаудың негізгі тілінің ауыспалыларына сілтеуі мүмкін;

• кіріктірілген SQL операторлары бағдарламалаудың негізгі тілінің ауыспалылары көмегімен SQL-сұратулардың нәтижелерін алады;

• ДҚ қатынастарының атрибуттарына (NULL) белгісіз мәндерді тағайындау үшін арнайы қызметтер пайдаланылады;

• сұраныс нәтижелерінің жол бойынша өңделуін қамтамасыз ету үшін кіріктірілген SQL-ге интерактивті SQL-де болмайтын бірнеше жаңа оператор қосылады.

Деректерді манипуляциялау операторлары бағдарламалық SQL кодына кіріктіру үшін өзгертуді қажет етпейді. Алайда іздеу операторы (SELECT) өзгертуді талап етті.

SELECT стандартты операторы қалыптастырылған сұраныс шарттарына сәйкес, деректер жинағыш қайтарады. Интерактивті SQL-де осы алынған деректер жинағы пайдаланушы консоліне шығарылады және ол алынған нәтижелерді қарай алады.

SELECT кіріктірілген операторы бағдарламалаудың негізгі тілдерімен келісілетін деректердің құрылымдарын жасау керек.

Кіріктірілген SQL-де сұраныстар екі түрге бөлінеді:

• күтілетін нәтижелер деректердің бір жолына сәйкес келетін бір жолдық сұраныстар. Осы жол бірнеше бағанның мәнін құрауы мүмкін;

• нәтижесі біртұтас жолдар жинағын алу болып табылатын көп жолды сұраныстар. Бұл ретте қосымша барлық алынған жолды өңдеу мүмкіндігіне ие болу керек. Яғни, алынған жолдар жинағын қарайтын және өңдейтін механизм болу керек.

Сұраныстың бірінші түрі - кіріктірілген SQL бар бір жолды сұраныс — төмендегідей болатын SQL операторының модификациясын шақырды:

SELECT [{ALL | DISTINCT}] <қайтарылатын бағандар тізімі>
INTO <негізгі тілдің ауыспалылар тізімі>
FROM <бастапқы кестелер тізімі>
[WHERE <қосу және іздеу шарттары>]

Кіріктірілген SELECT операторына негізгі тілдің ауыспалылар тізімін құрайтын жаңа INTO операторы қосылды. Дәл осы ауыспалыларға бір жолдық сұратудың нәтижелері орналастырылады, сондықтан негізгі тілдің ауыспалылар тізімі тәртібі бойынша, түрі бойынша және деректер көлемі бойынша қайтарылатын бағандар тізімімен келісілу керек. Бағдарламалаудың кез-келген тілі ережелері бойынша барлық негізгі ауыспалылар алдын ала қолданбалы бағдарламада сипатталған. Мысалы, егер “Кітапхана” ДҚ-да READERS («Оқырмандар») кестесі болса, онда біз нақты бір оқырман туралы мәлімет ала аламыз.

CREATE TABLE READERS
(READER_JD Smallint (4) PRIMARY KEY.
FIRST_NAME char (30) NOT NULL.
LAST_NAME char (30) NOT NULL.
ADRES char (50).
HOME_PHON char (12).
WORK_PHON char (12).
BIRTH_DAY date CHECK (DateDiff (year. GetDate () DIRTH_DAY)>= 17
):

Ол үшін негізгі ауыспалыларды сипаттаймыз. Transact SQL тілін пайдалана отырып, MS SQL SERVER 7.0 үшін мысалды қарастырайық. Жергілікті ауыспалыларды сипаттау кезінде Transact SQL тілінде арнайы «@» символы пайдаланылады. Transact SQL-дегі комментарийлер/* комментарий */ жұп символдарға алынған.

```
DECLARE @reader_id INT
DECLARE @FIRS_NAME Char (30), @LAST_NAME Char (50). @ADRES Char (50)
DECLARE @HOME_PHON Char(12).l3WORK_PHON Char(12) /* оқырман билетінің бірегей нөмірін белгілейік */
SET @READER_ID = 4
/* енді сұратуды орындап, алынған мәліметтерді бұдан бұрын белгіленген ауыспалыларға орналастырамыз */
SELECT READERS.FIRST_NAME. READERS.IAST_NAME. READERS.ADRES.
READERS.HOME_PHON. READERS.WORK_PHON
INTO @FIRS_NAME. @LAST_NAME. @ADRES. @HOME_PHON. @WORK_PHON
FROM READERS
WHERE READERS.READER_ID = @READER_ID
```

Осы қарапайым мысалда біз ауыспалылардың аттарын READERS кестесінің баған аттарындай жасадық, бірақ бұл міндетті емес. Алайда транслятор осы объекттерді ерекшелей алады, сондықтан Transact SQL диалектісінде жергілікті ауыспалыларды арнайы «@» символына алу қабылданған. Мысалда біз өрістердің білікті аттарын, кесте атына алынған өрістер аттарын пайдаландық. Алайда бұл міндетті емес, себебі сұраныс тек бір кестенің деректерін таңдайды.

Осы мысалда негізгі ауыспалылар әртүрлі рөлді атқарады. @READER_ID жергілікті ауыспалы сұранысқа қатысты кіреберіс болып табылады. Оған 4 мәні тағайындалған. Сұраныста бұл мән деректерді сүзу үшін пайдаланылады, сондықтан осы ауыспалы WHERE шартында пайдаланылады.

Қалған негізгі ауыспалылар шығаберіс ауыспалылар рөлін атқарады. Онда ДҚБЖ-ге ДҚ-дан алынған READERS қатынасының тиісті өрістерінің мәндерін орналастыра отырып, сұранысты орындау нәтижелерін орналастырады.

9.2. Көп жолды сұраныстарды өңдеу меңзерлері - операторлары

Одан күрделірек - көп жолды сұраныстарды қарастырамыз. Көп жолды сұраныстарды іске асыру үшін меңзер немесе жазбалар жинағын көрсеткіш ұғымы енгізіледі.

Меңзермен жұмыс істеу үшін бірнеше жаңа SQL операторы қосылады:

DECLARE CURSOR орындалатын сұранысты айқындайды, меңзер атын белгілейді және сұраныс нәтижелерін белгіленген меңзермен байланыстырады. Бұл оператор сұраныс үшін орындаушы болып табылмайды, ол тек келешек көптеген жазбалар құрылымын айқындайды және оны меңзердің бірегей атымен байланыстырады.

Бұл оператор бағдарламалау тілдеріндегі деректерді сипаттау операторына ұқсас;

OPEN ДҚБЖ-ге сипатталған сұранысты орындау, белгіленген сұранысқа сәйкес келетін виртуалды жолдар жинағын жасау командасын береді. OPEN операторы нәтижелер жолының виртуалды жинағының бірінші жолының алтына жазбаларға нұсқаушыны (меңзерді) орнатады;

FETCH жазбаға нұсқаушыны келесі позицияға жылжытады. Көптеген ДҚБЖ-де бұл оператор орын ауыстырудың аса кең қызметтерін іске асырады. Ол нұсқаушыны туынды жазбаға, ілгері және кейін жылжыту мүмкіндігін береді, абсолютті және салыстырмалы адресаттауға жол береді, меңзерді динамикалық кестенің бірінші немесе соңғы жазбасына орнату мүмкіндігін береді;

CLOSE меңзерді жабады және динамикалық кесте жазбаларына қолжетімдікті тоқтатады. Ол меңзер мен негізгі сұранысты орындау нәтижесі арасындағы байланысты іс-жүзінде жояды. Алайда коммерциялық ДҚБЖ-да CLOSE операторы виртуалды жазбалар жинағын жоюды білдіре бермейді.

Стандарт меңзерді айқындау операторының келесі синтаксисін айқындайды:

DECLARE <меңзер_аты>CURSOR FOR
<меңгер_сипаттізімі>Меңзердің сипаттізімі>::= <SELECT сұраныстың_тіркесі>

Меңзердің аты — бұл бағдарламалаудың негізгі тіліндегі қол жетімді сәйкестендіргіш.

Меңзерді жариялауда негізгі ауыспалылар пайдаланылуы мүмкін. Алайда OPEN операторын орындау кезінде негізгі сұраныстағы мәндерді сүзу шарттарына байланысты, кіреберіс ауыспалылар ретінде пайдаланылатын барлық негізгі ауыспалылардың мәндері белгілену керек екенін есте сақтаған жөн.

Кітапхананың барлық қарызға алушылардың тізімін құрайтын меңзерді айқындаймыз. Қарыз алушылар деп қолында тапсыру мерзімі өтіп кеткен, кемінде бір кітап бар оқырмандарды атайық.

```
DECLARE Debtor_reader_cursor CURSOR FOR
SELECT READERS. FIRST_NAME. READERS. LAST_NAME,
READERS.ADRES.
READERS.HOME_PHON. READERS.WORK_PHON. BOOKS.
TITLE
FROM READERS. BOOKS.EXEMPLAR
WHERE READERS.READER_ID = EXEMPLAR. READER_ID AND
BOOKS.ISBN = EXEMPLARE. ISBN AND
EXEMPLAR. DATA_JUT > Getdate()
ORDER BY READERS. FIRST NAME
```

Меңзерді айқындау кезінде біз қайтадан Transact SQL Getdate() қызметін пайдаландық, ол ағымдағы күннің мәнін қайтарады. Сонымен, белгілі бір меңзер кітапханаға уақытында қайтармаған, кітап атаулары көрсетілген, қарызға алушылар тізімін құрайтын жолдар жинағын жасайды.

SQL2 Transact SQL стандартына сәйкес меңзердің кеңейтілген анықтамасын құрайды.

DECLARE <меңзердің_аты>[INSENSITIVE] [SCROLL] CURSOR FOR<SELECT ТАҢДАУ ОПЕРАТОРЫ>
[FOR {READ ONLY | UPDATE [OF <баған_аты1> [....n]]}]

INSENSITIVE (сезімтал емес) параметрі меңзерді ашқаннан кейін басқа пайдаланушылар жасалған бастапқы кестелердегі барлық өзгерістер көрінбейтін, айқындалатын меңзерге сәйкес келетін жолдар жинағының режимін айқындайды. Осындай деректер жинағы басқа пайдаланушылармен бастапқы кестелерде жүргізілуі мүмкін барлық өзгерістерге сезімтал болмайды, меңзердің осы түрі ДҚ-мен "дереу жабысуына" сәйкес келеді.

ДҚБЖ осындай меңзерді аса жылдам әрі үнемді өңдей алады. Сондықтан егер ДҚ жағдайын белгілі бір нақты уақытқа қарастыру және өңдеу шынымен қажет болса, онда "сезімтал емес меңзерді" жасаудың мәні бар.

SCROLL өзекті сөзі FETCH операторында меңзер бойынша (FIRST, LAST, PRIOR, NEXT, RELATIVE, ABSOLUTE) кез-келген режимге орналастыру қолжетімді болатынын айқындайды.

Егер SCROLL өзекті сөзі көрсетілмесе, онда тек стандартты ілгері жылжыту қолжетімді болып есептеледі: FETCH операторындағы NEXT сипаттізімі.

Егер READ ONLY (тек оқуға арналған) сипаттізімі көрсетілсе, онда бастапқы кестелердің өзгерістері мен жаңартулары осы меңзерді пайдалана отырып орындалмайды. Осындай сипаттізімі бар меңзер өңдеу барысында ең жылдам болуы мүмкін. Алайда READ ONLY сипаттізімін арнайы көрсетпесеңіз, онда ДҚБЖ негізгі кестелермен модификация операцияларына рұқсат етілген деп есептейді, бұл жағдайда ДҚ тұтастығын қамтамасыз ету үшін жүйе меңзермен операцияларды баяу өңдейді.

UPDATE [OF <баған аты 1> [,...<баған атын>]] параметрі пайдалану кезінде біздің меңзермен жұмысымыз барысында өзгерістерге рұқсат етілетін, бағандар тізбесін белгілейміз. Осындай шектеу ДҚБЖ жұмысын жеңілдетеді және жылдамдатады. Егер бұл параметр көрсетілмесе, онда меңзердің барлық бағандарын өзгертуге болады деп болжалады. Біздің мысалға оралайық. Егер бізге қарыз алушылар туралы мәліметтерді беретін ДҚ дереу жабысуы қажет болса, онда меңзермен жұмысты жылдамдату мүмкіндігін беретін барлық параметрлерді қолданамыз.

Онда меңзерді сипаттау операторы келесі түрде болады:

```
DECLARE Debtor_reader_cursor INSENSITIVE CURSOR FOR
SELECT READERS.FIRST_NAME. READERS.LAST_NAME. READERS.ADRES. READERS.HOME_PHON. READERS.WORK_ PHON. BOOKS.TITLE
FROM READERS.BOOKS.EXEMPLAR
WHERE READERS.READER_ID = EXEMPLAR.READER_ID AND
BOOKS.ISBN = EXEMPLARE.ISBN AND EXEMPLAR.DATA_OUT
> Getdate ()
ORDER BY READERS.FIRST_NAME
FOR READ ONLY
```

Меңзерді сипаттау кезінде меңзермен байланысты жолдардың негізгі жинағын жасау үшін пайдаланылатын SELECT операторының түріне шектеу жоқ. SELECT операторында топтастырулар және кіріктірілген қосалқы сұраныстар, есептелетін өрістер пайдаланылуы мүмкін.

Кеңейтілген FETCH операторы келесі синтаксиске ие: FETCH
[NEXT | PRIOR | FIRST | LAST |
ABSOLUTE {n | <ауыспалының_аты>}
| RELATIVE{n|<ауыспалының_аты>}]
FROM
<меңзердің аты>INTO <негізгі ауыспалылар тізімі>

МұндаNEXT параметрі меңзермен байланысты негізгі жолдар жинағындағы ағымдағыдан кейінгі келесі жолдың таңдалуын белгілейді. PRIOR параметрі ағымдағыға қатысты бұдан бұрынғы жолдың жылжытылуын белгілейді. FIRST параметрі жинақтың бірінші жолына, ал LAST параметрі жинақтың соңғы жолына жылжытылуын белгілейті.

Бұдан басқа, кеңейтілген жылжыту операторында бірден белгіленген жолған орналастыруға рұқсат етіледі; бұл ретте ABSOLUTE параметрімен белгілей отырып, абсолютті адресаттау және RELATIVE параметрімен белгілей отырып, салыстырмалы адресаттауға рұқсат етіледі. Салыстырмалы адресаттау кезінде оң сан нұсқарды ағымдағы жазбадан төмен, теріс сан ағымдағы жазбадан жоғары жылжытады.

Алайда кеңейтілген FETCH операторын қолдану үшін SQL2 стандартына сәйкес меңзердің сипаттамасы міндетті түрде SCROLL өзекті сөзін құрауы керек. Кейде мұндай меңзерлер бұралатын деп аталады. Стандартқа осы меңзерлер жақын арада ғана енді, сондықтан коммерциялық ДҚБЖ-де ұқсас меңзерлермен жұмыс істейтін операторлар жиі қатты ерекшеленеді.

Бүгінгі күннің реалийлері коммерциялық ДҚБЖ жеткізушілерін SQL соңғы стандартын аса қатаң қадағалауға мәжбүрлейді. Техникалық құжаттамада FETCH операторының синтаксисінің екі нұсқасын кездестіруге болады: біреуі, стандартқа сәйкес келеді және екіншісі меңзермен жұмыс істеу үшін тек ДҚБЖ деректерімен ұсынылатын қосымша мүмкіндіктермен стандартты кеңейтеді.

Егер сіз ДҚ басқа платформаға орын ауыстыру қажет деп болжасаңыз, ал бұны әрқашан көздеу керек, онда стандартты мүмкіндіктерді пайдаланған жөн. Бұл жағдайда қосымша аса платформалы-тәуелсіз болады және басқа ДҚБЖ-ға орын ауыстыру жеңіл болады.

9.3. Меңзерді жабу операторы

Меңзерді жабу операторының синтаксисі қарапайым, ол мынадай болады:

CLOSE<меңзердің_аты>

Меңзерді жабу операторы меңзерді ашу операторымен жасалған уақытша кестені жабады және қолданбалы бағдарламаның осы объектке қолжетімдігін тоқтатады. Жабу операторының бірден-бір параметрі меңзердің аты болып табылады.

Меңзерді жабу операторы меңзерді ашу операторынан кейін кез-келген сәтте орындалуы мүмкін.

Кейбір коммерциялық ДҚБЖ-де меңзерді жабу операторынан басқа меңзерді деактивациялау (жою) операторы пайдаланылады. Мысалы, MS SQL Server 7.0-де меңзерді жабу операторымен қатар

DEALLOCATE <меңзердің_аты> операторы пайдаланылады.

Мұнда меңзерді жабу операторы меңзерге байланысты деректер жинағын жоймайды, тек оған қолжетімдікті жабады және бұдан бұрын осы меңзермен байланысты болған барлық бұғаттауларды босатады.

DEALLOCATE SQL Server операторын орындау кезінде DECLARE меңзерді сипаттау командасымен пайдаланылатын бөлінетін жадты босатады. Осы команданы орындағаннан кейін осы меңзер үшін OPEN командасын орындау мүмкін емес.

9.4. Меңзерді пайдалана отырып деректерді жою және жаңарту

Қолданбалы бағдарламаларда меңзерлер жиі деректерді ретімен қарау үшін пайдаланылады. Егер меңзер топтастыру операциясымен байланысты болмаса, онда іс жүзінде меңзердің әрбір жолы қатаң түрде бастапқы кестенің бір жолына ғана сәйкес келеді және осы жағдайда меңзерді деректерді жедел түзету үшін пайдалану қолайлы.

Стандартта меңзерге байланысты деректерді түрлендіру операциялары анықталған. Меңзердің ағымдағы көрсеткішіне байланысты жолды жою операциясының синтаксисі мынадай:

DELETE FROM <кестенің аты> WHERE CURRENT OF <меңзердің аты>

Егер операторда көрсетілген меңзер ашық және кейбір жолған орнатылған болса және меңзер өзгертілетін кестені анықтаса, онда меңзердің ағымдағы жолы жойылады, ал ол келесі жолдың алдында позицияланады. DELETE операторының FROM бөлімінде көрсетілген кесте меңзер сипаттізімінің FROM ең сыртқы бөлімінде көрсетілген кесте болу керек.

Егер меңзердің келесі жолын оқу қажет болса, онда FETCH NEXT операторын қайтадан орындау керек.

Меңзер деректерді түрлендіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Позициялық түрлендіру операциясының синтаксисі мынадай:

UPDATE <кестенің_аты> SET <бағанның_аты>= (<мәні> | NULL} [{,<бағанның_аты>= {<мәні> | NULL}}...]
WERE CURRENT OF <меңзердің_аты>

Позициялық жаңартудың бір операторы меңзердің ағымдағы позициясына сәйкес келетін, кесте жолдарының бағандарының бірнеше мәні ауыстырылуы мүмкін. Түрлендіру операциясын орындағаннан кейін меңзер позициясы өзгермейді.

Жоюдың (DELETE) және түрлендірудің (UPDATE) позициялық операторларын қолдану үшін меңзер SQL1 стандартына сәйкес келесі талаптарға сәйкес келу керек:

• меңзерге байланысты сұраныс деректерді бір бастапқы кестеден оқу керек, яғни (DECLARE CURSOR) меңзерді айқындауға байланысты SELECT сұраныстың FROM ұсынысында тек бір кесте белгілену керек;

• сұраныста ORDER BY ретке келтіру параметрі болмауы мүмкін. Меңзер жолдары мен бастапқы кестенің өзара сәйкестігі сақталу үшін меңзер ретке келтірілген деректер жинағын сәйкестендіру керек;

• сұраныста DISTINCT өзекті сөзі болмауы керек;

• сұраныста топтастыру операциясы болмауы керек, яғни онда GROUP BY немесе HAVING ұсынысы болмауы керек;

• позициялық жою немесе жаңарту операцияларын қолданғысы келетін пайдаланушы негізгі кестеде осы операцияларды орындауға тиісті құқыққа ие болу керек.

Жаңарту операциялары үшін меңзерді пайдалану ДҚБЖ тарапынан ұқсас меңзермен жұмысты айтарлықтай күрделендіреді, сондықтан позициялық түрлендіруге байланысты операциялар тек оқу үшін пайдаланылатын меңзермен операцияларға қарағанда аса баяу орындалады. Дәл сондықтан меңзерді анықтау операторында егер түрлендіру операциясы үшін осы меңзерді пайдаланғыңыз келмесе, READ ONLY сөйлемін көрсету міндетті. Егер бастапқы дәлдеу бойынша қосымша нұсқаулар болмаса, ДҚБЖ түрлендіру мүмкіндігімен меңзерді жасап шығарады.

Меңзерлер — қосымшалардың бизнес-логикасын қалыптастыруға арналған қолайлы құрал, алайда түрлендіру мүмкіндігі бар меңзерді ашсаңыз, онда ДҚБЖ сіздің меңзеріңізге кірген негізгі кестенің барлық жолдарын бұғаттайды және осылай басқа пайдаланушылардың осы кестемен жұмысы бұғатталады.

Қажетті бұғаттау санын азайту үшін, интерактивті бағдарламалар жұмыс істеген кезде келесі ережелерді сақтаған жөн:

- транзакцияларды барынша қысқа ету керек;
- әрбір сұраныстан кейін және бағдарлама жасаған өзгертулерден кейін барынша жылдам COMMIT аяқтау операторын орындау керек;
- пайдаланушымен қарқынды өзара әрекеттесу жүзеге асырылатын немесе деректердің жолдары көп қаралатын бағдарламалардан қашқақтау керек;
- егер мүмкін болса, онда айналатын меңзерлерді (SCROLL) қолданбаған жөн. Себебі олар ашық меңзерге байланысты барлық іріктеу жолдарының бұғатталуын талап етеді;
- қарапайым реттік меңзерді пайдалану сізбен параллельді жұмыс істейтін және сол кестелерді пайдаланатын басқа пайдаланушылардың бұғатталуын азайтатын, FETCH операциясы орындалғаннан кейін жүйеге ағымдағы жолды бұғаттаудан шығару мүмкіндігін береді;
- егер мүмкін болса, меңзерді READ ONLY деп айқындаңыз.

Біз клиент-сервер модельдерін қарастырған кезде, дерекқор серверлерінің дамыған модельдерінде клиенттік қосымшаның бизнес-логикасының үлкен бөлігі клиентте емес, дәл осы серверде орындалады. Ол үшін сақталатын рәсімдер деп аталатын және ДҚ-да кестелер мен өзге негізгі объекттер ретінде сақталатын, арнайы объекттер пайдаланылады.

Осыған орай, қосымшаларда пайдаланылуы мүмкін меңзерлер әдетте сервер меңзерлері мен клиент меңзерлері деп бөлінеді.

Сервердің меңзері серверде құрылады және орындалады; оған байланысты деректер клиенттің компьютеріне жолданбайды. Сервердің меңзерлері әдетте сақталатын рәсімдер немесе триггерлерде айқындалады.

Клиенттің меңзерлері — бұл клиентте орындалатын қолданбалы бағдарламаларда айқындалатын меңзерлер. Осы меңзерге байланысты жолдар жинағы клиенттің компьютеріне жіберіліп, сонда өңделеді. Егер меңзермен үлкен деректер жинағы байланысты болса, онда меңзерге байланысты жолдар жинағын жіберу операциясы желі мен клиенттік компьютердің айтарлықтай уақыты мен ресурстарын алуы мүмкін.

Әрине, сервердің меңзерлері аса үнемді және жылдам орындалады. Сондықтан меңзерлерді пайдалануға байланысты соңғы ұсыныс клиент меңзерінің орнына сервер меңзерін жиірек пайдаланатындай, қосымшаңыздың жұмыс істеу логикасын трансформациялау керек.

9.5. Сақталатын рәсімдер

ДҚ-мен жұмыс істейтін қосымшалар тұрғысынан сақталатын рәсімдер (Stored Procedure) — бұл серверде орындалатын қосалқы бағдарламалар. ДҚ-ға қатысты - бұл ДҚ-да жасалатын және сақталатын объекттер. Олар клиенттік қосымшалардан шақырылуы мүмкін. Бұл ретте бір рәсім клиенттік қосымшаның кез-келген мөлшерінде пайдаланылуы мүмкін, бұл қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы жасап шығаруға еңбек шығынын айтарлықтай үнемдеу және кодты қайтадан пайдалану стратегиясын тиімді қолдану мүмкіндігін береді. Кез-келген рәсімдер сияқты бағдарламалаудың стандартты тілдерінде сақталатын рәсімдер кіреберіс және шығаберіс параметрлерге ие болуы мүмкін немесе мүлде болмауы мүмкін.

Сақталатын рәсімдер пайдаланушы қосымшаларымен ғана емес, сондай-ақ триггерлермен белсендірілуі мүмкін.

Сақталатын рәсімдер бағдарламалаудың арнайы кіріктірілген тілінде жазылады. Олар кез-келген SQL операторын құрауы мүмкін, сонымен қатар бағдарламалаудың рәсімге бағдарланған тілдерінің баламалы операторларына ұқсас, бағдарламаларды орындау барысын басқаратын операторлар жинағын құрайды. Коммерциялық ДҚБЖ-де сақталатын рәсімдердің мәтіндерін жазу үшін бағдарламалаудың меншік тілдері пайдаланылады. Сонымен, ДҚБЖ Oracle-да ол үшін PL/SQL тілі, ал MS SQL Server-де Transact SQL тілі пайдаланылады. Oracle-дің соңғы нұсқаларында сақталатын рәсімдерді жазу үшін Java тілін пайдалану жарияланған.

Сақталатын рәсімдер ДҚ объекттері болып табылады. Әрбір сақталатын рәсім алғаш орындау кезінде компиляцияланады. Компиляция барысында рәсімдерді орындаудың оңтайлы жоспары құрылады. Рәсімнің сипаттамасы оны орындау жоспарымен бірге ДҚ жүйелік кестелерінде сақталады.

Сақталатын рәсімді құру үшін SQL CREATE PROCEDURE операторы қолданылады.

Сақталатын рәсімді өздігінен тек ДҚ иесі ғана және сақталатын рәсімді құрушы орындай алады. Алайда сақталатын рәсімнің иесі оны іске қосу ережелерін басқа пайдаланушыларға табыстай алады.

Сақталатын рәсімнің аты жазылатын бағдарламалау тілінде сәйкестендіруші болып табылады және осы тілдегі сәйкестендірушілерге қойылатын барлық талаптарға сәйкес келу керек.

MS SQL Server-де сақталатын рәсім келесі оператормен жасалады:

```
CREATE PROCEDURE <рәсімнің_аты> [;<нұсқа>]
{(@параметр1деректер_түрі}
[VARYING] [=<өздігінен_мәні>] [OUTPUT]] [,.параметр^]
[ WITH
{RECOMPILE | ENCRYPTION | RECOMPILE, ENCRYPTION}]
[FOR REPLICATION]
AS РӘСІМНІҢ ДЕНЕСІ
```

Мұндағы міндетті емес VARYING өзекті сөзі бұдан бұрын айқындалған параметр үшін өздігінен белгіленген мәнді айқындайды.

RECOMPILE өзекті сөзі құрылатын сақталатын рәсімнің компиляция режимін айқындайды. Егер RECOMPILE өзекті сөзі белгіленсе, онда рәсім орындауға шақырылған сайын қайта компиляцияланады. Бұл рәсімнің орындалуын баяулатуы мүмкін. Алайда егер осы сақталатын рәсіммен өңделетін деректер алғаш шақыру кезінде жасалған бұдан бұрынғы орындау жоспары одан арғы шақырулар кезінде мүлде тиімсіз болатындай қарқынды болса, онда осы рәсімді құру кезінде осы параметрді қолданған жөн.

ENCRYPTION өзекті сөзі сақталатын рәсімнің бастапқы мәтіні ДҚ-да сақталмайтын режимді айқындайды. Мұндай режим сақталатын рәсімдер болып табылатын зияткерлік өнімге авторлық құқықты сақтау үшін қолданылады. Жасап шығарушы жасап шығарылған рәсімдердің бастапқы мәтіндері тапсырыс берушіде жұмыс істейтін ДҚ әкімшісіне қолжетімді болғанын қаламаса, осындай режим жиі қолданылады.

Алайда сақталатын рәсімнің атынан басқа барлық қалған параметрлер міндетті емес. Рәсімдер рәсім немесе қызмет-рәсімдер болуы мүмкін. Бұл ұғымдар мұнда жоғары деңгейлі бағдарламалау тіліндегідей дәстүрлі түсіндіріледі. Сақталатын қызмет-рәсім рәсімнің атын айқындайтын ауыспалыға тағайындалатын мәнді қайтарады.

Рәсім мәнді айқын түрінде қайтармайды, алайда онда осы параметрдің шыға беріс болып табылатынын айқындайтын OUTPUT өзекті сөзі пайдаланылуы мүмкін.

Қарапайым сақталатын рәсімнің бірнеше мысалын қарастырайық.

/* параметрлер кітапханасындағы нақты кітап данасының болуын тексеретін рәсім:

@ISBN — кітаптың шифрі — рәсім дана санына тең параметрді қайтарады. Егер нөл қайтып келсе, онда бұл кітапханадағы осы кітаптың бос данасы жоқ екенін білдіреді. */ CREATE PROCEDURE COUNT_EX ((@ISBN varchar (12))

AS

/* ішкі ауыспалының анықтаймыз */

DECLARE (@TEK_COUNT int

/* тиісті операторды орындаймыз SELECT

Қазіргі уақытта оқырмандардың қолындағы емес, кітапханадағы даналарды ғана санаймыз */

SELECT @TEK_COUNT = select count (*)

FROM EXEMPLAR

WHERE ISBN = @ISBN

AND READER_@ID Is NULL AND EXIST = True /* 0 — кітапханадағы осы кітаптың бірде бір бос данасының жоқтығын білдіреді */

RETURN @TEK_COUNT

Сақталатын рәсім бірнеше тәсілмен шақырылуы мүмкін. Қарапайым тәсіл - операторды пайдалану:

EXEC <рәсімнің аты><кіреберіс параметрдің мәні1>... <шығаберіс параметрге арналған ауыспалының аты 1>...

Бұл ретте барлық кіреберіс және шығаберіс параметрлер міндетті түрде рәсімде айқындалған тәртіппен белгіленуі керек.

Мысалы, егер ISBN 966-7393-0809 бар «Oracle8. Пайдаланушы энциклопедиясы» кітаптар данасының санын табу керек болса, онда бұдан бұрын жасалған сақталатын рәсімді шақыру мәтіні төмендегідей болу керек:

/*Екі ауыспалы айқындалды: осы кітаптың @Ntek данасы кітапханада бар; @ISBN — кітаптың халықаралық шифрі */ declare @Ntek int

DECLARE @ISBN VARCHAR(14)

/* Ауыспалының мәнін тағайындаймыз @ISBN */

SELECT @ISBN = '966-7393-08-09'

/* @Ntek ауыспалыға COUNT_EX сақталатын рәсімді орындау нәтижелерін тағайындаймыз*/

EXEC @Ntek =COUNT_EX:2 @ISBN

Егер сақталатын рәсімнің бірнеше нұсқасы айқындалса, онда шақыру кезінде орындауға арналған нақты нұсқаның нөмірін көрсете аласыз. Мысалы, COUNT_EX рәсімнің 2 нұсқасында осы рәсімді орындайтын соңғы операторды түрі төмендегідей

EXEC @Ntek =COUNT_EX:2 @ISBN

Алайда, егер рәсімде кіреберіс параметрлердің мәндері өздігінен айқындалса, онда рәсімді іске қосу кезінде барлық параметрдің мәні көрсетілмеуі мүмкін. Бұл жағдайда рәсімді шақыру операторы келесі түрде жазылуы мүмкін:

EXEC <рәсімнің аты><параметрдің аты1>=<параметрдің мәні 1>... <параметрдің атыN>=<параметрдің мәніN>...

Мысалы, белгілі бір баспа белгілі бір жылы басып шығарған кітап санын есептейтін рәсімді құрамыз. Рәсімді құру кезінде басып шығарылған жылы ретінде өздігінен ағымдағы жылдың мәнін белгілейміз.

CREATE PROCEDURE COUNT_BOOKS (@YEARIZD int = Year (GetDate()).

@PUBLICH varchar (20))

/* белгілі бір жылы басып шығарылған, нақты баспаның кітап санын есептеу рәсімі. Параметрлері: @YEARIZD int басып шығарылған жылы және

@PUBLICH баспаның аты */

AS

DECLARE @TEK_Count int

SELECT @TEK_COUNT = SELECT COUNT (ISBN)

FROM BOOKS

WHERE YEARIZD =@YEARIZD AND PUBLICH = @PUBLICH

SELECT операторымен орындаумен бірге оны орындау нәтижелері бұдан бұрын айқындалған @lLK_Count ауыспалыға тағайындалады*/

/* рәсімнің жұмыс істеу нәтижесін қалыптастыру кезінде біз кітапханада белгіленген жылы шығарылған кейбір баспаның бірде бір кітабы болмауы мүмкін екенін есепке алуымыз керек. Бұл жағдайда SELECT сұранысын орындау нәтижесінің мәні белгісіз болады, бірақ санды мәндерді талдаған жөн. Сондықтан біз қайтарылатын мән ретінде nl,n2,...,nm мәндер тізімінен алғашқы нақты мәнді, яғни NULL тең болмайтын мәнді қайтаратын, Transact SQL COALESCE (nl,n2,...,nm) тілінің арнайы кіріктірілген қызметінің жұмыс нәтижелерін пайдаланамыз*/

RETURN COALESCE (@TEK_Count, ())

Енді осы рәсімді шақырамыз, ол үшін рәсімді орындау нәтижелерін орналастыруға болатын ауыспалыны дайындаймыз:

declare @N int

@N ауыспалыда ағымдағы жылы «АКАДЕМИЯ» баспасы басып шығарған, кітапханада бар кітап санын аламыз. Біз барлық параметрлерді белгілей отырып, осы рәсімге қайта орала аламыз:

EXEC @N = COUNT_BOOKS @PUBLICH = 'АКАДЕМИЯ', @YEARIZD = 2004

Сонда 2014 ж. «АКАДЕМИЯ» баспасымен басып шығарылған және біздің кітапханамызда бар кітап санын аламыз.

Егер біз параметрлерді аттары бойынша белгілейтін болсақ, онда рәсімді жасау кезінде сипатталған тәртіппен белгілеу міндетті емес.

Әрбір сақталатын рәсім ДҚ объектісі болып табылады. Жүйелік каталогта оның бірегей аты мен бірегей ішкі нөмірі бар. Біз сақталатын рәсімнің мәтінін өзгерту кезінде алдымен осы рәсімді ДҚ-да сақталатын объект ретінде жоюымыз керек және содан кейін ғана оның орнына жаңасын жазуымыз керек. Сақталатын рәсімді жою кезінде сол уақытта оның барлық нұсқасы жойылатынын атап өткен жөн.

Ескі рәсімді жою және оны жаңасына ауыстыру үрдісін автоматтандыру үшін, сақталатын рәсім мәтінінің басында жүйелік каталогта осындай аты бар “сақталатын рәсім” типті объекттің болуын тексеруге болады және осы объекттің сипаттамасы болған жағдайда оны жүйелік каталогтан жою керек. Бұл жағдайда сақталатын рәсімнің мәтіні арнайы тексеру операторымен ескертіледі және мысалға, келесі түрде болуы мүмкін:

/* жүйелік каталогта осындай аты және ДҚ иесі жасаған типті объекттің болуын тексеру */

IF exists (select * from sysobjects where id = object_id ('dbo.NEW_BOOKS') and systant & Oxf = 4)

/* егер объект болса, онда оны алдымен жүйелік каталогтан жоямыз*/

drop procedure dbo.NEW_BOOKS

GO

CREATE PROCEDURE NEW_BOOKS (@ISBN varchar (12).@TITL varchar (255),@AUTOR varchar (30).@COAUTOR varchar (30).@

YEARIZD int. @PAGES INT,@NUM_EXEMPL INT)

/* осы кітаптың дана саны көрсетілген жаңа кітапты енгізу рәсімі

```
Параметрлер
@ISBN          varchar (12) — кітап шифрі
@TITL          varchar(255) — атауы
@AUTOR         varchar(30) — автор
@COAUTOR       varchar(30) — бірлескен автор
@YEARIZD       int          — басып шығарылған жылы
@PAGES         int          — бет саны
@NUM_EXEMPL    int          — дана саны */
AS
/*қалған кіріске алынбаған, яғни инвентарлы нөмірлер тағайындалмаған кітап данасының саны сақталатын ауыспалыны сипаттаймыз */
/DECLARE @TEK int
/ *кітап туралы деректерді BOOKS кестесіне енгіземіз*/
INSERT INTO BOOKS VALUES @ISBN. @TITL. @AUTOR. @COAUTOR.@YEARIZD@PAGES)
/* қалған енгізілуі қажет дана санының ағымдағы есептегіш мәнін тағайындау /
SELECT @TEK = @NUM_EXEMPL
/* осы кітаптың жаңа данасын енгізу үшін циклді ұйымдастырамыз */ WHILE @TEK>0 /* қалған дана саны нөлден артық */

BEGIN
/* кітап данасының инвентарлы нөмірі үшін IDENTITY қасиетін белгілегендіктен, инвентарлы нөмірді енгізу қажет емес. СУБД бұдан бұрынғыға бір бірлікті қосып, оны автоматты түрде есептейді, INSERT енгізу операторын орындау кезінде енгізеді.
Кітапханадағы дананың барын айқындайтын ая (EXIST), — логикалық ая; біз онда кітапханадағы бар кітап данасына сәйкес келетін TRUE мәнін енгіземіз */
INSERT into EXEMPLAR (ISBN.DATA_IN. DATA_OUT. EXIST)
VALUES (@ISBN.GetDate ().GetDate ()).TRUE)
/* қалған дана санын есептегіштің ағымдағы мәнін өзгерту */
SELECT @TEK = @TEK - 1
END /* кітап данасы туралы деректерді енгізу циклінің соңы */

GO
```

Егер біз дананың инвентарлы нөмірі ретін инкрементті аяны пайдаланбасақ, кітапханада сақталатын соңғы кітап данасының нөмірін бір бірлікке арттыра отырып, инвентарлы нөмірді өзіміз тағайындау алушы едік. Кітапханада бар дана санын есептеуге болатын еді, бірақ біз кейбіреулерін жойып алар едік. Сонда жаңа дананың нөмірі әлдеқайда пайдаланылуы мүмкін және біз деректерді енгізе алмаймыз, жүйе бастапқы кілттің бірегейлігін бұзу мүмкіндігін бермейді.

Бұл жағдайда рәсімнің мәтіні төмендегідей болады:

```
/* жүйелік каталогта ДҚ иесі жасап шығарған, осындай аты мен түрі бар объекттің болуын тексеру */
if exists (select * from sysobjects where id = object_id('dbo. NEW_BOOKS') and sysstat & Oxf = 4)
/* егер объект болса, онда алдымен оны жүйелік каталогтан жоямыз*/
drop procedure dbo. NEW_BOOKS
CREATE PROCEDURE NEW_BOOKS (@ISBN varchar (12).@TITL varchar (255),@AUTOR varchar (30).@CoAuTOR varchar (30).@ YEARIZD int. @PAGES INT,@NUM_EXEMPL INT)
/* осы кітаптың дана саны көрсетілген жаңа кітапты енгізу рәсімі Параметрлер

@ISBN          varchar (12)    кітаптың шифрі
@TITL          varchar(255)    атауы
@AUTOR         varchar(30)     автор
@COAUTOR       varchar(30)     бірлескен автор
@YEARIZD       int             шығарылған жылы
@PAGES         int             бет саны
@NUM EXEMPL    int             дана саны */
 */
DECLARE @TEK int
DECLARE @INV int
INSERT INTO BOOKS VALUES (@ISBN.@TITL.@AUTOR. @COAUTOR.@YEARIZD.@PAGES)
/* қалған енгізілуі қажет дана санының ағымдағы есептегіш мәнін тағайындау */
SELECT @TEK = @NUM EXEMPL
/* кітапханадағы инвентарлы нөмірдің ең жоғарғы мәнін айқындау */
SELECT @INV = SELECT MAX (ID_XEMPLAR)
FROM EXEMPLAR
/* осы кітаптың жаңа данасын енгізу үшін циклді ұйымдастырамыз */
WHILE @TEK>0
/* қалған дана саны нөлден артық */ BEGIN

insert into EXEMPLAR (ID_XEMPLAR.ISBN.DATA_IN. DATA_OUT.EXIST)
VALUES ((@INV.(@ISBN.GETDATE (). GETDATE (), TRUE) /* есептегіш пен инвентарлы нөмірді есептегіштің ағымдағы мәндерін өзгерту */
```

```
SELECT @TEK = @TEK - 1 SELECT @INV = @INV + 1
END
/* кітап данасы туралы деректерді енгізу циклінің соңы */
GO
```

Сақталатын рәсімдер басқасын шақыруы мүмкін. Белгілі бір оқырманның оқу билетінің нөмірін қайтаратын сақталатын рәсімді жасап шығарамыз:

```
if exists (select * from sysobjects where id = object fd ('dbo.
CK_READER') AND sysstat & Oxf = 4)
/* егер объект болса, алдымен оны жүйелік каталогтан жоямыз */
drop procedure dbo.CK_READER
/* Егер оқырман болса, рәсім оқу билетінің нөмірін қайтарады, және болмаса - 0. Параметрлер ретінде тегі мен туған күнін жібереміз */
CREATE PROCEDURE CK_READER (@FIRST_NAME varchar
(30). @BIRTH_DAY varchar (12))
AS
/*оқу билетінің нөмірі сақталатын, ауыспалыны сипаттаймыз */
DECLARE @NUM_READER INT /* оқырманның болуын
анықтаймыз */
SELECT @NUM_READER = STLECT NUM_READER FROM
READERS
WHERE FIRST_NAME = @ FIRSTJAME AND convert (varchar (8).
BIRTH_DAY,4) = @BIRTH_DAY
RETURN COALESCE ((@NUM_READER.0)
```

Біз мұнда da.ta.Time деректер түрін varchar(8) деректер түріне түрлендіру қызметін пайдаландық. Салыстыру операциясын орындау кезінде деректер түрін келісу үшін жасау керек. Шынымен, @BIRTH_DAY кіреберіс ауыспалының (varchar) символ түрі бар, ал BIRTH_DAY дерекқор аясының SmallDateTime түрі бар.

Сақталатын рәсімдер бірнеше шығаберіс параметрдің болуын болжайды. Ол үшін әрбір шығаберіс параметр өз деректер түрін белгілегеннен кейін OUTPUT өзекті сөзіне ие болу керек. Бірнеше шығаберіс параметрі бар сақталатын рәсім мысалын қарастырайық.

Жаңа оқырманды енгізу рәсімін жасаймыз; бұл ретте рәсімнің ішінде жаңа оқу билетінің нөмірін тағайындамау үшін, осы оқырманның картотекамызда болуын тексереміз. Рәсімнің шығаберіс параметрлері оқу билетінің нөмірі болады - кітапханамызда осындай сипаттамалары бар оқырманның бұдан бұрын жазылу белгісі, ал егер жазылған болса, қанша кітап алғанын көре аламыз.

/* осы рәсімнің ДҚ-да болуын тексеру */ if exists (select * from sysobjects where id = object_id (N'[dbo].[NEW_READER]') and OBJECTPROPERTY (id, N' Is Procedure')=1)

drop procedure [dbo].[NEW_READER]

GO

/* енгізілетін параметрлердің белгіленген мәндері бар оқырманның барын тексеру рәсімі

Егер мұндай оқырман болмаса, рәсім оқу билетінің жаңа нөмірін қайтарады, кері жағдайда - ескі нөмірді және оқырман қарызға алған кітап санын хабарлайды */

CREATE PROCEDURE NEW_READER (@NAME_READER varchar (30), (@ADRES varchar (40). @HOOM_PHONE char (9). (@WORK_PHONE char (9), @BIRTH_DAY varchar (8).

@NUM_READER int OUTPUT.

/* оқу билетінің нөмірін айқындайтын шығаберіс параметр */

@Y_N int OUTPUT.

/* оқырманның бұдан бұрын кітапханаға жазылғанын айқындайтын шығаберіс параметр */

@COUNT_BOOKS int OUTPUT

/* оқырман қолындағы кітап санын айқындайтын шығаберіс параметр */)

AS

/* егер оқырман кітапханаға жазылған болса, оқу билетінің нөмірі сақталатын ауыспалы */ DECLARE @N_R int '* оқырманның болуын анықтау */

EXEC @N_R = CK_READER @NAME_READER.@BIRTH_DAY IF @N_R= 0 Or @N_R Is Null

* егер белгіленген сипаттамаларға сәйкес келетін оқырман болмаса, яғни @N_R ауыспалыға нөл мәні тағайындалса немесе оның мәні айқындалмаса, онда жаңа оқырман үшін оқу билетінің жаңа нөмірін тағайындауға өтеміз*/

BEGIN

/* оқу билетінің нөмірін инкрементті ая ретінде айқындағандықтан, енгізу операторында көрсетпейміз, жүйе жаңа оқырманға кезекті нөмірді өзі тағайындайды */

INSERT INTO RADER NAME_READER.ADRES. HOOM_PHONE,WORK_PHONE. BIRTH_DAY)

VALUES (@NAME_READER.@ADRES.@HOOM_PHONE.

(@WORK_PHONE, Convert (smalldatetime. @BIRTH_DAY.4))

/* INSERT операторында @BIRTH_DAY символды ауыспалыны BIRTH_DAY (туған күні) аясы үшін айқындалған smalldatetime деректер түріне түрлендіруіміз керек. Оны Transact SQL Convert тілінің кіріктірілген қызметі арқылы түрлендіреміз*/

/* енді оқу билетінің тағайындалған нөмірін айқындаймыз */

SELECT @NUM_READER = NUM_READER

FROM READER

WHERE NAME_READER = @NAME_READER Convert (varchar (8).BIRTH_DAY.4) = @BIRTH_DAY /* мұнда қайтадан типті түрлендіру қызметін пайдаланамыз, алайда бұл жағдайда BIRTH_DAY аясын smalldatetime түрінен @BIRTH_DAY кіреберіс параметрі белгіленген, varchar (8). түріне түрлендіру керек */

SELECT @Y_N =0

/* @Y_N шығаберіс параметріне 0 (нөл) мәнін тағайындаймыз, бұл осы оқырманның бұдан бұрын кітапханамызға жазылмағанын білдіреді */

SELECT @COUNT_BOOKS = 0

/* оқырманның қолындағы кітап санын сақтайтын шығаберіс параметрге нөл мәнін тағайындаймыз */

RETURN 1

END

ELSE

/* егер @N_R ауыспалының мәні нөлге тең болмаса, онда белгіленген сипаттамаларға сәйкес келетін оқырманның біздің кітапханамызға бұдан бұрын жазылғанын білдіреді */

BEGIN

/* оқу билетінің нөмірі табылған оқырманның қолындағы кітап санын анықтау */

SELECT @COUNT_BOOKS = COUNT(INV_NUMBER)

FROM EXEMPLAR WHERE NUM_READER = @N_R SELECT @COUNT_BOOKS = COALESCE (@COUNT_ BOOKS.0)

/* @COUNT_BOOKS шығаберіс параметрге біздің оқырманымыздың қолындағы кітап санына тең мәнді тағайындаймыз; егер бұдан бұрынғы @COUNT_BOOKS сұратуында белгісіз мән тағайындалса, онда параметрлері ретінде белгіленген, мәндер тізімінен алғашқы белгілі мәнді қайтаратын COALESCE(@COUNT_ BOOKS.0) кіріктірілген қызметін пайдалана отырып, оны нөлге ауыстырамыз*/

SELECT @Y_N = 1

/* @Y_N шығаберіс параметріне 1 мәнін тағайындаймыз, бұл осы оқырманның біздің кітапханаға бұдан бұрын жазылғанын білдіреді */



9.2-сур. SQL операторларын клиентте орындау үрдісі және сақталатын рәсімді орындау үрдісі

Сақталатын рәсімдер де клиент-сервер сәулетімен желіде жұмыс істеу кезінде жылдам әрекет етуін арттыруда өзекті рөлді атқарады.

9.2-суретте SQL операторларын “клиентте” орындау үрдісі және сақталатын рәсімді орындау үрдісі ұсынылған.

Бұл жағдайда клиент серверге тек сақталатын рәсімді іске қосу командасын орындау үшін ғана жүгінеді. Сақталатын рәсімнің өзі серверде орындалады. Желі бойынша жіберілетін ақпарат көлемі қысқартылады.

9.6. Триггерлер

Триггер — бұл SQL Server тиісті кестелерді түрлендіру операцияларын орындау кезінде шақыратын, сақталатын рәсімнің арнайы түрі. Триггер байланысты болатын операцияны орындау кезінде автоматты түрде активтендіріледі. Триггерлер бір кестенің үстінде түрлендірудің бір немесе бірнеше операциясымен байланысады.

Әртүрлі коммерциялық ДҚБЖ-де әртүрлі триггер қарастырылады. Сонымен MS 5QL Server-де триггерлер тек пост сүзгілер ретінде ғана, яғни оқиға өткеннен кейін орындалатын триггерлер айқындалған.

ДҚБЖ Oracle-да триггердің екі түрі айқындалған:

• түрлендіру операциясын іске асырудан бұрын іске қосылуы мүмкін триггерлер (олар BEFORE-триггерлер деп аталады);

• MS SQL Server триггерлеріне баламалы, тиісті түрлендіруді орындағаннан кейін белсендірілетін триггерлер (олар AFTER-триггерлер деп аталады).

Триггерлер ДҚ-дың семантикалық тұтастығын сақтау үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін, алайда олардың басымдылығы кестелерді сипаттау деңгейінде және кестелер арасындағы байланыстар деңгейінде белгіленетін шектеу - ережелер (constraints) басымдылығынан кем. Әрқашан триггерлерді жазу кезінде осыны есте сақтау керек. Байланыстар бойынша біртұтастық ережелерін бұзған кезде (DRI — Declarative Referential Integrity) триггер ешқашан іске қосылмауы мүмкін.

Триггерлерді жасау үшін арнайы команда пайдаланылады:

CREATE TRIGGER <триггердің_аты>
ON <кестенің_аты>
FOR {[INSERT][, UPDATE] [, DELETE]}
[WITH ENCRIPTING]
AS
SQL-операторлар (бағдарламаның мәтіні)

Триггердің аты ДҚБЖ бағдарламалаудың кіріктірілген тіліндегі сәйкестендіруші болып табылады және тиісті талаптарға сәйкес келу керек.

FOR параметрінде триггерді іске қосатын, бір немесе бірнеше түрлендіру операциясы белгіленеді.

WITH ENCRIPTING параметрінің мәні сақталатын рәсімдердің мәнімен бірдей. Ол триггердің бастапқы мәтінін жасырады.

Триггер операторларының құрамын шектейтін келесі ережелер бар:

• триггердің денесінде жаңа ДҚ объекттерін құру операцияларын пайдалануға болмайды;

• триггерде ДҚ объектілерінің барлық түрлері үшін DROP объекттерін жою командасын пайдалануға болмайды;

• триггердің денесінде

• ДҚ-дың ALTER TABLE, ALTER DATABASE объекттерін өзгерту командаларын пайдалануға болмайды;

• ДҚ объекттеріне белгіленген қолжетімдік құқықтарын өзгертуге, яғни GRAND немесе REVOKE командаларын орындауға болмайды;

• триггер ұсыну үшін жасалмайды (VIEW);

• триггер сақталатын рәсімдерге қарағанда ешқандай мәнді қайтара алмайды, ол сервермен автоматты түрде іске қосылады және өз бетімен бірден бір клиентпен байланыса алмайды.

Бақылау сұрақтары

1. SQL тілінің құралдарымен ДҚ-қа қолжетімдік қандай екі режимде жүзеге асырылуы мүмкін?
2. Әмбебап бағдарламалау тілдеріне тән қандай операторлар SQL тілінде жоқ?
3. SQL операторларының сұраныстарды орындау үрдісі шартты түрде қандай кезеңдерге бөлінуі мүмкін?
4. Кіріктірілген SQL-дегі сұраныстар қандай екі түрге бөлінеді?
5. INTO операторының мақсаты қандай?
6. «Меңзер» ұғымы нені білдіреді?
7. Қолданбалы бағдарламаларда меңзер не үшін пайдаланылады?
8. Мына операторлар нені білдіреді:
   - DECLARE CURSOR;
   - OPEN;
   - FETCH;
   - CLOSE?
9. «Сақталатын рәсім» (Stored Procedure) ұғымы нені білдіреді?
10. Сақталатын рәсім мәтіндерін жазу үшін коммерциялық ДҚБЖ-де бағдарламалаудың қандай тілдері пайдаланылады?
11. Триггер сақталатын рәсімнен немен ерекшеленеді?

III БӨЛІМ

БӨЛІНГЕН ДЕРЕККОРЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

10 тарау

ДЕРЕКТЕРДІ БӨЛІП ӨҢДЕУ

10.1. Негізгі ұғымдар

ДҚБЖ желіде орналаспаған дербес компьютерде орналасқан кезде, ДҚ әрқашан монополиялық режимде пайдаланылады. Онымен бірнеше пайдаланушы жұмыс істесе де, олар тек ретімен жұмыс істей алады.

Алайда, жергілікті дерекқорларды қолдану тәжірибесі көрсеткендей, көптеген жағдайда құрамындағы ақпарат көп пайдаланушылық сипатқа ие, сондықтан пайдаланушылардың дерекқорлармен бір уақытта жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ДҚБЖ жасап шығару қажеттігі туындайды. Бұған қоса, барлық қазіргі заманға сай кәсіпорындар ақпараттық жасақтау саласындағы өз саясатын CALS-технологияларының қағидаттары негізінде құрады (4 тарауды қараңыз).

Әртүрлі пайдаланушының ақпаратқа бір уақытта қолжетімдік мүмкіндігін қамтамасыз ететін дерекқорларды басқару жүйелері *бөлінген дерекқорларды басқару жүйелері* деп атайды. Жалпы жағдайда ДҚ пайдалану режимдері 10.1-суретте келтірілген түріне ие.

Бөлінген дерекқорларды басқару жүйелерінде қолданылатын негізгі ұғымдарды қарастырайық.



10.1-сур. Дерекқормен жұмыс істеу режимдері

ДҚ пайдаланушы — дерекқорға жүгінетін бағдарлама немесе адам.

Сұраныс— пайдаланушының ДҚ-ға ақпаратты енгізу, алу немесе өзгерту мақсатымен ДҚ-ға жүгіну үрдісі.

Транзакция — ДҚ-ды бір қарама-қайшы емес жағдайдан екінші қарама-қайшы емес жағдайға аударатын, ДҚ-дағы деректерді түрлендіру операцияларының реті.

ДҚ логикалық құрылымы — физикалық тәуелсіз деңгейде ДҚ анықтау; ДҚ концептуалды моделіне жуығырақ.

ДҚ топологиясы немесе бөлінген ДҚ құрылымы — дерекқордың физикалық ұйымын желіде тарату схемасы.

Жергілікті дербестік жергілікті ДҚ ақпараты және оған байланысты деректерді анықтау жергілікті иесіне жатады және өзі басқарады.

Қашықтықтан сұраныс жасау — модем байланысын пайдалана отырып орындалатын сұраныс.

Қашықтықтан транзакцияны іске асыру мүмкіндігі — бір қашықтықтан басқарылатын тораптағы, көптеген SQL-сұраныстан тұратын бір транзакцияны өңдеу.

Бөлінген транзакцияға қолдау көрсету желінің бірнеше торабында (қашықтықтан басқарылатын немесе жергілікті) орындалатын, бірнеше SQL сұраныстан тұратын транзакциялардың өңделуіне рұқсат етіледі, алайда бұл жағдайда әрбір сұрату тек бір торапта өңделеді.

Бөлінген сұраныс — өңдеу кезінде желінің әртүрлі торабында орналасқан, ДҚ-дағы деректер пайдаланылатын сұраныс.

Бөлінген деректерді өңдеу жүйелері мультибағдарламалық операциялық жүйелерде құрылған және орталық ЭЕМ сыртқы жадының құрылғыларында ДҚ орталықтандырылып сақталуын және терминалды көп пайдаланушыға қолжетімді режимін пайдаланған ДҚ-дың алғашқы нұсқасына байланысты. Бұл ретте пайдаланушы терминалдарының меншік ресурстары, яғни деректерді сақтау және өңдеу үшін пайдаланылуы мүмкін процессорлары мен жадтары болған жоқ. Көп пайдаланушы режимінде жұмыс істейтін алғашқы толығымен релициялық жүйе IBM фирмасының ДҚБЖ SYSTEM R болды. Онда SQL деректерін манипуляциялау тілі және шамамен барлық коммерциялық ДҚБЖ-де базистік болып табылатын, деректерді бөліп өңдеу кезінде қолданылатын синхрондаудың негізгі қағидалары ретінде іске асырылған.

10.2. Бөлінген дерекқорлар технологиясындағы клиент-сервер модельдері

Клиент-сервер есептегіш модель 1990 жылдары ашық жүйелердің пайда болуына байланысты. “Клиент-сервер” термині ақпаратты өңдеудің екі үрдісінен құралған, бағдарламалық жасақтама сәулетіне жатқан: клиенттік және серверлік.

Клиенттік үрдіс кейбір қызметтерді сұрастырды, ал серверлік үрдіс олардың орындалуын қамтамасыз етті. Бұл ретте бір серверлік үрдіс көптеген клиенттік үрдіске қызмет көрсетеді деп болжалады. Дерекқорды басқарудың осы моделінің аппаратпен іске асырылуы кәсіпорынның жергілікті есептегіш желілерінің құрылуына байланысты болатынын есепке ала отырып, ақпаратты өңдеу үрдісінің осылай ұйымдастырылуын клиент-сервер сәулеті деп атайды.

Дерекқорды басқару технологиясына қолданбалы клиент-сервер технологиясының негізгі қағидасы стандартты интерактивті қосымша қызметтерін табиғаты әртүрлі бес топқа бөлуде:

- деректерді енгізу және көрсету қызметтері (Presentation Logic);
- қосымшаның міндеттерін шешудің негізгі алгоритмдерін айқындайтын қолданбалы қызметтер (Business Logic);
- қосымшаның ішіндегі деректерді өңдеу қызметтері (Database Logic);
- ақпараттық ресурстарды басқару қызметтері (Database Manager System);
- алғашқы төрт топ қызметтерінің арасындағы байланыстар рөлін атқаратын қызметтік функциялар.

Клиент-сервер сәулетінде дерекқормен жұмыс істейтін типтік қосымшаның құрылымы 10.2-суретте келтірілген.

Презентациялық логика (Presentation Logic) қосымшаның бір бөлігі ретінде пайдаланушы қосымшаның жұмысын өз экранында көре алушылығымен айқындалады. Бұған пайдаланушы қосымшаның жұмыс істеу барысында көретін немесе толтыратын барлық интерфейстік экранды нысандар жатады. Осы бөлікке пайдаланушының экранына кейбір аралық міндеттердің шешімі немесе анықтамалық ақпарат ретінде шығатынның барлығы жатады. Сондықтан презентациялық логиканың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- экран суреттерін қалыптастыру;
- ақпараттағы экран нысандарын оқу және жазу;
- экранды басқару;



10.2-сур. Дерекқормен жұмыс істейтін үлгісі қосымшаның құрылымы

• тінтуірдің қозғалыстарын өңдеу және пернетақтаның пернелеріне басу. *Бизнес-логика,* немесе *қосымшалардың логикасы* (Business processing Logic), — бұл қосымшаның нақты міндеттерінің шешім алгоритмдерін айқындайтын қосымша кодының бір бөлігі. Әдетте бұл код C, C++, Visual-Basic және басқалары сияқты әртүрлі бағдарламалау тілдерін пайдалана отырып жазылады.

Деректерді өңдеу логикасы (Data manipulation Logic) — бұл тікелей қосымша ішіндегі деректерді өңдеуге байланысты қосымша кодының бір бөлігі.-

10.1- кесте

Клиент—сервер модельдерінде қосымша компоненттерінің қызметтерін бөлу

Бөліну модельдері	Қосымша компоненттері						Пайдалануы
	Ұсыну логикасының қызметі		Бизнес логика қызметтері		Деректерді басқару қызметі		
Бөлінген көрініс (DP)		DP	RP	DBL	RDM	DDM	
							Клиент
							Сервер
Қашықтықтан көрсету (RP)							
							Клиент
							Сервер
Бөлінген бизнес-логика (DBL)							
							Клиент
Деректерді қашықтықтан басқару (RDM)							
							Клиент
							Сервер
Деректерді бөліп басқару (DDM)							
							Клиент
							Сервер
Бірлескен DBL және DDM							
							Клиент
							Сервер

Ескертпе. Қосымшаның тиісті компоненттері фонмен ерекшеленген.

Деректерді ДҚБЖ басқарады. Деректерге қолжетімдікті қамтамасыз ету үшін SQL тілі пайдаланылады.

Деректерді басқару процессоры (Database Manager System Processing) — бұл ДҚБЖ болып табылады. ДҚБЖ қызметтері қосымшаның бизнес-логикасынан жасырын болу керек, алайда қосымшаның сәулетін қарастыру үшін оларды қосымшаның бөлек бөлігіне ерекшелеу керек.

Орталықтандырылған сәулетте (Host-based processing) қосымшаның осы бөліктері бір ортада орналасады және бір атқарушы бағдарламаның ішінде құрамдастырылады.

Қайта орталықтандырылған сәулетте бұл міндеттер серверлік және клиенттік үрдістер арасында әртүрлі бөлінуі мүмкін. Бөліну сипатына тәуелді бөлінудің келесі модельдерін ерекшелеуге болады (10.1-кесте):

- бөлінген презентация (DP — Distribution Presentation);
- қашықтықтан презентациялау (RP — Remote Presentation);
- бөлінген бизнес-логика (RBL — Remote business logic);
- деректерді бөліп басқару (DDM — Distributed data management);
- деректерді қашықтықтан басқару (RDM — Remote data management).

Осы шартты жіктеме жекелеген міндеттердің серверлік және клиенттік үрдістер арасында қалай бөліне алатынын көрсетеді. Осы жіктемеде қашықтықтан бизнес-логиканы іске асыру мүмкіндігі жоқ. Өз бетімен толық жойыла алмайды, тек бір-бірімен өзара әрекеттесуі мүмкін әртүрлі үрдістер арасында бөлінуі мүмкін.

10.3. Екі деңгейлі модель

Екі деңгейлі модель іс-жүзінде жоғарыда көрсетілген бас қызметтің екі платформада орындалатын екі үрдіс арасында бөліну нәтижесі болып табылады: клиентте және серверде. Ешбір модель таза күйінде болмайды, алайда әрбір екі деңгейлі модельдің тән ерекшеліктерін қарастырайық: деректерді қашықтықтан басқару модельдері және деректерге қашықтықтан қолжетімдік модельдері.

Деректерді қашықтықтан басқару моделі. Сондай-ақ файлдық сервер моделі деп аталады (FS — File Server). Осы модельде презентациялық логика және бизнес-логика клиенттік бөлігінде орналасады. Серверде деректері бар файлдар орналасады және файлдарға қолжетімдік сақталады. Ақпараттық ресурстарды басқару қызметтері осы модельдің клиенттік бөлігінде орналасқан.

Рис. 10.3. Модель файлового сервера

Сурет 10.3. Файылдық сервер моделі

Осы модель қызметтерінің бөлінуі 10.3-суретте ұсынылған.

Осы модельде дерекқордың файлдары серверде сақталады, клиент серверге файлдық командалармен жүгінеді, ал барлық ақпараттық ресурстарды басқару механизмі, яғни метадеректер қоры клиентте орналасады.

Осы модельдің артықшылығы қосымшаның екі өзара әрекеттесетін үрдіске бөлінуінде. Бұл ретте сервер (серверлік үрдіс) сұраныстармен жүгінетін көптеген клиенттерге қызмет көрсете алады. ДҚБЖ осы модельде клиенттік компьютерде орналасқан.

Клиенттік сұранысты орындау алгоритмі мынадай:

1. Сұраныс ЯМД командаларында қалыптастырылады.
2. ДҚБЖ осы сұранысты файлдық командалар реттілігіне аударады.
3. Әрбір файлдық команда клиенттің компьютеріне ақпарат блогын көшіреді, ал ДҚБЖ алынған ақпаратты талдайды; егер алынған блокта сұранысқа жауап болмаса, онда келесі ақпарат блогын көшіру туралы шешім қабылданады және т.б.
4. Ақпаратты серверден клиент компьютеріне көшіру клиенттің сұранысына жауап алынғанға дейін жүзеге асырылады.

Бұл модельдің мынадай кемшіліктері бар:

• желі бойынша қосымшаға қажетті көптеген блоктар мен файлдардың жіберілуіне байланысты жоғары желілік трафик;

• тек файлдық деректермен айқындалатын, деректерді манипуляциялау операцияларының тар спектрі;

• деректерге қолжетімдік қауіпсіздігінің барабар құралдарының жоқтығы (тек файлдық жүйе деңгейінде қорғау).

Деректерге қашықтықтан қолжетімдік моделі. Қашықтықтан қолжетімдік моделінде (RDA — Remote Data Access) дерекқор серверде сақталады. Серверде ДҚБЖ өзегі де орналасқан. Клиенттің компьютерінде қосымшаның презентациялық логикасы және бизнес-логика орналасқан.



10.4-сур. Деректерге қашықтықтан қолжетімдік моделінің құрылымы

Клиент серверге SQL тіліндегі сұратулармен жүгінеді. Қашықтықтан қолжетімдік моделінің құрылымы 10.4-суретте келтірілген.

Осы модельдің артықшылықтары мынада:

• көрсетілім компоненті мен қолданбалы компонентті клиенттік компьютерге көшіру операциялық жүйеде орындалатын үрдістердің жалпы санын азайта отырып, ДҚ серверін айтарлықтай босатады;

• ДҚ сервері оған тән емес қызметтерден босатылады; процессор немесе сервердің процессорлары сұраныстар мен транзакциялардың деректерін өңдеу операцияларымен толық босатылады;

• желіге жүктеме бірден азаяды, себебі ол бойынша клиенттерден серверге файлдық терминологияға енгізу-шығаруға сұраныстар емес, SQL-ге сұраныстар жіберіледі, ал олардың көлемі айтарлықтай кем. Клиент сұраныстарға жауап ретінде файл блоктарын емес, сұранысқа сәйкес келетін деректерді алады.

RDA-модельдің негізгі артықшылығы — клиент-сервер интерфейсін бірегейлендіру (қосымша-клиент пен сервердің қарым-қатынасындағы стандарт SQL тілі болып табылады).

Бұл модельдің мынадай кемшіліктері бар:

• қосымшаның клиенттің бөлігіндегі қарқынды жұмыс істеу кезінде SQL тіліндегі сұраныс желіні жүктемеден айтарлықтай босата алады;

• себебі осы модельде клиентте презентациялық логика және бизнес-логика орналасады, онда әртүрлі қосымшада баламалы қызметтерді қайталау кезінде тиісті бизнес-логиканың коды әрбір клиенттік қосымша үшін қайталанады. Бұл қосымшаның артық қайталануын тудырады;

• осы модельде сервер пассивті рөл атқарады, сондықтан ақпараттық ресурстарды басқару қызметтері клиентте орындалу керек.

10.4. Дерекқор серверінің моделі

Қашықтықтан басқару моделінің кемшіліктерін жою үшін, мына шарттар қадағалануы керек.

1. ДҚ тұрақты түрде деректермен ғана емес, сондай-ақ объектті деректер арасындағы байланыстармен айқындалатын, пәндік саланың

ағымдағы жағдайын көрсету керек, яғни ДҚ-да сақталатын деректер тұрақты түрде қарама-қайшы болмау керек.

2. ДҚ пәндік саланың кейбір ережелерін, қызмет ететін (business rules) заңдарды көрсету керек. Мысалы, егер қоймада белгілі бір номенклатура бөлшектерінің кейбір жеткілікті қоры (сақтандыру қоры) болғанда ғана зауыт қалыпты жұмыс істей алады; қоймада бөлшекті дайындауға арналған материал жеткілікті болған жағдайда ғана, бөлшек өндіріске жіберіле алады және т.б.

3. ДҚ жағдайын тұрақты бақылап отыру керек, барлық өзгерістерді қадағалап, оларға барабар әсер ету керек. Мысалы, кейбір өлшенетін параметр ауыспалы мәнге жеткен кезде белгілі бір аппаратура сөндірілу керек; тауар қоры рұқсат етілетін нормадан төмен азайған кезде нақты жеткізушіге тиісті тауарды жеткізуге өтінім қалыптастырылу керек және т.б.

4. ДҚ-дағы кейбір жағдайдың пайда болуы қолданбалы міндеттің орындалу барысына анық және жедел әсер ету керек.

5. ДҚБЖ маңызды міндеттерінің бір деректер түрін бақылау болып табылады. Қазіргі сәтте ДҚБЖ синтаксистік тек стандартты-рұқсат етілетін деректер түрін, яғни SQL бір бөлігі болып табылатын, деректерді сипаттайтын тілде - DDL (data definition language)-де айқындалған тілде анықталу керек. Алайда шынайы пәндік салаларда семантикалық құрамдас болып табылатын деректер бар, мысалы, объекттердің координаталары немесе өлшем бірліктері.

Көптеген қазіргі заманғы ДҚБЖ осындай модельді қолдайды: Informix, Ingres, Sybase, Oracle, MS SQL Server. Осы модельдің негізі SQL-серверін бағдарламалау құралы ретінде сақталатын рәсімдер механизмі, ақпараттық қойманың ағымдағы жағдайын қадағалау механизмі ретінде триггерлер механизмі және домен құрылымын қолдау механизмі деп аталатын, деректердің пайдаланушы түріне шектеу механизмі болып табылады. Дерекқордың белсенді серверінің моделі 10.5-суретте көрсетілген.



10.5-сур. Дерекқордың белсенді серверінің моделі

Осы модельде бизнес-логика клиент пен сервер арасында бөлінген. Серверде бизнес-логика сақталатын рәсімдер - ДҚ-да сақталатын және тікелей ДҚБЖ-мен басқарылатын арнайы бағдарламалық модульдер ретінде іске асырылған. Клиенттік қосымша сақталатын рәсімдерді іске қосу командасымен серверге жүгінеді, ал сервер бұл рәсімді орындайды және ДҚ-да көзделген барлық өзгерістерді тіркейді. Сервер клиентке экранға шығару үшін немесе бизнес-логиканың бір бөлігін орындау үшін қажет болатын, орындалған сұраныстың деректерін клиентке қайтарады. Бұл ретте клиент пен сервер арасындағы ақпарат алмасу трафигі азаяды.

Дерекқордың сервер моделіндегі орталықтандырылған бақылау триггер механизмін пайдалана отырып орындалады. Триггерлер де ДҚ бір бөлігі болып табылады.

“Триггер” термині электроникадан алынған және ДҚ жағдайына байланысты арнайы оқиғаларды қадағалау механизмін семантикалық нақты сипаттайды. Триггер ДҚ-дағы белгілі бір оқиға туындаған кезде іске қосылатын, тумблер болып табылады. ДҚБЖ өзегі ДҚ-да құрылған және сипатталған триггерлерді шақыратын барлық оқиғаларға мониторинг жүргізеді және тиісті оқиға туындаған кезде сервер тиісті триггерді іске қосады. Әрбір триггер дерекқорда орындалатын бағдарлама болып табылады. Триггерлер сақталатын рәсімдерді шақыра алады.

Триггерлерді пайдалану механизмі бір триггер іске қосылған кезде басқа триггерлердің іске қосылуын туындататын оқиғалардың туындау мүмкіндігін болжайды.

Сервер осы модельде белсенді болып табылады, себебі клиент қана емес, сондай-ақ сервер триггерлердің механизмін пайдалана отырып ДҚ-дағы деректерді өңдеу бастамашысы болуы мүмкін.

Сақталатын рәсімдер және триггерлер ДҚ сөздігінде сақталады. Олар бірнеше клиентпен пайдаланылуы мүмкін, бұл әртүрлі клиенттік қосымшадағы деректердің өңделу алгоритмінің қайталануын азайтады.

Осы модельдің кемшілігі сервердің өте үлкен жүктемесі болып табылады, себебі ол көптеген клиентке қызмет көрсетеді және мына қызметтерді орындайды:

- сипатталған триггерлерге байланысты оқиғаларды мониторингтейді;
- триггерлерге байланысты оқиғалар пайда болған кезде триггерлердің автоматты іске қосылуын қамтамасыз етеді;
- әрбір триггердің ішкі бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етеді;
- пайдаланушылардың сұранысы бойынша сақталатын рәсімдерді іске қосады;
- триггерлерден сақталатын рәсімдерді іске қосады;
- клиентке қажетті деректерді қайтарады;

• ДҚБЖ барлық қызметтерін қамтамасыз етеді (деректерге қолжетімдік, ДҚ-дағы деректердің біртұтастығын бақылау және сақтау, қолжетімдікті бақылау, барлық пайдаланушының бірыңғай ДҚ-мен дұрыс параллельді жұмыс істеуін қамтамасыз ету).

Егер серверге қосымшаның бизнес-логикасының үлкен бөлігін көшірсек, онда осы модельде клиенттерге қойылатын талаптар азаяды. Кейде мұндай модельді жіңішке клиенті бар модель деп атайды. Бұдан бұрын қарастырылған модельдер қалың клиенті бар модель деп атайды.

Серверді жүктеп түсіру үшін үш деңгейлі модель - қосымша серверінің моделі ұсынылған.

10.5. Қосымша серверінің моделі

Бұл модель екі деңгейлі модельдің кеңеюі болып табылады. Онда клиент пен сервер арасындағы қосымша аралық деңгей енгізіледі. Үш деңгейлі модельдің сәулеті 10.6-суретте келтірілген. Осы аралық деңгей бір немесе бірнеше қосымша серверін құрайды.

Осы модельдегі қосымша компоненттері үш орындаушы арасында бөлінеді: клиент, сервер, дерекқор сервері.

Клиент графикалық пайдаланушы интерфейсін, жергілікті редакторларды қоса алғанда ұсыну логикасын қамтамасыз етеді;клиент компьютер-клиентте орналасқан, жергілікті ДҚ-ға жүгінуін құрауы мүмкін, клиент қосымшасының жергілікті кодын іске қоса алады. Клиент жергілікті немесе ғаламдық желіге қолжетімдікті қамтамасыз ететін, қосымша бөлігінің front-end коммуникациялық қызметтерін атқарады. Клиент пен сервер арасындағы өзара әрекеттесуді қосымша іске асыру бөлінген транзакцияларды басқаруды құрауы мүмкін, бұл клиенттің бөлінген транзакциялар менеджерінің клиенті болатын жағдайларға сәйкес келеді.

Қосымша серверлері сәулеттің жаңа аралық деңгейін құрайды. Қосымша серверлері клиенттің қызметтерін өзара әрекеттесетін жұмыс топтарының бір бөліктері ретінде қолдайды, желілік домендік операциялық орталық сақтайды, бизнес-логиканың аса ортақ ережелерін сақтайды және орындайды, деректер бар каталогтарды қолдайды, хабарламамен алмасуды және әсіресе бөлінген транзакцияларға сұраныстың сақталуын қамтамасыз етеді.



10.7-сур. Қосымшалар серверінің моделі

Осы модельдегі дерекқор серверлері тек ДҚБЖ қызметтерімен айналысады: ДҚ құру және жүргізу қызметтерін қамтамасыз етеді, реляциялық ДҚ біртұтастығын сақтайды, деректер қоймасының қызметін қамтамасыз етеді (warehouse services). Бұдан басқа, ДҚ резервтік көшірмелерін жасау және істен шыққан кейін ДҚ қалпына келтіру, транзакциялардың орындалуын басқару және ескірген (мирасқор болған) қосымшаларға (legacy аррИсайоп) қолдау көрсету қызметтері жүктеледі.

Бұл модель екі деңгейлі модельдерге қарағанда аса үлкен иілімдікке ие. Клиенттер OLAP-қосымшаларының (On-line analytical processing) саласына жататын, дерекқорда күрделі аналитикалық есептеулер жасайтын жағдайда, қосымша серверінің моделінің артықшылықтары аса айқын. Осы модельде клиенттің бизнес-логикасының үлкен бөлігі нақты ДҚБЖ-де іске асырылған, кіріктірілген SQL мүмкіндіктерінен оқшауланған және C, C++, Cobol сияқты бағдарламалау тілдерінде орындалуы мүмкін. Бұл жүйенің төзе алушылығын, оның ауқымдылығын арттырады.

10.6. Дерекқор серверлерінің модельдері

Алғашқы ДҚБЖ құру кезеңінде клиент-сервер технологиясы жаңа ғана пайда бола бастаған. Сондықтан бастапқыда жүйелер сәулетінде “клиент” және “сервер” сияқты процессорлардың өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың барабар механизмі болмаған. Қазіргі заманғы ДҚБЖ-де ол іс-жүзінде негізін қалаушы болып табылады және оның іске асырылу тиімділігіне жалпы жүйенің жұмыс істеу тиімділігі тәуелді.

Ұқсас механизмдерді ұйымдастыру түрлерінің эволюциясын қарастырайық. Негізінен бұл механизм серверлік үрдістерді іске асыру құрылымымен айқындалады және жиі *дерекқор серверінің сәулеті* деп аталады.

Бастапқыда, атап өткендей, деректерді басқару (сервер қызметі) және пайдаланушымен өзара әрекеттесу бір бағдарламада біріктірілген модель болған. Оны ДҚ серверлерін дамытудың нөлдік кезеңі деп атауға болады.

Содан кейін деректерді басқару қызметтері сервер деген дербес топқа бөлініп алынған, алайда пайдаланушының сервермен өзара әрекеттесу моделі дерекқор кестелерінің арасындағы “бірге бір” байланыстар құрылымына сәйкес келді (10.7-сур.), яғни сервер тек бір пайдаланушының (сервердің) сұраныстарына қызмет көрсетті, ал бірнеше клиентке қызмет көрсету үшін баламалы сервер санын іске қосу керек.

Серверді жекелеген бағдарламаға ерекшелеу революциялық қадам болды, ол атап айтқанда, желі бойынша өзара әрекеттестіре отырып, серверді бір машинаға, ал пайдаланушысы бар бағдарламалық интерфейсті басқа машинаға орналастыру мүмкіндігін берді.



10.7-сур. “Бірге бір” моделіндегі клиенттік және серверлік үрдістердің өзара әрекеттесуі

Алайда көптеген пайдаланушыға қызмет көрсету үшін сервердің үлкен көлемін іске қосу қажеттігі осындай жүйенің мүмкіндіктерін қатты шектеді.

Клиенттің көп санына қызмет көрсету үшін серверде бір уақытта жұмыс істейтін серверлік процессордың көп саны іске қосылу керек болатын, ал бұл ЭЕМ ресурстарына қойылатын талаптарды арттырады.

Бұдан басқа, осы модельдің әрбір серверлік үрдісі тәуелсіз ретінде іске қосылған, сондықтан егер бір клиент басқа серверлік процессормен басқа клиент үшін орындалған сұранысты қалыптастырса, онда сұраныс қайтадан орындалады. Мұндай модельде серверлік үрдістердің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету өте қиын. Бұл модель ең қарапайым дәне бірінші болып пайда болған.

“Бірге бір” ақпараттық моделінде туындайтын мәселелер көп клиенттен сұраныстарды өңдеуге қабілетті, сервері жеке бөлінген жүйелер сәулетінде шешіледі. Сервер ғана деректерді басқару монополиясына ие және бір уақытта бірнеше клиентпен өзара әрекеттеседі (10.8-сур.). Логикалық әрбір клиент сервермен сұрату жіберілетін жекелеген жіппен (thread) немесе ағынмен байланысқан. Мұндай сәулет *көп ағынды бір сервер* деген атқа ие болады (multi-threaded). Ол көп пайдаланушы жұмыс істеген кезде туындайтын (trashing) операциялық жүйеге жүктемені азайту мүмкіндігін береді.

Бұдан басқа, көптеген клиенттің бір сервермен өзара әрекеттесу мүмкіндігі бөлінетін объекттерді (ашық файлдардан бастап жүйелік каталогтағы деректермен аяқтай отырып) толық шамада пайдалану мүмкіндігін береді, бұл жадтың тұтынушылығын және операциялық



10.8-сур. Көп ағынды бір серверлі сәулет

жүйе үрдістерінің жалпы санын айтарлықтай азайтады. Мысалы, “бірге бір” моделі бар жүйе 100 пайдаланушы үшін ДҚБЖ үрдістерінің 100 көшірмесін жасайды, сол уақытта көп ағынды сәулеті бар жүйеге ол үшін тек бір серверлік үрдіс қажет болады.

Алайда мұндай шешімнің өз кемшіліктері бар. Себебі серверлік үрдіс тек бір процессорда орындалуы мүмкін, мультипроцессорлы платформалар үшін ДҚБЖ қолданылуына табиғи шектеу туындайды. Егер компьютердің, мысалы, төрт процессоры болса, онда бір сервері бар ДҚБЖ қалған үшеуіне жүктеме салмай, тек біреуін пайдаланады.

Кейбір жүйелерде бұл мәселе аралық диспетчерді енгізумен шешіледі. Ұқсас сәулет *виртуалды сервердің сәулеті* деп аталады (virtual server) (10.9-сур.).

Осы сәулетте клиенттер шынайы серверге емес, серверге сұратуларды диспетчерлеу қызметін атқаратын, диспетчер деп аталатын аралық буынға қосылады. Бұл жағдайда көп процессорлы платформаны пайдалануға шектеу жоқ. Сервер саны жүйедегі процессор санымен келісілуі мүмкін.

Алайда осы сәулет те кемшіліксіз емес, себебі мұнда жүйеге клиент пен сервер арасында орналастырылатын жаңа қабат қосылады, бұл серверлерді жүктеу (load balancing) теңгеріміне қолдау көрсету ресурстардың тұтынылуын арттырады және клиент-сервер өзара әрекеттестігін басқару мүмкіндігін шектейді. Біріншіде, нақты клиенттен сұранысты нақты серверге жолдау мүмкін емес; екіншіден, серверлер тең құқылы болады, себебі сұраныстарға қызмет көрсету үшін басымдылықтар орнату мүмкіндігі жоқ.

Клиент пен сервер арасындағы осындау өзара әрекеттестікті ұйымдастыру бірнеше кассир терезесі және арнайы банк қызметкері, әрбір келушіні (клиентті) бос кассирге (өзекті серверге) жолдайтын зал әкімшілігі болатын, банк баламасы деп қарастырылуы мүмкін.



10.9-сур. Виртуалды сервер сәулеті



10.10-сур. Көп ағынды мультисерверлі сәулет

Барлық келішу тең құқылы (басымдылығы тең) болғанда, жүйе қалыпты жұмыс істейді, алайда арнайы терезеде қызмет көрсетілуі қажет, басымдығы артық келуші келген кезде проблемалар туындайды. Клиенттердің басымдылығын есепке алу транзакцияларды жедел өңдеу жүйелерінде әсіресе маңызды, алайда диспетчері бар жүйелер сәулеті дәл осы мүмкіндікті бере алмайды.

Мультипроцессорлы платформалар үшін ДҚБЖ проблемаларын уақытында шешу дерекқордың бірнеше серверін және әртүрлі процессорда іске қосу мүмкіндігінде. Бұл ретте әрбір сервер көп ағынды болу керек. Егер осы екі шарт орындалса, онда 10.10-суретте келтірілген бірнеше сервері бар көп ағынды сәулет туралы сөз қылу негізі бар.

Осындай сәулетті *көп жіпті мультисерверлі сәулет* деп те атайды. Осы сәулет бір пайдаланушылық сұраныстың бірнеше серверлік үрдіспен орындалуының параллельденуін қамтамасыз етеді.

Бұл жағдайда пайдаланушы сұратуы параллельді орындалуы мүмкін бірқатар қосалқы сұраныстарға бөлінеді, ал олардың орындалу нәтижелері сұранысты орындаудың ортақ нәтижесіне біріктіріледі. Сонда сұраныстардың жылдам орындалуын қамтамасыз ету үшін олардың қосалқы сұраныстары жекелеген серверлік үрдістерге жіберілуі мүмкін, содан кейін алынған нәтижелер жалпы нәтижеге біріктірілу керек (10.11-сур).



10.11-сур. Көп жіпті мультисерверлі сәулет

Осы жағдайда серверлік үрдістер бұдан бұрын қарастырылған тәуелсіз үрдістер болып табылмайды. Осы серверлік үрдістерді *жіптер* (treads) деп атау қабылданған. Пайдаланушылардың көптеген сұраныстарының жіптерін басқару ДҚБЖ-ден қосымша шығындарды талап етеді, алайда деректер қоймасында ақпаратты жылдам өңдеу кезінде осындай тәсілдің келешегі бар.

10.7. Параллелизм түрлері

Сұраныстарды параллелдеудің мынадай бағдарламалық-аппараттық тәсілдері қарастырылады: көлденең, тік және аралас параллелизм.

Көлденең параллелизм. Бұл параллелизм ДҚ-да сақталатын ақпарат бірнеше физикалық сақтау құрылғыларына - бірнеше дискке бөлінетін жағдайда туындайды. Бұл ретте бір қатынастың ақпараты көлденеңінен бөліктерге бөлінеді. Параллелизмнің осы түрін кейде деректерді параллелдеу немесе сегментация деп атайды. Параллельдікке бірдей операцияны орындау арқылы, мысалы, әртүрлі физикалық сақталатын деректерді сүзумен қолжеткізуге болады. Бұл операциялар әртүрлі үрдіспен параллельді орындалуы мүмкін - олар тәуелсіз. Біртұтас сұранысты орындау нәтижесі жекелеген операцияларды орындау нәтижелерінен құралады.

Деректерді тиісті сегменттеу кезінде осындай сұранысты орындау уақыты осы сұранысты дәстүрлі тәсілдермен бір үрдіспен орындау уақытына қарағанда кем.

Тік параллелизм. Бұл параллелизмге пайдаланушының сұратуын құрайтын операцияларды конвейермен орындау арқылы қол жеткізуге болады. Бұл тәсіл ДҚБЖ өзегімен реляциялық операцияларды орындау моделін күрделендіруді талап етеді. Ол ДҚБЖ өзегі функционалды компоненттеріне негізделе отырып, сұранысты декомпозициялай алатынын болжайды; бұл ретте бірқатар қосалқы сұраныс сұранысты орындаудың жекелеген қадамдары арасындағы байланысты азайта отырып, параллельді орындалуы мүмкін.



10.12-сур. Тік параллелизм кезінде сұраныс жасау сұлбасы

10.13-сур. Аралас параллелизм кезінде сұранысты орындау сұлбасы

Мысалы, реляциялық алгебра операцияларының келесі реттілігін қарастырайық:

1. R5 = R1 [A,C].
2. R6 =R2 [A,B,D].
3. R7 = R5[A > 128].
4. R8 = R5[A]R6.

Онда бірінші және үшінші операцияны біріктіріп, екінші операциямен параллельді орындауға болады, содан кейін нәтижелермен соңғы - төртінші операцияны орындауға болады.

Ұқсас сұратуды орындаудың жалпы уақыты, әрине, төрт операциядан тұратын реттілікті орындаудың дәстүрлі тәсіліне қарағанда айтарлықтай кем болады (10.12-сур.).

Аралас параллелизм. Бұл параллелизм көлденеңінен және тік параллелизмнің гибриді болып табылады (10.13-сур.).

Параллелизмнің барлық түрі қосымшаларда қолданылады, онда олар өте үлкен деректер көлемімен күрделі сұраныстарды орындау уақытын айтарлықтай қысқарту мүмкіндігін береді.

Бақылау сұрақтары

1. Мына ұғымдарға анықтама беріңіз:
   - ДҚ топологиясы немесе бөлінген ДҚ құрылымы;
   - жергілікті дербестік;
   - қашықтықтан сұраныс жасау;
   - төлінген транзакцияға қолдау көрсету;
   - презентациялық логика;
   - бизнес-логика.

2. Қандай екі деңгейлі модельдерді білесіз? Олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.

3. Дерекқор ұйымдарының келесі сәулетінің сипаттамаларын атаңыз:
   - көп ағынды бір серверлі сәулет;
   - виртуалды сервері бар сәулет;
   - көп жіпті мультисерверлі сәулет.

4. Сұранысты не үшін параллельдейді және параллелизмнің қандай түрлерін білесіз?

SQL SERVER 2000 ЖЕЛІЛІК ДЕРЕККОР

11.1. SQL Server 2000 компоненттері

SQL Server 2000 ірі кәсіпорындар ауқымындағы дерекқорларды басқарудың қазіргі заманғы жүйелерінің бірі болып табылады.

SQL Server 2000-мен кәсіби жұмыс істеу үшін оның қызмет ету қағидаттарын түсіну керек, қандай да бір жағдайда қай компонентті пайдалану қажет екенін білу керек. SQL Server 2000 компоненттерін (қызметтерін), олардың тағайындалуын және пайдалану әдістерін қарастырайық.

Windows NT немесе Windows 2000 операциялық жүйенің басшылығында жұмыс істейтін көптеген серверлік өнімдер сияқты Microsoft SQL Server 2000 операциялық жүйе қызметтерінің жинағы түрінде іске асырылған, олардың әрбіреуі өз бетімен іске қосылады және белгілі бір міндеттер тобы үшін жауап береді.

SQL Server қызметтер тізімін келтірейік:

- MSSQLServer;
- SQLServerAgent;
- Microsoft Search;
- Microsoft Distributed Transaction Coordinator.

SQL Server 2000 жекелеген қызметтер түрінде іске асыру ДҚБЖ-ге операциялық жүйенің бөліктері ретінде жұмыс істеу, меншік қолжетімдік құқықтарына ие болу және осы сәтте компьютерде жұмыс істеп отырған пайдаланушыға тәуелсіз болу мүмкіндігін береді. Windows 95/ 98 операциялық жүйесі осы қызметтердің жұмысына қолдау көрсетпейді, сондықтан SQL Server 2000 осы операциялық жүйе басшылығымен жұмыс істеуі үшін автоматты түрде қызметтер эмуляциясы орындалады. SQL Server 2000 әрбір қызметін толығырақ қарастырайық.

MSSQLServer қызметі. MSSQLServer қызметі ДҚБЖ өзегі болып табылады және барлық негізгі операцияны орындайды. MSSQLServer қызметінің міндеттеріне пайдаланушыларды тіркеу, олардың қолжетімдік құқықтарын тіркеу, қосылысты орнату, пайдаланушылардың дерекқорға жүгінуіне қызмет көрсету, сақталатын рәсімдерді орындау, дерекқор файлдарымен жұмыс істеу және тағы басқасы.

MSSQLServer қызметінің функцияларына жүйелік ресурстардың пайдаланылуын бақылау кіреді. MSSQLServer қызметі жүйеден мерзімді бос ресурстардың бары туралы сұрайды және олар жеткілікті болғанда қосымша жад немесе процессордың уақыт бөледі. Алынған ресурстар барлық қосылған пайдаланушы арасында бөлінеді, сөйтіп

сұратуды өңдеудің ең жоғарғы өнімділігіне қол жеткізіледі. Көп процессорлы жүйені пайдалану кезінде пайдаланушылардың “ауыр” сұратуларын барлық қолжетімді процессорлар арасында параллелдеу орындалады.

Барлық қалған қызметтері ДҚБЖ иілімдігі мен функционалдығын қосатын, MSSQLServer қызметінің кеңеюі ретінде қарастыруға болады. MSSQLServer қызметі әрқашан бірінші болып іске қосылады. Тек сәтті басталғаннан кейін ғана басқа қызметтер іске қосылуы және өз жұмысын бастай алуы мүмкін.

SQLServerAgent қызметі. SQLServerAgent қызметі ең алдымен СУБД әкімшілігін автоматтандыруға арналған. Осы қызметтің міндетіне тапсырмаларды автоматты іске қосу және операторларға сервер жұмысындағы істен шығу туралы хабарлау кіреді. SQLServerAgent қызметінің көмегімен белгілі бір уақытта әртүрлі міндетті іске қосуға болады, бұл әкімшіні кертартпа жұмыстың көп бөлігін жоюы мүмкін. Мысалы, әкімші резервтік көшірме жасау және пайдаланушының кем белсендігі кезінде дерекқордағы ақпараттың біртұтастығын тексеру операцияларының автоматты түрде орындалуын жоспарлауы мүмкін. Бұл ретте әкімшіге операцияларды орындау барысын бақылау қажет болмайды.

SQLServerAgent қызметі орындайтын операциялардың көп бөлігі MSSQLServer қызметімен орындалатын жүйелік сақталатын рәсімдер түрінде іске асырылған. SQLServerAgent қызметінің жұмысында үш типті объект қолданылады:

- Jobs (тапсырмалар);
- Operators (операторлар);
- Alerts (оқиғалар).

Міндеттерді автоматты іске қосу кестесін қоса алғанда, барлық осы объект туралы ақпарат жүйелік Msdb дерекқорында сақталады. SQLServerAgent әрбір басталған сайын осы дерекқордың мазмұнын талдайды. Егер қызметті іске қосу кезінде кешіктірілген міндеттер жиналып қалса немесе конфигурацияланған оқиға туындаса, онда қызмет тиісті әрекеттерді орындайды.

Тапсырмаларды, операторларды және оқиғаларды басқару үшін әртүрлі әдісті пайдалануға болады. Ең қолайлысы Enterprise Manager утилитасының графикалық интерфейсін пайдалану. Екінші тәсіл жүйелік сақталатын рәсімдерді және Transact-SQL командаларын шақыруда болып табылады. Үшінші тәсіл SQL-DMO интерфейсіне жүгінуді болжайды. Соңғы жағдайда тапсырмалармен, операторлармен және оқиғалармен жұмыс істеу интерфейсін қамтамасыз ететін, өзінің меншік қосымшаларын жазуға болады.

SQLServerAgent қызметінің білікті жұмыс істеу тәсілі дерекқорды сүйемелдеуге шығындарды, атап айтқанда, операторлар мен әкімшілер санын азайту арқылы қысқарта алады. SQLServerAgent қызметін қолданудан экономикалық әсер кәсіпорын көлеміне пропорционалды: кәсіпорын үлкен болған сайын, SQL Server 2000 мүмкіндіктерінен пайда соғұрлым үлкен.

Jobs объекттері. Осындай типті объекттер автоматты түрде орындалуы қажет міндеттерді сипаттайды. Әрбір міндет үшін іске қосудың (schedule) бір немесе бірнеше кестесі көрсетіледі. Бұдан басқа, тапсырма талап бойынша (on demand), яғни қолмен орындалуы мүмкін. Әрбір тапсырма бір немесе одан артық қадамнан (step) тұрады. Қадам ретінде мыналар болуы мүмкін:

- Transact-SQL командасы немесе сұранысы;
- репликацияның қосалқы жүйесін басқару командалары;
- Windows командалық жол мен қосымшаның утилиттері;
- VB Script немесе JavaScript тілдерінде жазылған скрипттер және т.б.

SQLServerAgent қызметі тапсырмалардың дұрыс орындалуын бақылау, көп қадамды тапсырмаларды жасау мүмкіндігіне ие. Қадамдар өзара белгілі бір ережелермен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, егер дерекқордың біртұтастығын тексеру сәтті аяқталса, онда қызмет деректердің резервтік көшірмесін жасайды; кері жағдайда, сервер әкімшіге электронды пошта бойынша немесе пейджерге тиісті хабарландыру жібере алады. Қызмет міндеттердің белгілі бір уақытта және сервердің аз жүктелген уақытында орындалуын қамтамасыз ете отырып, іске қосу уақытын икемді басқару мүмкіндігін береді.

Operators объекттері. Осындай типті объекттер сервердің жұмыс күйінде сақталуы үшін жауап беретін, қызметкер-операторларды сипаттайды. Шағын ұйымдарда әдетте оператор мен әкімшінің рөлін бір адам біріктіреді. Үлкен кәсіпорындар мен корпорацияларда әкімші мен операторлардың рөлдері жиі бірнеше адамға бөлінген. Әкімші тек жауапкершілікті жұмысты орындайды, мысалы дерекқорларды жоспарлау, құру және өзгерту. Оператор жиі дерекқорлардың резервтік көшірмесін жасау, пайдаланушыларды қосу, деректердің біртұтастығын бақылау және т.б. кертартпа жұмыспен айналысады. Егер ұйым үлкен болса, онда мамандандырылған операторларды пайдалануға болады. Мысалы, операторлардың біреуі резервтік көшірме жасау операцияларын орындау үшін жауапты, екіншісі деректердің біртұтастығын бақылайды және т.б. Операторлардың әрбіреуі қызметіне қатысты хабарлама алу керек. Резервтік көшірме жасау операторы қажетсіз бұғаттау мәселелерін шеше бастағаны қажет емес.

SQL Server 2000 өз жұмысының параметрлерін қадағалайды және кемшіліктерді байқаған кезде, мысалы, дискте бос кеңістік болмаса, операторға хабарлай алады. Ол үшін SQLServerAgent қызметі пайдаланылады.

Алдымен операторларды конфигурациялау керек және оқиғаларды көрсету керек, соңғысы туындаған кезде операторларға хабарландыру жіберіледі. SQLServerAgent қызметі операторларға хабарлау үшін белгілі бір хабарламаларды электронды пошта бойынша жібере алады немесе тікелей оператордың пейджеріне жібере алады. Бұдан басқа, операторға хабарлау үшін net *send командасын шақыруға рұқсат етіледі, оның көмегімен жергілікті желі бойынша хабарлама жіберуге болады. Кімде-кім операторға сервердің жұмысындағы проблема туралы хабарлайды деген сеніммен, команданың іске қосылуын хабарламаны желінің барлық пайдаланушысы ала алатындай дәлдеуге болады. Бірақ жиі* net send командасы хабарламаны нақты пайдаланушыға жіберу үшін қызмет етеді.

Alerts объекттері. Alerts типті объекттер SQL Server 2000 әсер етуі қажет оқиғаларды сипаттайды. Сервер сипатталған оқиға пайда болған кезде SQLServerAgent қызметінің көмегімен бір немесе бірнеше операторға сервердің жұмысындағы кемшіліктердің байқалғаны туралы хабарландыру жібереді. SQL Server 2000 оқиғалары сервер жұмысының шамамен барлық аспекттерін қамтиды, бұл SQL Server 2000 жұмысын тиімді бақылау мүмкіндігін береді. Операторларға сервердің жұмыс істеу параметрлері туралы білу үшін, әрқашан сервердің жанында болу міндетті емес. Істен шығу анықталған кезде оператор ғимаратта болмауы мүмкін, бірақ ол пейджерге хабарландыру алып, қажетті әрекеттерді, соның ішінде қашықтықтан қажетті шаралар қабылдай алады. Сипатталған тәсіл үлкен ұйымдардағы дерекқорды сүйемелдеуге шығындарды азайту мүмкіндігін береді. Кәсіпорынның әрбір сервері үшін дербес оператордың қажеттігі жоқ.

Microsoft Search (MSSearch) қызметі. Full-Text Search деп аталатын Microsoft Search қызметі дерекқордың кестелерінде символды ақпаратты іздеу үшін пайдаланылады. Microsoft Search қызметі толық мәтіндік іздеуді орындау мүмкіндігін береді. Толық мәтіндік іздеу технологиясы нақты сөздер мен сөз тіркестерді ғана емес, сондай-ақ мағынасы мен жазылуы ұқсас сөздерді қалпына келтіру мүмкіндігін береді. Толық мәтіндік іздеуді іске асыру үшін толық мәтіндік каталогтар (full-text catalog) және толық мәтіндік индекстер бар (full-text index). Толық мәтіндік каталогтар мен индекстердің деректері негізгі деректерден жеке арнайы файлдарда сақталады. Осы файлдармен жұмыс істеу бойынша барлық әрекеттерді MSSearch қызметі жүзеге асырады. MSSQLServer және MSSearch қызметтері арасындағы байланыс арнайы жеткізуші арқылы жүзеге асырылады (full-text provider).

MSSearch қызметі мерзімді дерекқор кестелерінің мазмұнын талдайды және толық мәтіндік каталогтар мен индекстерді жаңартады (repopulation).

Толық мәтіндік индексті қайтадан жасау қажет болса, онда индексті қайта құру (rebuild) керек. Осындай тәсілдің нәтижесі толық мәтіндік іздеудің деректерін негізгі деректерден жеке басқару мүмкіндігі болып табылады. Әкімші осы толық мәтіндік индекстердің жаңартылу интервалдарын дәлдеу керек. Бұдан басқа, толық мәтіндік іздеудің файлдарының резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру операцияларын негізгі деректерден жеке орындау керек.

Microsoft Distributed Transaction Coordinator (MSDTC) қызметі. SQL Server 2000 пайдаланушыларға бір уақытта бірнеше дереккөзбен жұмыс істеу мүмкіндігін береді. Пайдаланушылар бір сұратуда бір немесе әртүрлі серверде сақталатын, әртүрлі дерекқорға жүгінуі мүмкін. Бұдан басқа, пайдаланушылар SQL Server 2000 серверлеріне ғана емес, сондай-ақ OLE DB технологиясымен жұмыс істейтін кез-келген дерекөздерге жүгінуі мүмкін. Осы технология Oracle, FoxPro, MS Access сияқты реляциялық дереккөздерге ғана емес, сондай-ақ MS Excel кітабының мәтіндік файлдары сияқты реляциялық емес дереккөздерге және басқа қосымшаларға жүгіну мүмкіндігін береді.

Бір транзакциядан көптеген дереккөзге жүгіну үшін SQL Server 2000 бөлінген транзакцияларды (distributed transaction) пайдаланады. Бөлінген транзакцияларды басқару үшін бөлінген транзакциялардың үйлестірушісі болады (Distributed Transaction Coordinator). SQL Server 2000-де бөлінген транзакцияларды үйлестіруші MSDTC қызметі түрінде іске асырылған. Бұл қызмет бөлінген транзакцияларды орындай бастау қажет болатын жағдайларды автоматты түрде қадағалайды. Кейбір жағдайларда пайдаланушы оның транзакциясы бөлінген ретінде орындалып жатқанын сезбеуі мүмкін. MSDTC қызметі пайдаланушыдан бөлінген транзакцияларды өңдеу бойынша барлық әрекеттерді жасырады. Бөлінген транзакциялар әрбір дерекөзде бөлінген транзакциялар үйлестірушісімен ашылатын, көптеген жергілікті транзакция ретінде іске асырылады. MSDTC қызметі бөлінген транзакцияның барлық қатысушыларына деректердің біртұтастығы қамтамасыз етілетіндей барлық транзакцияларды синхрондайды. Бұған арнайы екі фазалы өзгерістер хаттамасын (2PC, two-phase commit protocol) пайдалана отырып қол жеткізуге болады.

11.2. SQL Server 2000 жүйелік дерекқорлары

SQL Server 2000 өз жұмысында бірнеше жүйелік дерекқорды пайдаланады. Осы дерекқорлар SQL Server 2000 орнату кезінде автоматты түрде құрылады және жойылмау керек. Серверді дәлдеу бойынша бүкіл ақпарат осы дерекқорларда сақталады. Оларды бүкіл жүйелік және пайдаланушылық ақпарат сақталатын, Windows операциялық жүйесінің тізілімімен салыстыруға болады. Тізілімді жою немесе зақымдау жүйенің бұзылуына әкеледі. SQL Server 2000 жүйелік дерекқорларында да баламалы жағдай байқалады. Жүйелік дерекқорлардың тізімін келтірейік:

- Master;

- Tempdb;
- Msdb.

Пайдаланушылар операциялық жүйенің тізілімімен жұмыс істеу кезінде жиі арнайы құрал-саймандарды, мысалы басқару панелінің утилиттерін таңдайды. Тізіліммен тікелей жұмыс істеу ұсынылмайды, себебі шағын өзгерістердің өзі жүйенің жұмыс істеу қабілетін айтарлықтай зақымдай алады. Жүйелік дерекқорлармен жұмыс істеу кезінде де осылай жасау керек. *Select, Insert, Update, Delete командаларының көмегімен тікелей жұмыс істеу ұсынылмайды. Пайдаланушылар Select командасы арқылы деректерді тек оқи алады. Жүйелік кестелердегі деректерді өзгерту үшін* SQL Server 2000-де жүйелік сақталатын рәсімдер жинағы бар, олардың көмегімен серверді әкімшілеу бойынша шамамен кез-келген әрекетті орындауға болады.

Master дерекқоры. Осы жүйелік дерекқор SQL Server 2000 басты дерекқоры болып табылады. Ол Windows операциялық жүйесінің тізілімі қызметін атқарады. Қалған жүйелік дерекқорлардың екінші кезектегі мағынасы бар және оларды қосалқы деп есептеуге болады. Master дерекқорында пайдаланушылық дерекқор серверіндегі сервердің конфигурация параметрлері туралы, серверге қолжетімдігі бар пайдаланушылар туралы бүкіл жүйелік ақпарат және басқа жүйелік ақпарат сақталады.

Master дерекқоры өздігінен SQL Server 2000 орнату каталогының Data каталогында құрылады. Дерекқор екі файлдан тұрады:

- Master.mdf — деректерді құрайтын, дерекқордың негізгі файлы. Осы файлдың көлемі орнатқаннан кейін 8 Мбайт құрайды;
- Master.ldf — транзакциялар журналын сақтауға арналған дерекқор файлы. Осы файлдың көлемі орнатқаннан кейін 1 Мбайт құрайды.

Model дерекқоры. Осы жүйелік дерекқор жаңа дерекқор құру үшін шаблон болып табылады. SQL Server 2000-де жаңа дерекқорды құру технологиясы Model дерекқорын сервер көрсетілген орынға көшіретіндей және тиісті түрде атын өзгертетіндей құрылған. Егер дерекқорды құру кезінде атынан басқа ешқандай параметр көрсетілмесе, онда жаңа дерекқор Model дерекқорының толық көшірмесі болып табылады. Егер құрылатын дерекқордың көлемі мен файлдар құрамы айқын көрсетілсе, онда көшірмесі жасалған дерекқор тиісті түрде өзгертіледі. Алайда кез-келген жағдайда негізі ретінде Model дерекқоры пайдаланылады.

Model дерекқорының параметрлерін өзгерте отырып, өздігінен құрылатын дерекқордың параметрлерін басқаруға болады. Бұдан басқа, Model дерекқорын дерекқордың мазмұны мен қасиеттеріне корпоративтік стандарт ретінде пайдалануға болады, яғни әкімші Model дерекқорында кестелер жинағын және әрбір дерекқорда болу қажет сақталатын рәсімдерді құра алады.

SQL Server 2000 орнатқаннан кейін Model дерекқорының көлемі 1,5 Мбайт болып орнатылған. Model дерекқоры Data каталогында орналасқан және әрбіреуінің көлемі 0,75 Мбайт болатын екі файлдан тұрады:

- Model.mdf — деректерді құрайтын, дерекқордың негізгі файлы;
- Model.ldf — транзакциялар журналын сақтау үшін пайдаланылатын дерекқор файлы.

Tempdb дерекқоры. Tempdb дерекқоры (толық атауы — Temporary DataBase) пайдаланушылармен жұмыс істеу сеансы кезінде құрылатын, барлық уақытша объекттерді сақтауға арналған. Егер кестелер немесе көріністер сияқты тұрақты объекттер пайдаланушы дерекқорында жасалса, онда уақытша объекттер Tempdb дерекқорында туындайды. Tempdb дерекқорына қолжетімдік автоматты түрде барлық пайдаланушыда болады және әкімші осы дерекқорға қолжетімдік ұсыну үшін ешқандай әрекет қабылдамау керек.

Tempdb дерекқорының айрықша ерекшелігі сервер ақталған сайын жойылуы болып табылады. Әрине, пайдаланушылар жасаған барлық уақытша объекттер де жойылады. SQL Server 2000 келесі іске қосу кезінде Tempdb дерекқоры қайтадан құрылады. Tempdb дерекқорын құру кезінде, пайдаланушылық дерекқорлары үшін сияқты, негіз ретінде Model дерекқоры қолданылады, бұл ретте оның барлық қасиеттері қалады. Әкімші Model дерекқорының параметрлерін өзгерте отырып, осыны есепке алу керек. Осы дерекқордың параметрлерін дұрыс конфигурацияламау барлық пайдаланушының жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа, Tempdb дерекқорының параметрлерін жоспарлау кезінде дисктегі бос кеңістікке қойылатын талаптарды есепке алу керек. Барлық дерекқор үшін сияқты Tempdb үшін дерекқор файлдарының автоматты өсу мүмкіндігі сақталады. Пайдаланушылар Tempdb дерекқорының ресурстарына қарқынды жүгінген кезде өседі. Осы дерекқордың бастапқы көлемі мен өсу қадамын дұрыс таңдау керек. Осы параметрлерді дұрыс конфигурацияламаса, жүйенің өнімділігі айтарлықтай азаюы мүмкін.

Tempdb дерекқоры SQL Server 2000 орнату каталогының Data каталогында орналасатын екі файлдан тұрады:

- Tempdb.mdf — уақытша объекттерді құрайтын, дерекқордың негізгі файлы. Осы файлдың көлемі орнатқаннан кейін 8 Мбайт құрайды;
- Tempdb.ldf — транзакциялар журналы. Осы файлдың көлемі орнатқаннан кейін 0,5 Мбайт құрайды.

Msdb дерекқоры. Msdb жүйелік дерекқоры SQL Server 2000 әкімшілендірілуін және басқарылуын автоматтандыруға қатысты болатын SQLServerAgent қызметі пайдаланатын ақпаратты және операторлар мен оқиғалар туралы ақпаратты орналастыруға арналған.

11.3. SQL Server 2000 құрал-саймандары

Әдетте әкімшілеу құрал-саймандары SQL Server 2000 орнату кезінде орнатылады. Бұған қарамастан олар жекелеп қосылуы мүмкін. SQL Server 2000 құрал-саймандарын қарастырайық.

Enterprise Manager. Бұл құрал-сайман әртүрлі міндеті орындау үшін негізгі болып табылады:

- Қауіпсіздік жүйесін басқару;
- Дерекқор мен оның объекттерін құру;
- Резервтік көшірмелерді жасау және қалпына келтіру;
- Репликацияның қосалқы жүйесін конфигурациялау;
- SQL Server 2000 қызметтерінің жұмыс параметрлерін басқару;
- Автоматтандыру қосалқы жүйесін басқару;
- Қызметтердің жұмысын іске қосу және тоқтату;
- Байланысқан және қашықтықтағы серверлерді конфигурациялау;
- DTS пакеттерін құру, басқару және орындау.

Келтірілген тізіммен Enterprise Manager барлық қолданылу саласы таусылмайды және кеңеюі мүмкін. Алайда осы құрал-сайманның маңыздығын түсіну үшін аталған міндеттер жеткілікті.

SQL Server 2000 әкімшілік міндеттерінің үлкен бөлігі келесі әдістермен орындалуы мүмкін:

- Transact-SQL құралдарын пайдалану;
- Enterprise Manager графикалық интерфейс арқылы;
- шеберлер арқылы (wizards).

Әдістерді атау тәртібі олармен жұмыс істеу күрделілігін азайтуға сәйкес келеді. Ең күрделісі Transact-SQL құралдарымен міндеттерді орындау болып табылады, себебі бұл командалар мен сақталатын рәсімдердің синтаксисін білуді талап етеді. Transact-SQL құралдарын пайдалану пайдаланушыға жүйелік деректерге тікелей қолжетімдікті қамтамасыз етеді.

SQL Server Service Manager. SQL Server Service Manager утилитасының жалғыз міндеті пайдаланушыға қолайлы іске қосу механизмін ұсыну, SQL Server 2000 қызметтерін тоқтату және тоқтата тұру. Бұдан басқа, ол операциялық жүйені жүктеу кезінде қандай да бір қызметті автоматты іске қосуға тыйым салу немесе рұқсат ету мүмкіндігін береді.

Service Manager утилитасы SQL Server 2000 орнату кезінде орнатылады және өздігінен операциялық жүйені жүктеу кезінде автоматты түрде іске қосылады.

SQL Server Profiler. SQL Server Profiler утилитасы — бұл әкімші SQL Server 2000 қандай да бір аспекттерін бақылай алатын графикалық құрал-сайман.

Осы утилитаның жұмыс істеу негізінде Performance утилитасының жұмыс істеу негізіндегі сияқты қағида жатыр. Пайдаланушылық сұраныстарды, сақталатын рәсімдерді, Transact-SQL командаларын орындау кезінде, серверге қосылу және ажыратылу кезінде, сондай-ақ көптеген басқа әрекеттер кезінде SQL Server 2000 өзегі жүйелік кестелерде операцияның орындалу барысы туралы әртүрлі ақпаратты сақтайды. Бұл ақпарат арнайы сақталатын рәсімдер арқылы алынуы мүмкін. SQL Server Profiler утилитасы осы сақталатын рәсімдерді қажетті ақпарат алу үшін пайдаланады. Содан кейін алынған деректер графикалық интерфейс арқылы қолайлы түрде ұсынылады. Алайда пайдаланушылар тікелей сақталатын рәсімдерге жүгіне отырып, SQL Server 2000 үрдістері туралы ақпараттарды ала алады. Осы сақталатын рәсімдер негізінде SQL Server 2000-дің қажетті нысанда жұмыс істеуі туралы ақпаратты көрсететін меншік қосымшаны жазуға болады.

QL Server 2000 жұмысының мониторингі оқиғаларды (events) қадағалауға негізделеді. Оқиға SQL Server 2000 өзегімен генерацияланады және бақылауға болатын ең аз жұмыс көлемі болып табылады. Әрбір оқиға параметрлерін және қандай да бір ақпараттың мәнін сипаттайтын, оқиғалардың (event classes) қандай да бір санатына жатады. SQL Server Profiler оқиғасы мен оқиғалар класы арасындағы айырмашылықты жақсы түсіну үшін Performance Monitor объекттерімен және объект даналарымен баламаны жүргізейік. SQL Server Profiler оқиғалар класы Performance Monitor объектісі сияқты абстрактілі сипаттама болып табылады, ал оқиғаның өзі (объекттің данасы) қандай да бір объекттің жұмысы туралы ақпарат болып табылады.

SQL Server оқиғалар класының саны үлкен. Олармен жұмыс істеуді жеңілдету үшін олар 12 санатқа (category) бөлінген.

Query Analyzer. Осы құрал-сайман сұратуларды орындауға және олардың орындалуын талдауға арналған. Query Analyzer пайдаланылу жиілігі мен маңыздығы бойынша Enterprise Manager-мен салыстырылады.

Ерекшеліктерінің бірі сақталатын рәсімдердің орындалу жолы тарту мүмкіндігі болып табылады. Пайдаланушылар жол тарту кезінде (break points) тоқтау нүктелерін пайдалана алады, сонымен қатар рәсім командаларының қадаммен орындалуын жүзеге асыра алады.

Query Analyzer көмегімен сұратуларды және сақталатын рәсімдерді орындаудан басқа сұратудың орындалу өнімділігін бағалауға болады. Ол үшін сұратудың орындалуының бағалау (estimated) немесе нәтиже беретін жоспарын (execution plan) көрсетуге рұқсат еткен жөн, оны *Query мәзірі арқылы орындауға, онда Display Estimated Execution Plan* және *Display Execution Plan тармақтарын таңдау арқылы орындауға болады.*

Сұранысты орындаудың бағалау жоспары сервердің сұраныстың жекелеген қадамдарын орындауға шығындар туралы болжамдары негізінде қалыптастырылады.

Сұранысты орындаудың нәтиже беретін жоспары сұранысты орындағаннан кейін генерацияланады және істің шынайы жағдайын көрсетеді. Мінсіз жағдайда бағалау және нәтиже беретін орындау жоспарларының мәні бірдей болады. Алайда көп пайдаланушылық жүйелермен жұмыс істеу кезінде сұранысты шынайы орындау күтілгеннен артық уақытты алуы мүмкін.

Жиі процессордың басқа пайдаланушылардың сұраныстарын орындаумен немесе басқа транзакциялармен сұранысты орындау үшін қажетті ресурстарының бұғатталуымен айналысуынан болады.

Upgrade Wizard. Upgrade Wizard шебері SQL Server 6.5 бастап SQL Server 2000 дейін дерекқорларды жаңартуға арналған.

Жаңарту барысында SQL Server 2000-ге деректер, сонымен қатар сақталатын рәсімдер, триггерлер, ережелер, бастапқы дәлдеулер, біртұтастығын шектеу, көріністерді қоса алғанда жаңартылатын дерекқор объекттерінің барлық жинағы көшіріледі. Бұдан басқа, дерекқор объекттеріне қолжетімдік құқықтары орнатылған дерекқорларды пайдаланушылар және т.б. көшірілген болып табылады. Бұдан басқа, жаңарту барысында репликация қосалқы жүйесінің барлық дәлдеулері көшіріледі.

Import and Export Data. Осы құрал-сайман екі дереккөз арасындағы ақпараттың көшірмесін жасайтын, DTS пакетін құруға арналған деректерді импорттау (экспорттау) шебері болып табылады. Шебердің айрықша белгісі деректердің көшірмесін жасау үрдісін конфигурациялау қарапайымдылығы болып табылады.

Шебердің пайдалану кемшіліктеріне екіден астам дереккөзді өңдеу , сонымен қатар күрделі түрленуді және бұдан бұрынғы қатынастарды анықтау мүмкінсіздігі жатады. Бұдан басқа, DTS мүмкіндіктерінің үлкен бөлігі, мысалы, электронды пошта бойынша хабарлама жіберу қолжетімсіз болады. Шеберді пайдаланудың күмәнсіз артықшылығы қарапайым міндеттердің жеңіл шешілуі болып табылады. Егер дерекқор кестелеріне MS Excel файлынан ақпаратты жүктеу қажет болса, онда шебердің мүмкіндіктері жеткілікті болады. Сөйтіп, тәжірибесіз пайдаланушылардың өзі ақпарат алмасудың негізгі операцияларын орындай алады.

Client Network Utility және Server Network Utility. SQL Server 2000 желімен жұмыс істеуі үшін желілік хаттаманың болуы жеткіліксіз. Клиенттер серверде және клиентте сервермен қосылысты орната алу үшін, арнайы желілік кітапханаларды (Network Library) қосу керек. Осы кітапханалар динамикалық қосылатын кітапханалар түрінде іске асырылған (DLL, dynamic link library) және операциялық жүйеге қосылады.

Кітапхана хаттаманың базалық мүмкіндіктерін кеңейтеді және IPC механизмдері пайдаланылатын, клиент пен сервер арасында деректермен алмасу бойынша әртүрлі желілік операцияларды орындайтын дәлдеу болып табылады.

Кітапханаларды SQL Server 2000 орнату кезінде және кейінірек орнатуға болады. Егер орнатқаннан кейін кітапхананы қосу немесе жою қажет болса, онда ол үшін SQL Server 2000 бірге орнатылатын Server Network Utility утилитасын пайдалану керек.

Осы кітапхананың көмегімен сервердің желілік параметрлері конфигурацияланады, яғни желілік кітапханалар көрсетіледі, олардың көмегімен пайдаланушылар серверге жүгіне алады. Алайда клиенттің тарапынан желілік кітапханалар болу керек және сервермен жұмыс істеу үшін конфигурациялану керек. Клиентті конфигурациялау SQL Server әкімшілеу құрал-саймандарын орнату кезінде қосылатын, Client Network Utility утилитасы арқылы орындалады.

Конфигурацияланған параметрлер Enterprise Manager, Query Analyzer және басқа әкімшілеу құралдарының жұмысы үшін пайдаланылады. Клиент пен сервердің өзара әрекеттесуі сәтті болатынына кепілдік беру үшін, клиент серверде қолдау көрсетілетін ең болмағанда бір кітапхананы пайдалануын, сонымен қатар қажет болған жағдайда тиісті түрде оның қасиеттерін көрсетуін қамтамасыз ету керек.

Командалық жолдың утилиттары. Графикалық интерфейсі бар әлдеқайда қарастырылған утилиттардан басқа SQL Server 2000-да әртүрлі міндеттерді орындауға болатын командалық жол утилиттарының жинағы бар. Утилиттардың кейбіреулері серверде автоматты түрде пайдаланылады және утилитаға қарағанда, SQL Server 2000 өзегінің бір бөлігі болып табылады.

Шеберлер. Ертерек айтылғандай, көптеген міндеттер Enterprise Manager графикалық интерфейсін және арнайы шеберлер арқылы (wizards) Transact-SQL құралдарының көмегімен орындалуы мүмкін. Шеберлер әкімшілік міндеттерді орындаудың аса қарапайым тәсілі болып табылады. Шеберлердің кемшіліктері барынша шектелген мүмкіндіктер болып табылады.

Алайда кейбір шеберлерге қолданылмайды. Репликация қосалқы жүйесін конфигурациялау шеберлері барынша күрделі үрдіс болып табылады. Мысалы, Enterprise Manager құралдарымен жариялым жасау мүмкін емес. Тиісті шеберді пайдалану керек. Әрине, әрқашан Transact-SQL құралдарын пайдалануға болады. Бірақ кейде күрделігі мен еңбекті көп қажет ететіндігі соншалықты, ең жақсы шешім шеберді пайдалану болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. SQL Serve келесі қызметтерінің негізгі тағайындалуын атаңызг:
   - MSSQLServer;
   - SOLServerAgent;
   - Microsoft Search (MSSearch);
   - Microsoft Distributed Transaction Coordinator (MSDTC).
2. SQL Server жүйелік дерекқорлардың негізгі тағайындалуын атаңыз:
   - Master;
   - Model;
   - Tempdb;
   - Msdb.
3. SQL Server 2000 қандай құрал-саймандарын білесіз?

ORACLE БӨЛІНГЕН ДЕРЕККОРЛАРДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

12.1. Қысқаша құру тарихы

1977 ж. Л.Эллисон, Б.Майнер және Э.Оуэтс Relational Software Incorporated (RSI) фирмасын ұйымдастырды, ол (БДҚБЖ) Oracle *бөлінген дерекқорларды басқару жүйесінің* бастамасы болды. Б. Майнер және Д. Оуэтс С және SQL тілдерін пайдалана отырып, бөлінген дерекқорларды басқару жүйесін жасап шығаруды шешті. 1979 ж. бағдарламалық жүйелер нарығына БДҚБЖ Oracle 2 ұсынылды, ол ОС RSX-11 операциялық жүйесінің басшылығында жұмыс істеді.

1983 ж. Oracle 3 жүйесінің жаңа нұсқасы пайда болды. Жасап шығарушылар SQL тіліне өзгерістер енгізді, бұл жүйенің өнімділігін арттыру мүмкіндігін берді. Oracle 2 қарағанда үшінші нұсқа толығымен С тілінде жазылған. Осы сәттен бастап RSI фирмасы өзінің атауын Oracle Corporation деп өзгертті.

Фирма автоматтандырылған жүйелерді “интеллектуалдануын” арттыру және деректерді аналитикалық өңдеу мүмкіндіктерін кеңейту бағытында өзінің БДҚБЖ әрқашан жетілдіреді.

12.2. Негізгі ұғымдар мен терминология

Баяндалғаннан ерекшеленетін, Oracle жүйесінің терминдері мен ұғымдарын қарастырамыз.

Блок (Block) — БДҚБЖ Oracle-да деректерді сақтаудың ең кішкентай бірлігі. Тақырыпша ақпаратын және блоктың өзін құрайды (деректер немесе PL/SQL-код). Блок көлемі 2 бастап 16 дейін Кбайт құрайды.

Буфер — деректерді сақтау үшін пайдаланылатын, жедел жадтың көлемі. Буфер пайдаланылуы болжалатын немесе жақын арада пайдаланылған деректерді құрайды. Көп жағдайда буфер қатты дискте сақталатын деректердің көшірмесін құрайды. Буфердегі деректер өзгертілуі және дискке жазылуы мүмкін немесе уақытша сақтау үшін буферге орналастырылуы мүмкін. Oracle-ға қолданбалы буферлер жақын арада жүгінген деректер блогын құрайды. Буферлердің жиынтығы *деректер буферлерінің кэшін* құрайды. Сондай-ақ буферде одан әрі дискке жазылатын өзгерістер журналының уақытша жазбалары сақталады (өзгерістер журналының буфері).

Лас буфер (*dirty buffer)* — құрамы өзгерген буфер. DBWR мерзімді лас буферлерді қатты дискке лақтырады.

Сипаттамалардың динамикалық кестелері (Dynamic Performance Tables) — бұл Oracle данасын іске қосу кезінде автоматты түрде құрылатын және осы дананың сипаттамаларын сақтау үшін пайдаланылатын кестелер. Олар қосылыстар, енгізу (шығару), ортаның параметрлерінің бастапқы мәндерін және т.б. туралы ақпаратты құрайды.

Сұраныс — бұл "тек оқуға арналған" транзакция. Сұраныс *Select* командасы арқылы генерацияланады. Қарапайым транзакция мен сұрату арасындағы айырмашылық сұраныс кезінде деректер өзгермейтіндігінде.

Индекс — деректерді жылдам әрі тиімді алу мүмкіндігін беретін құрылым (қандай да бір кітаптың мазмұны қажетті бөлімді тауып беретін сияқты). Индекс бір немесе бірнеше бағанға жарияланады. Кестеге қолжетімдік индекстелген баған (бағандар) бойынша жасалады.

Кластер — физикалық біреу болып сақталатын және ортақ бағандары бар кестелер жинағы. Егер ортақ бағандары бар, екі және одан артық кестелерге сұратулар жиі өңделсе, кластерлерді пайдалану тиімді. Кестелерге кластерлі кестенің бір бөлігі болған жағдайда да жекелеп жүгінуге болады.

Бәсекелесу (concurrency) — бұл бағдарламаның бір уақытта бірнеше қызмет атқару қабілеті. Oracle-ға қолданбалы *бәсекелесу* — бұл көп пайдаланушы үшін деректерге бір уақытта қолжетімдігінің болуы.

Бақылау нүктесі (Checkpoint) — барлық өзгертілген деректердің (жадтағы деректер блогы) дискке жазылуына әкелетін операция. Бұл істен шығудан кейін дерекқорды жылда қалпына келтіру мәселесіндегі өзекті фактор.

Деректер буферінің кэші — деректерге жылдам қолжетімдікке арналған жад саласы. Аппараттық қамтамасыз ету тұрғысынан — бұл негізгі жадтан жылдамырақ болатын шағын жад көлемі (жедел жадқа қолданбалы). Жадтың осы көлемі деректерді немесе нұсқаулықтарды орталық процессорға (ОП) жүктеу үшін қажетті уақытты азайту үшін ОП өз бетімен кіріктірілген кэшті құрайды.

Сұлба объекттері — бұл дерекқорды құрайтын абстракция (логикалық құрылым). Сұлба объекттері индекстерден, кластерлерден, пакеттерден, реттіліктерден, сақталатын рәсімдерден, синонимдерден, кестелерден, көрсетілімдерден және т.б. тұрады.

Реттілік, реттіліктер генераторы - деректер буферінің кэшінде сақталатын, цифрлардың реттілігін құру үшін пайдаланылады.

Көрсетілім (түрі) — бұл бір немесе одан артық кестеден деректерді қарауға арналған жиектеме, терезе. Түрі ешқандай деректерді сақтамайды, тек оларды көрсетеді. Түрлерімен ешбір шектеусіз кестелермен сияқты операцияларды (сұратуларды құру, жаңарту, жою) жасауға болады. Кестеден қажетті деректердің бір бөлігін немесе бірнеше кестеден тұратын деректер жинағын алу арқылы дерекқорда сақталатын деректердің пайдаланушымен қабылдануын жеңілдету үшін жиі көрсетілімдер пайдаланылады. Бұдан басқа, көрсетілімдер пайдаланушылардың кейбір деректерге қолжетімдігін шектеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бағдарламалық блок — БДҚБЖ Oracle қатысты осы пакетті, сақталатын рәсімдерді немесе рәсімдердің реттілігін сипаттау үшін пайдаланылатын бағдарлама.

Рәсім — белгілі бір міндетті орындайтын SQL немесе PL/SQL-командаларының жинағы. Рәсімнің кіреберіс параметрлері болуы мүмкін, бірақ шығаберіс параметрлері жоқ.

Деректер сөздігі (Data Dictionary) — ДҚ туралы ақпаратты сақтау үшін пайдаланылатын кестелер жинағы.

Сұлба (Schema) — ДҚ объектілерінің топтамасы.

Кесте — Oracle ДҚ деректерін сақтаудың негізгі бірлігі. Кесте атаудан, жолдар мен бағандардан тұрады. Әрбір бағанның аты және деректер түрі бар. Кестелер кесте кеңістіктерінде сақталады, бұл ретте жиі бір кесте кеңістігінде бірнеше кесте орналасады.

Транзакция — әрекеттер реттілігінің логикалық аяқталған фрагменті (тіркеумен немесе кейін шегінумен аяқталған, бір немесе одан артық SQL-командасы).

Триггер — Insert, Update немесе *Delete командаларын орындау кезінде автоматты түрде іске қосылатын рәсімдерді жасау мүмкіндігін беретін механизм.*

Узкое место (Bottleneck) — жүйенің өнімділігін немесе тиімділігін шектейтін компоненттер.

Қызмет — бұл белгілі бір міндетті іске асыратын SQL немесе PL/SQL-командаларының жиынтығы. Қызметтің рәсімнен ерекшелігі ауыспалының қандай да бір мәнін қайтаратындығында (рәсім ештеңе қайтармайды). Қызметті құру желі бойынша берілетін нұсқаулықтар санын азайту мүмкіндігін береді.

Сақталатын рәсім — бұл деректер сөздігінде сақталатын SQL-сұрату. Сақталатын рәсімдер сұратуларды тиімді пайдалану үшін жасап шығарылады. Сақталатын рәсімдерді пайдалану кезінде БДҚБЖ желілік трафигін азайтуға болады және сөйтіп өнімділігін арттыруға болады.

Таза буфер (clean buffer) — бұл құрамы өзгертілмеген буфер. Осы буфер өзгертілмегендіктен, DBWR үрдісіне оны қатты дискке жазу қажеттігі жоқ.

DBWR (*DataBase WRiter)* — негізгі міндеті дерекқордың өзгерістерін физикалық қатты дискке жазу болып табылатын үрдіс.

DDL (Data Definition Language) — деректерді сипаттау тілі. Осы тілдің командалары дерекқор объекттерін құру, өзгерту және жоюға арналған. Oracle жүйесінде DDL командалары дерекқорды әкімшілеуге байланысты. Әрбір DDL-команданы орындауға дейін және кейін Oracle жүйесі міндетті түрде барлық ағымдағы транзакцияларды тіркейді (ақпараттың жоғалуына жол бермеу үшін).

DML (Data Manipulation Language) — деректерді манипуляциялау тілі. Осы тілдің командалары сұратуларды құру және схеманың бар объектілерінің деректерін пайдалану мүмкіндігін береді. DDL-ға қарағанда әрбір командадан кейін транзакция тіркелмейді. DML-дің мынадай командалары бар: *Delete, Insert, Select жәнеUpdate; Explain* plan-командасы; және *Lock* table-командасы.

SGA (System Global Area) — деректерді және Oracle данасының басқарушы ақпаратын сақтау үшін пайдаланылатын жадтың бөлінетін саласы. SGA Oracle данасын іске қосу кезінде жадта орналасады және жұмыс аяқталғаннан кейін босатылады. SGA деректер буфері, өзгерістер журналының буфері және бөлінетін пул (shared pool) құрайды.

12.3. Oracle конфигурациялары

Конфигурацияның көп түрі бар. Олардың кейбіреулерін қарастырайық.

Веб-сервер — статикалық және динамикалық вед-беттермен жұмыс істеуге арналған. Бұл беттер өте қарапайым және дерекқордан генерацияланатын кешенді болуы мүмкін. Oracle веб-сервері, әдетте, коммерциялық веб-қосымшалар үшін пайдаланылады. Осындай қосымшалар сатып алушыларға тауардың суреттері және бейне иллюстрациялары бар каталогтарды қарау мүмкіндігін береді. Сатып алушы ұнаған тауарды сатып ала алады. Oracle веб-серверінің тән белгілері әдетте пайдаланушылардың айтарлықтай санына қолдау көрсетеді және деректердің үлкен көлемін құрайды. Веб-сервердің өнімділігі жедел жад көлеміне тәуелді.

Видео-сервер — бейне ақпартты өңдеуге арналған. Бейне сервердің тән ерекшелігі бейне ағынның үлкен көлеміне қолдау көрсету үшін өткізу жолы кең болу керек. Бейне сервер енгізудің (шығарудың) үлкен жүктемесімен жұмыс істей алу керек, себебі құрылғылардан оқу кезінде бірден үлкен деректер блогы жүктеледі.

Ақпараттық дүңгіршек (Data Mart) — бұл деректер қоймасының кішірейтілген нұсқасы (Data Warehouse), әдетте, тар шеңберде мамандандырылған міндеттерді шешуге бағытталған. Ол жүз гигабайттан кем жадты талап ететін ақпаратты сақтайды және өңдейді.

DSS тән белгілері — бұл әртүрлі кестеде және әртүрлі дерекқорда сақталатын, үлкен ақпарат көлемін өңдеуге байланысты көптеген сұратуларды орындау.

Деректер қоймасы (Data Warehouse) — бұл OLTP және DSS-жүйелерінің жұмыс нәтижелерін сақтайтын ірі ауқымды жүйе. Бұл жүйе жадтың жүздеген гигабайтын алатын ақпараттың сақталуын және өңделуін қамтамасыз ету керек.

DSS (Decision Support System) — бұл деректерді зияткерлік талдау барысында пайдаланылатын шешімдердің қабылдануын қолдау жүйелері.

OLAP (On-line Analytical Processing) — шынайы уақыт ауқымындағы ақпаратты аналитикалық өңдеу жүйесі. Әдетте, OLAP жүйелерін пайдаланушылар — бұл деректермен ғаламдық деңгейде жұмыс істейтін қаржылық аналитикалар немесе маркетингтік қызметкерлер құрамы.

OLTP (On-line Transaction Processing) — бұл транзакцияларды жедел өңдеу жүйесі.

OLTP-жүйелерінің тән белгілері көп пайдаланушылық дерекқормен жұмыс істейтін пайдаланушылардың көп бөлігінің жұмысын қамтамасыз етуінде. Пайдаланушылар өз сұратуларына деректердің қайтарылуын күтетіндіктен, жүйе барлық клиенттің сұратуларына жылдам жауап берілуін қамтамасыз ету керек. OLTP-жүйелер осыған арналған. OLTP-жүйелерінің жұмысы ақпаратты өңдеудің тиісті үрдістерінің жоғары жылдамдығын қамтамасыз ету керек.

12.4. Пайдаланушылар түрі

Пайдаланушы түрлері және олардың міндеттері Oracle конфигурациясына және корпоративтік дерекқордың нақты ұйымына тәуелді ерекшеленуі мүмкін. Ірі жүйелерде, мысалы, дерекқор әкімшісінің міндеттері бірнеше маман арасында бөлінуі мүмкін, ал шағын жүйелерде бір адам бір уақытта бірнеше пайдаланушы түрінің қызметтерін орындауы мүмкін.

Дерекқорды басқарудың барлық жүйелеріне тән, пайдаланушылардың мынадай негізгі түрлерін ерекшелеуге болады:

- дерекқор әкімшілері;
- деректерді қорғау бойынша әкімшілер;
- қосымшаны жасап шығарушылар;
- қосымшаның әкімшілері;
- дерекқорды пайдаланушылар;
- желі әкімшілері.

DataBase Administrator (DBA) — бұл дерекқордың жұмысын басқаратын маман. Әдетте DBA міндеттері екі санатқа бөлінеді: негізгі және қосымша.

DBA *негізгі міндеттері* мына міндеттерден тұрады.

• Жаңа бағдарламалық жасақтаманы орнату. DBA осы міндеті Oracle жаңа нұсқаларын, қосымшаларды және ДҚБЖ әкімшілеуге жататын өзге бағдарламалық жасақтаманы орнатуда. Бұл міндет сондай-ақ орнатылатын бағдарламаларды жұмыс ортасына енгізуден бұрын міндетті түрде тестіленуін көздейді.

• Бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етудің конфигурациясы. Көп жағдайда бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді дәлдеуге қолжетімдікке тек жүйелік әкімші ие, сондықтан DBA бағдарламаларды орнату керек, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді тек жүйелік әкімшімен бірге конфигурациялау керек.

• Қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бұл DBA негізгі міндеттерінің бірі. Қауіпсіздікті басқару және әкімшілеу пайдаланушыларды қосу және жою, квоталарды басқару, аудит және қауіпсіздік мәселелерін шешуді құрайды.

• Өнімділігін дәлдеу. DBA тұрақты түрде жүйенің өнімділігін тексеру керек, ал қажет болғанда оны қайта дәлдеу керек. Жақсы дәлденген жүйенің өзі тұрақты тексеріліп отыруды және мерзімді қайта дәлдеуді талап етеді. Кейде жүйенің параметрлерін өзгерту жеткілікті, кейде индекстерді өзгерту, кестенің құрылымын қайта құру жеткілікті.

• Жүйенің резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру. Мүмкін DBA басты міндеттерінің бірі — жүйеде деректерді тұрақты сақтау болуы мүмкін. Тиімді жасау үшін резервтік көшірме жасау рәсімін және деректерді қалпына келтіру стратегиясын жасап шығару керек. Деректердің резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтірудің өңделген сұлбасын мерзімді тестілеу маңызды.

• Тұрақты (жоспарлы) қызмет көрсету рәсімі. Пайдаланушылардың жұмысын бұзбау үшін ДҚБЖ-ге ерте немесе демалыс күндері қызмет көрсету керек. Қызмет көрсетуге мыналар кіреді: жүйені мұрағаттау, тестілеу және дәлдеу. Жүйеге жоспарлы қызмет көрсету үшін әкімші ДҚБЖ қызмет көрсету күнтізбесін жасап, клиенттерге хабардар ету керек.

• Ақаулықтарды оқшауландыру және жүйені істен шыққаннан кейін қалпына келтіру. DBA міндеттеріне ДҚБЖ істен шыққан жағдайда жұмысқа қабілеттігін қалпына келтіру кіреді. Жүйенің істен шығуы пайдаланушылардың өз деректеріне қолжетімдігін жоғалтуына әкелетіндіктен, DBA жүйенің жұмысын барынша жылдам қалпына келтіру керек.

Жақсы дайындалған DBA жүйені істен шыққаннан кейінгі қалпына келтіру жоспарын қарастырып, құрауы керек.

DBA қосымша міндеттері жекелеген клиенттерге көмек көрсету болып табылады және мынадай әкімшілеу міндеттерін құрауы мүмкін.

• Деректерді талдау. DBA деректерді талдау керек және жекелеген жасап шығарушыларға немесе пайдаланушыларға деректерді сақтау тиімділігін немесе өнімділігін жақсарту бойынша ұсыныстар беру керек.

• ДҚ жасап шығару (алдын ала). DBA ДҚ құрылымын жасап шығарудың бастапқы дәрежесіне қатыса алады. DBA жүйені ішінен білетіндіктен, ол жасап шығарушылар командасына әлеуетті мәселелерге көрсете алады және бағдарламалардың өнімділігін арттыруға көмектесе алады.

• Жасап шығарушыларға сақталатын SQL- рәсімдер бойынша консультация жүргізу. DBA жасап шығарушылар мен пайдаланушылар үшін консультант болуға дайын болу керек. DBA SQL-код мәселелерін шешуге және сақталатын рәсімдерді жасап шығаруға (жазуға) жиі қатыстырылады.

• Өндірістік стандарттар мен келісімдерді аттары бойынша жасап шығару. Бұл міндет қосымшалар разрядына жатқызылғанымен, ол басқарудың негізгі ұйымдастырушылық мәселесінің бірін атқарады. Қосымшаларды жасап шығаруда және ашуда бірнеше әртүрлі топ қатыса алатынын есепке ала отырып, DBA белсене қатысу керек, қосымшалар осы стандарттарға сәйкес келу үшін, өндірістік стандарттар мен келісімдердің аты бойынша жасап шығарылуында басты рөлді атқару керек.

• Ортаны құжаттау. DBA жабдықтың конфигурациясын, бағдарламалық қамтамасыз ету мен ДҚБЖ жаңарту және өзгертуді қоса алғанда, ДҚБЖ ортасының әрбір аспектін, сонымен қатар жүйе мен оның параметрлерінің өзгеруіне байланысты барлық мәселелерді құжаттау керек. DBA қажет болған жағдайда құжаттама бойынша жүйені толық қалпына келтіре алу керек.

• Жүйенің жүктемесін және қажетті жад көлемін жоспарлау. Пайдаланушылардың артқан тұтынушылығын қанағаттандыру үшін қосымша серверлерді, қосымша диск және жедел жадты алу қажеттігі DBA жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Аппараттық құралдардың күтілетін қажеттігін болжай отырып, әкімші кәсіпорынның ақпараттық жүйесінің жұмыс сенімділігін қамтамасыз етеді.

12.6. Деректерді сақтаудың физикалық сәулеті

БДҚБЖ Oracle сақталатын ақпараттың үлкен көлемдеріне бір уақытта қолжеткізуге арналған (терабайттар). БДҚБЖ екі құрамдас бөліктен тұрады: дерекқор (ақпарат) және дана (жүйені нақты іске асыру).

Дерекқор

Дерекқор жүйеде сақталатын физикалық файлдардан және логикалық бөліктерден (мысалы, ДҚ сұлбасы) тұрады. Физикалық файлдар - бұл дискте сақталатын файлдар, ал логикалық файлдар физикалық деңгейдің компоненттері болып табылады.

Сонымен, Oracle дерекқорлары екі деңгейден тұрады: физикалық және логикалық.

Физикалық деңгей. Файлдың үш санатын құрайды: деректер файлдары, операция журналдарының файлдары (redo log files), басқарушы файлдар.

Деректер файлдары. Осы файлдарда ДҚ-да бар ақпарат сақталады. Бұл бір файл және жүздеген файл болуы мүмкін. Бір кестедегі ақпарат бірнеше дерек файлдарына бөлінуі мүмкін (ал бірнеше кесте дерек файлдарының кеңістігін өзара бөлуі мүмкін). Кестелерді бірнеше дерек файлдары бойынша бөлу жүйенің өнімділігін айтарлықтай арттыра алады. Дерек файлдарының саны Maxdatafiles параметрімен шектелген.

Операция журналдарының файлдары. Жүйе істен шыққан жағдайда қалпына келтіру үрдісі үшін қажетті ақпаратты құрайтын және дерекқорда болған барлық өзгерістерді сақтайтын файлдар. Операциялар журналының көмегімен жасалған, бірақ жүйенің істен шығуына дейін тіркелмеген өзгерістер қалпына келтіріледі. Операция журналдарының файлдары аппараттық істен шығудан жақсы қорғалу керек (бағдарламалық және аппараттық деңгейде). Егер операция журналының ақпараты жоғалмаса, онда жүйені қалпына келтіру мүмкін емес.

Басқарушы файлдар. Басқарушы файлдар дерек файлдарының және операция журналдарының файлдарының орналасуын қоса алғанда, Oracle данасын іске қосу үшін қажетті ақпаратты құрайды. Басқарушы файлдар жақсы қорғалу керек.

Логикалық деңгей. Логикалық деңгей мына элементтерді құрайды:

- кесте кеңістіктері;
- ДҚ сұлбасы.

Кестелі кеңістіктер. Дерекқор кестелі кеңістіктер деп аталатын, бір және одан артық логикалық бөліктен тұруы мүмкін. Кестелі кеңістіктер деректерді өзара логикалық топтастыру үшін пайдаланылады. Мысалы, бухгалтерлік деректер үшін бір кесте кеңістігін айқындауға, ал басқасын - қоймалық деректер үшін айқындауға болады. Топтарды кесте кеңістіктері бойынша сегменттеу осы топтардың әкімшілендірілуін жеңілдетеді. Әрбір кесте кеңістігі бір немесе одан артық деректер файлынан тұрады. Бір кестелі кеңістік үшін бірнеше дерек файлдарын пайдалана отырып

оларды әртүрлі дискке бөлуге болады, сөйтіп енгізу (шығару) жылдамдығын және сәйкесінше жүйенің өнімділігін арттыруға болады.

ДҚ сұлбасы. БДҚБЖ Oracle-да диск кеңістігін бақылау арнайы логикалық құрылымдарды - дерекқор сұлбаларын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Осы құрылымдар деректер блогынан, экстенттерден, сегменттерден тұрады.

Деректер блогы — бұл Oracle ДҚ-да деректерді сақтаудың ең кішкентай бірлігі. Деректер блогы өзі туралы ақпаратты және деректерді құрайды. Олар физикалық дискте сақталады. Деректер блогы көбінесе 2Кб (2048 байт) алады, жүйенің жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін бұл мәнді өзгертуге болады.

Экстент деректер блогынан тұрады. Экстенттер сегменттердің құрылыс блоктары болып табылады және сол уақытта деректер блогынан тұрады. Экстенттер пайдаланылмайтын (бос) қойма кеңістігін азайту үшін пайдаланылады. Кесте кеңістіктеріндегі деректер санын арттыру шамасына қарай экстенттер өсуі мүмкін деректерді сақтау үшін пайдаланылады. Сөйтіп, бірнеше кесте кеңістігі осы кестелі кеңістіктердің бөлімдерін алдын ала анықтамай өзара қойма кеңістігін бөле алады.

Кестелі кеңістікті құру кезінде экстенттердің анықтамаларының аз санын, сонымен қатар әлдеқайда анықталған экстенттерді толтыру кезінде қосылатын экстенттер санын көрсетуге болады. Осындай бөліну ДҚ қоймасының бүкіл кеңістігін бақылау мүмкіндігін береді.

Сегмент, өз кезегінде белгілі бір деректер түрін құрайтын экстенттер жиынтығынан тұрады. Oracle ДҚ сегменттің төрт түрін пайдаланады:

- Деректер сегменті — пайдаланушы деректерін сақтайды;
- Индексті сегмент — индекстерді құрайды;
- Кейін шегіну сегменті — ДҚ бұдан бұрынғы жағдайына оралу кезінде пайдаланылатын кейін шегіну ақпаратын құрайды;
- Уақытша (аралық) сегмент — SQL-тіркесті орындау үшін қосымша жұмыс кеңістігі қажет болғанда құрылады. Бұл сегменттер SQL-командалары орындалғаннан кейін бірден жойылады. Аралық сегменттер ДҚ-мен әртүрлі операцияларда, мысалы сұрыптауда пайдаланылады.

Дана

Дана бөлінетін жад пен үрдістерден тұратын деректерге қолжетімдіктің нақты тәсілі болып табылады.

Бөлінетін жад. Oracle бөлінетін жадты (shared memory) деректер мен индекстерді кэштеу, бағдарламалық кодты сақтау сияқты әртүрлі мақсаттарда пайдаланады.

Бөлінетін жад бірнеше бөлікке (немесе жад құрылымына) бөлінеді. Oracle жадының негізгі құрылымдары:

- жүйелік ғаламдық сала;
- бағдарламалық ғаламдық сала.

Жүйелік ғаламдық сала (SGA — System Global Area). Бұл бөлінетін жад саласы, оны Oracle деректерді және Oracle нақты бір данасының ақпаратын басқару үшін пайдаланады. SGA Oracle данасын іске қосу кезінде жадта орналасады және тоқтау кезінде жадты босатады. Oracle-дің әрбір іске қосылған данасы меншік SGA ие.

SGA-дағы ақпарат мына компоненттерден тұрады (олардың әрбіреуі дананы іске қосу кезінде жадта құрылады): ДҚ буферлерінің кэші, өзгерістер журналының буфері, бөлінетін пул.

ДҚ буферлерінің кэші соңғы ашық деректер блогын сақтайды. Бұл блоктар өзгерген, бірақ дискке әлі жазылмаған деректерді құрауы мүмкін (лас блоктар); өзгертілмеген немесе өзгертілгеннен кейін дискке жазылған деректерді құрауы мүмкін (таза блоктар). ДҚ буферлерінің кэші соңғы пайдаланылатын блоктардың алгоритмі негізіндегі деректер блогын сақтайтындықтан, аса белсенді пайдаланылатын блоктар әрқашан жадта қалады (дисктің енгізілуін (шығарылуын) азайтады және жүйенің өнімділігін арттырады).

Өзгерістер журналының буфері ДҚ өзгерістері туралы деректерді сақтайды. Өзгерістер журналының буфері мүмкіндігінше өзгерістер журналының файлына жылдам әрі тиімді жазылады. (Өзгерістер журналы жүйе істен шыққан жағдайда ДҚБЖ Oracle данасын қалпына келтіру үшін пайдаланылады.)

Бөлінетін пул — кітапхана кэшіндегі бөлінетін SQL-салалар және деректер сөздігінің ішкі ақпараты сияқты, бөлінетін жад құрылымдары сақталатын SGA саласы. Бөлінетін пул кітапхана кэшінен және деректер сөздігінің кэшінен тұрады.

Кітапханалық кэш бөлінетін SQL-тіркестерді сақтау үшін пайдаланылады. Мұнда әрбір бірегей SQL-тіркес үшін кэштелетін жолдарды талдау ағашы және орындау жоспары құрылады (яғни кітапханалық кэште сақталады). Егер бірнеше қосымша бірдей SQL-тіркесті жіберсе, онда жұмысты жылдамдату үшін бөлінетін SQL-сала пайдаланылады (әлдеқайда талданған жолдар мен дайын орындау жоспары пайдаланылатындықтан, уақыт үнемделеді).

Деректер сөздігінің кэші Oracle ДҚ-на сілтеме ретінде пайдаланылатын кестелер мен көрсетілімдер жинағын құрайды. Мұнда ДҚ-дың логикалық және физикалық құрылымы туралы ақпарат сақталады. Деректердің сөздігі мына ақпаратты құрайды:

• Пайдаланушылық ақпарат (мысалы, пайдаланушылық артықшылықтар);

• ДҚ кестелері үшін айқындалған біртұтастығын шектеу;

• ДҚ барлық бағандары мен кестелерінің аттары және деректер түрі;

• Деректер сұлбасының объекттері пайдаланатын және анықтаған жад көлемі туралы ақпарат.

Жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін деректер сөздігінің кэшіне жеткілікті жад көлемін орнату керек.

Бағдарламалық ғаламдық сала (PGA — Program Global Area). Бұл деректер мен Oracle серверлік үрдістері туралы басқарушы ақпарат сақталатын жад саласы. PGA көлемі мен мазмұны Oracle орнату кезінде белгіленетін опциялармен айқындалады. Бұл сала мына компоненттерден тұрады:

• стек кеңістігі — бұл сеанстардың ауыспалыларын, сеанстардың массивтерін және т.б. сақтайтын жад;

• сеанстың ақпараты — егер Oracle мультижіпті режимде жұмыс істемесе, онда сеанстың ақпараты PGA-да сақталады. Әйтпесе сеанстың ақпараты SGA-да сақталады;

• жекеше SQL-саласы— байланысқан ауыспалылар және шынайы уақыт буферлері сақталатын PGA бір бөлігі.

Үрдіс. Үрдіс (немесе жіп) — бұл пайдаланушы үшін білдірмей орындалуы мүмкін, бағдарламалық кодты орындау механизмі. Бұдан басқа, бірнеше үрдіс бір уақытта жұмыс істеуі мүмкін. Әртүрлі операциялық жүйеде және әртүрлі платформада олар әртүрлі аталуы мүмкін (үрдістер, жіптер, домендер және т.б.), бірақ мәні бірдей. БДҚБЖ Oracle үрдістің екі түрімен жұмыс істейді: пайдаланушы үрдістері және Oracle үрдістері, сондай-ақ фон немесе көлеңке деп аталады. Кейбір операциялық жүйелерде (Windows NT сияқты) үрдістер шынымен жіптер болып табылады, бірақ ұғымдарды шатастырмау үшін оларды үрдістер деп атаймыз.

Пайдаланушы үрдістер. Пайдаланушы (клиенттік) үрдістер — бұл БДҚБЖ-мен пайдаланушылық қосылыстар. Пайдаланушы үрдісі енгізуді басқарады және Oracle бағдарламалық интерфейсі арқылы Oracle серверлік үрдістермен өзара әрекеттеседі. Пайдаланушылық үрдіс пайдаланушыға ақпарат беру үшін пайдаланылады және қажет болған жағдайда аса қолайлы нысанда ұсынады.

Oracle үрдістері. Oracle үрдістері пайдаланушы үрдістеріне арналған қызметтерді орындайды. Бұл үрдістер екі топқа бөлінуі мүмкін: серверлік үрдістер (белсенді үрдістер үшін қызметтерді орындайды) және фон үрдістері (жалпы БДҚБЖ қызметтерін орындайды).

Серверлік үрдістер (көлеңкелі) пайдаланушы сұратуларын орындай отырып, пайдаланушы және Oracle үрдістері арасында өзара әрекеттеседі. Мысалы, егер пайдаланушылық үрдіс SGA-да жоқ деректер бөлігін сұратса, онда көлеңке үрдісі ДҚ-дан SGA-ға деректер блогының оқылуы мүмкін жауапты болады.

Пайдаланушылық және көлеңке үрдісі арасында “бірге бір” байланысы туындайды, алайда бір көлеңке үрдісі жүйе ресурстарын үнемдей отырып, бір уақытта бірнеше пайдаланушылық үрдіспен өзара әрекеттесе алады (мультижіпті сервердің конфигурациясы).

Фон үрдістері БДҚБЖ Oracle әртүрлі міндеттерін орындау үшін пайдаланылады. Бұл міндеттер Oracle данасымен өзара әрекеттесуден лас блоктарды дискке жазуға дейін түрленеді. Oracle тоғыз фон үрдісі бар:

• DBWR (DataBase WRiter) лас блоктардың ДҚ блок буферлерінен дискке жазылуы үшін жауапты. Транзакция деректер блогындағы ақпаратты өзгертетін кезде, осы деректер блогы дискке баяу жазылуы міндетті емес. Сәйкесінше, DBWR деректерді дискке барлық өзгерістерді жекелеп жазуға қарағанда аса тиімді тәсілмен жаза алады. DBWR әдетте оқу үшін қажетті болатын кезде жазады. Жақын арада пайдаланылған деректер де жазылады. Асинхронда кіреберісі (шығаберісі) бар жүйелер үшін DBWR бір үрдіс жеткілікті. Қалған жүйелер үшін DBWR бірнеше үрдісін құра отырып, өнімділігін арттыруға болады;

• LGWR (LoG WRiter) журнал буферіндегі деректерді өзгерістер журналына жазады;

• CKPT (ChecK PoinT) DBWR үрдістеріне бақылау нүктесін орындау және барлық дерек файлдары мен басқарушы файлдарды жаңарту қажеттігі туралы сигнал береді. Бақылау нүктесі - бұл ДҚ-ның барлық өзгертілген буферлері дискке жазылатын оқиға. CKPT — бұл міндетті үрдіс емес. Егер CKPT іске қосылмаса, онда оның жұмысын LGWR қабылдайды;

• PMON (Process MONitor) қалған үрдістерді сақтау үшін және алдын ала бүлінгендерді қайта іске қосу үшін пайдаланылады. Сонымен қатар PMON буферлердің пайдаланылмайтын салаларын тазартады және бос болмауы мүмкін ресурстарды босатады. Барлық қатып қалған үрдістер мен диспетчерлерді қайта іске қосу үшін жауапты;

SMON (System MONitor) іске қосу кезінде дананы қалпына келтіреді. Бұл уақытша сегменттерді тазалайды және аяқталмаған транзакцияларды қалпына келтіреді, сонымен қатар ДҚ дефрагменттейді;

RECO (RECOvery) бөлінген ДҚ-дағы аяқталмаған транзакцияларды тазартады. Даулы транзакцияларды тіркейді немесе кейін шегінеді;

ARCH (ARCHiver) толтыру кезінде өзгерістер журналының файлдарының көшірмесін жасайды. Егер БДҚБЖ *Archivelog режимінде жұмыс істесе,* ARCH активті. Егер жүйе осы режимде жұмыс істемесе, онда жүйені істен шыққаннан кейін қалпына келтіру мүмкін болмайтын жағдайлар болуы мүмкін. Кейбір жағдайда *Noarchivelog режимінде де жұмыс істеуге болады*;

LCKn (Parallel Server LoCK) — сервер параллельді режимде жұмыс істеу кезінде 10 үрдіске дейін (мұндағы n — 0-ден 9-ға дейінгі мән) пайдаланылуы мүмкін. Данааралық бұғаттау қызметін атқарады;

Dnnn (Dispatcher) — сервер мультижіпті режимде жұмыс істеген кезде өзара байланыстың әрбір хаттамасы үшін жауапты болатын, ең болмағанда бір диспетчерлік үрдіс болады. Диспетчерлік үрдістер пайдаланушылық және бөлінетін серверлік үрдістер арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастырады.

12.7. Транзакциялар. Жұмыс істеу қағидалары

Транзакция — бұл (commiting) тіркеумен немесе (rollbacking) кейін шегінумен аяқталған, бір немесе одан артық SQL-команда. *Тіркеу* дегеніміз барлық өзгерістерді қабылдау және сақтау. *Кейін шегіну* - бұл соңғы өзгерістердің күшін жою, яғни ДҚ бұдан бұрынғы жағдайына қайта оралу рәсімі.

Oracle жүйесінің қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін қарапайым транзакцияның жұмыс істеу үлгісін қадамы бойынша қарастырайық.

1. Қосымша пайдаланушылық енгізуді өңдейді және SQL*Net арқылы сервермен қосылады.

2. Сервер қосылуға сұранысты қабылдайды және серверлік үрдісті құрады.

3. Пайдаланушы SQL-командасын (немесе командалар жиынтығын) орындайды. Біздің үлгіде пайдаланушы кестенің жолындағы деректерді өзгертеді деп есептейік.

4. Серверлік үрдіс сәйкес SQL-командалары бар SQL-саласы бар ма жоқ па екенін - бөлінетін пулды қарастырады. Егер ол баламалы бөлінетін SQL-саланы тапса, онда серверлік үрдіс пайдаланушының деректерге қолжетімдік құқығын тексереді. Құқығы бар делік, онда серверлік үрдіс бөлінетін SQL-саласын пайдалана отырып, командаларды орындайды. Алайда егер бөлінетін SQL-саласы табылмаса, онда жаңасына жад бөлінеді, содан кейін бөлшектеу және SQL-командаларын орындау жүзеге асырылады.

5. Серверлік үрдіс SGA-дағы деректерді іздейді (егер болса) немесе оларды SGA-дағы деректер файлынан оқиды.

6. Серверлік үрдіс SGA-дағы деректерді өзгертеді. Серверлік үрдіс деректер файлындағы деректерді тек оқи алады. Кейін DBWR үрдісі өзгертілген деректер блогын тұрақты қоймаға (қатты диск, магнитті таспа) жазады.

7. Пайдаланушы *Commit* (тіркеу) немесе *Rollback* (кейін шегіну) командасын орындайды. *Commit* транзакцияны аяқтайды, ал *Rollback* өзгерістердің күшін жояды. Егер транзакция тіркелген болса, онда LGWR үрдісі оны дереу түрде өзгерістер журналының файлына жазады.

8. Егер транзакция сәтті аяқталса, онда клиенттік үрдіске аяқтау коды жіберіледі. Егер қандай да бір істен шығу болса, онда қателік туралы хабарлама қайтарылады.

Ескертпе. Өзгерістер журналының файлына (redo log file) жазу аяқталғанға дейін, транзакция тіркелген болып есептелмейді. Бұл механизм істен шыққан кезде тіркелген транзакцияның қалпына келтірілуіне себепші болады.

12.8. Oracle қызметтерін шолу

БДҚБЖ Oracle жұмыс істеу кезінде деректердің біртұтастығын қамтамасыз ету, істен шыққаннан кейін дерекқорды қалпына келтіру, қателіктерді ұстап қалу және т.б. сияқты міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету керек. Бұл мынадай қызметтермен жүзеге асырылады: бақылау нүктелерін құру (checkpointing), журналдау және мұрағаттау.

Бақылау нүктелерін құру. Бақылау нүктесін құру сигналы DBWR немесе LGWR үрдісінен келіп түседі. Бірақ бақылау нүктесі дегеніміз не және ол не үшін қажет?

Деректер блогының барлық өзгертулері блок буферлерінде болатындықтан, жадтағы деректердің өзгеруі дисктегі осы блоктарда көрсетіле бермейді.

Кэштеу үрдісі соңғы пайдаланылған блок алгоритмі бойынша жүргізіледі, сондықтан тұрақты өзгертілетін буфер соңғы пайдаланылған болып белгіленіп, DBWR үрдісі оны дискке жазады. Бақылау нүктесі осы буферлер дискке жазылу үшін қолданылады. Барлық лас буферлер міндетті түрде дискте сақталу керек.

Бақылау нүктесі екі режимде орындалуы мүмкін: қалыпты бақылау нүктесі және жылдам бақылау нүктесі.

Қалыпты бақылау нүктесі режимінде лас буферлер реттілікпен DBWR үрдісімен жазылады. Бұл режимде бақылау нүктесі аса ұзақ орындалады, бірақ жылдам бақылау нүктесіне қарағанда аз жүйелік ресурстарды қозғайды.

Жылдам бақылау нүктесі режимінде DBWR біруақытта бірнеше буферді жазады. Осындай бақылау нүктесі өте жылдам орындалады. Ол енгізу (шығару) жұмысы тұрғысынан аса тиімді, бірақ сол уақытта жүйенің өнімділігін айтарлықтай азайтады.

Бақылау нүктелерін жиі орындау істен шығу жағдайында жүйені қалпына келтіру үшін қажетті уақыттың артуына себепші болады. Бақылау нүктесі өзгерістер журналы ауыстырылған кезде автоматты түрде орындалады.

Журналдау және мұрағаттау. Өзгерістер журналы (redo log) Oracle ДҚ барлық өзгерістерін жазады. Өзгерістер журналын құру мақсаты жүйенің істен шығу жағдайында және деректер файлы жоғалған жағдайда ДҚ шұғыл қалпына келтіру мүмкіндігі болып табылады. Бұдан бұрын жасалған резервтік көшірмелерден деректердің файлдарын қалпына келтіргеннен кейін, өзгерістер журналының файлдары (соның ішінде журналдың мұрағаттық файлдары) барлық соңғы транзакцияны қайталай алады.

Сөйтіп, деректер файлдары толығымен қалпына келтіріледі.

Өзгерістер журналының файлы толығымен толтырылған кезде, журнал ауыстырылады және LGWR үрдісі жаңа файлды бастайды. Журнал ауыстырылған кезде ARCH үрдісі толтырылған файлды журналдау файлдарының мұрағатына жазады. Мұрағаттау аяқталған кезде, өзгерістер журналының файлы қолжетімді болып белгіленеді. Өзгерістер журналының мұрағаттық файлдары сенімді сақталу керек, себебі олар жүйені қалпына келтіру үшін қажет болуы мүмкін.

12.9. Oracle-дегі триггерлер

Триггерлерді, сақталатын рәсімдерді және жай ғана скрипттерді құру үшін (Oracle-де олар атаусыз блоктар деп аталады) Oracle-дің өз тілі құрылған. Бұл тіл PL/SQL (Program Language SQL) деп аталады.

Әрбір кесте үшін 12 триггер құруға болады. Триггердің шаблоны мынадай:

```
CREATE TRIGGER [name] (триггерді шақыру оқиғасы)...
(триггерді шектеу міндетті емес)
BEGIN
(триггердің әрекет етуі)
END;
```

Триггерді анықтау кезінде қанша рет орындалу керектігін көрсетуге болады: әрбір өзгертілетін жол үшін (row trigger) немесе қанша жол өзгертілетініне тәуелсіз (statement trigger) барлық орындалатын тіркес үшін бір рет.

Row trigger — триггердің жиі пайдаланылатын түрі. Әрбір жол үшін бір рет орындалады. Мысалы, егер SQL-тіркес UPDATE кестедегі бірнеше жолды жаңартса, онда триггер UPDATE тіркесімен өзгертілетін әрбір жол үшін шақырылады. Егер тіркес бірде бір жолға әсер етпесе, онда триггер шақырылмайды.

Statement trigger — бірде бір жол өзгертілмесе де, кестедегі өзгертілген жолдар санына тәуелсіз шақырылады. Мысалы, егер DELETE тіркесі кестеден бірнеше жолды жойса, онда DELETE тіркесі деңгейінің триггері кестеден қанша жол жойылатынына тәуелсіз бір рет қана шақырылады.

Триггердің айқындау кезінде тіркеске дейін немесе кейін - (trigger timing) триггердің орындалу сәтін көрсету керек. BEFORE және AFTER тіркес триггерлеріне және жол триггерлеріне қолданбалы.

INSTEAD-OF (орнына) — Oracle қолданатын триггердің тағы бір түрі.

INSTEAD-OF триггерлері тек Oracle8i редакциясында қолжетімді. Олар көп кестелі және объектті көріністерде пайдаланылуы мүмкін. Олар басқа триггерлерге қарағанда DML-тіркестері (INSERT, UPDATE және DELETE) орындаудың орнына қолданылады.

Көріністі INSERT, UPDATE және DELETE көмегімен қалыпты кесте ретінде түрлендіруге болады және тиісті өзгеріс үшін INSTEAD-OF триггер іске қосылады. INSTEAD-OF триггерлер әрбір өзгертілетін жол үшін активтендіріледі.

INSTEAD-OF триггерлерінің мүмкіндіктерін көрсету үшін әрбір бөлімнің менеджерлерін атап өтетін триггерді (view manager_info) жасаймыз:

```
CREATE VIEW manager_info AS
SELECT d.deptno, d.deptname, e.empno, e.empname
FROM emp e, dept d
WHERE e.empno = d.manager_num;
```

Енді көріністегі ендірмені өңдейтін INSTEAD-OF триггерін айқындаймыз. view manager_info-ге ендірме *dept кестенің manager_num бағанын жаңарту операциясына трансляциялануы мүмкін.*

Триггерде бөлім менеджері көрсеткен бөлімде ең болмағанда бір жұмысшы жұмыс істеу керектігін көрсететін шектеуді айқындауға болады.

```
CREATE TRIGGER manager_info_insert
INSTEAD OF INSERT ON manager_info
--жаңа менеджер туралы ақпарат
REFERENCING NEW AS n
FOR EACH ROW
DECLARE
empCount NUMBER;
BEGIN
/* Бірінші тексеру бөлім жұмысшыларының саны бірден артық екенін растау үшін орындалады */
SELECT COUNT(*) INTO empCount
FROM emp e
WHERE e.deptno =:n.deptno;
/* Егер жұмысшы жеткілікті болса, онда оны менеджер қылу керек*/
IF empCount >= 1 THEN
UPDATE dept d SET
manager_num = :n.empno
WHERE d.deptno = :n.deptno;
END IF;
END;
```

1. Триггер дегеніміз не?
2. Транзакция дегеніміз не?
3. Oracle ДҚ физикалық деңгейі файлдардың қандай санаттарын құрайды?
4. Деректер сөздігі қандай кестелі кеңістікте сақталады?
5. Сегмент, экстент және деректер блогы арасындағы айырмашылық қандай?
6. Oracle данасының негізгі элементтері қандай?

IV БӨЛІМ

ПОСТРЕЛЯЦИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ҚОРЫ

13 Тарау

КЕҢЕЙТІЛГЕН РЕЛЯЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬГЕ БЕЙІМДЕЛУ

13.1. Реляциялық деректер қорын жетілдірудің басты бағыттары

Постреляциялық деректер қоры деп аталатын басқару жүйелерін зерттеу және әзірлеу саласындағы басты бағыттарды қарастырайық.

ДҚБЖ-нің келесі буынын дамыту саласындағы басты үш бағытты атап өтуге болады.

Бірінші бағыт ДҚБЖ-нің ағымдағы реляциялық басқару және ұйымдастыру технологияларын барынша қолдана отырып, сыртқы жадты басқару жүйелерін әрі қарай жетілдіруге негізделген.

Екінші бағыт интерфейстері стандартталған модульдер жиынтығы түріндегі генераторларды басқару жүйесін әзірлеуді қамтиды.

Үшінші бағытты, негізінде, алғашқы екі бағыттың синтезі десек те болады. ДҚБЖ қандай да бір ережелер жүйесі мен сол ережелерге сәйкес жасалатын модуль-әрекеттердің жиынтығының интерпретаторы болып табылады. Мұндай жүйелер үшін ережелерді қалыптастырушы арнайы тілдер әзірленеді.

ДҚБЖ-нің келесі буынын реляциялық жүйелердің тікелей ұрпақтары десе де болады. Соған қарамастан, үшінші буын жүйелерінің түрлі бағыттарын жеке-жеке қарастырып өткен абзал, себебі олардың әрқайсысының сипаттамалары әр түрлі.

Реляциялық деректер моделінің басты ережелерінің бірі – қатынастарды қалыптандыру талабы. Бұл ДҚ-ның құрылымын ұғынықты етуге, әрі компьютер жадының едәуір ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте, ақпараттың жинақылығын қамтамасыз ету үшін, соған сәйкес кестелер арасындағы байланыстар қолданылады.

Дегенмен, реляциялық ДҚБЖ бизнес саласындағы басқару міндеттері үшін ғана емес, сондай-ақ өнеркәсіптік өндіріс саласында да (CALS-технологиялар) қолданыла бастады. Реляциялық деректер қорын пайдалану – технологиялық үдерістерді жобалаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеуге, эксперттік жүйелерді басқаруға

және өзге де басқару міндеттері мен өндірістің техникалық дайындығын әзірлеуге өте тиімді

Әдетте, мұндай жүйелер құрылымы күрделі объектілерді – логикалық байланысқан қандай да бір кестелер жиынтығын пайдаланады, олардың ақпараттарын талдау үшін, оның үстіне тиімді техникалық шешімдерді пайдалану үшін күрделі сұраныстар жүргізуге тура келеді.

Реляциялық ДҚ-ны пайдаланудың аталмыш міндеттеріне сәйкес, оларды дамытудың басты бағыты пайда болды. Бұл бағыттың мәні деректер қорын басқару жүйелерінде күрделі объектілердің қалыптасуына сүйенеді, яғни мұндай объектілер ДҚ-ның бастапқы кестелерімен қатар, соған сәйкес сұраныстарды да қамтиды.

Сонымен қатар, мұндай объектілердің логикалық және физикалық көрінісінің арасында нақты шекара сақталады. Әсіресе, әр күрделі объектіні (кез келген күрделілік деңгейіндегі) біртұтас қалпында деректер қорының бір бөлігінен екінші бөлігіне немесе тіпті басқа деректер қорына тасымалдауға немесе көшіруге болады.

Бұл зерттеу саласының ауқымы өте кең, онда деректер моделін, оның құрылымын, сұраныстар мен басқару транзакцияларының, журнализацияның тілдерін әзірлеу мәселелері қозғалады.

Бұл – ДҚБЖ әзірлеудің жаңа бағыты, ол реляциялық модельге сүйенсе де, онда қатынастарды қалыптандырудың толық талаптары қамтылмайтын кездер де болады.

Әр түрлі мәселелерді, әсіресе CALS-технологиялары бағытындағы мәселелерді шешуге реляциялық тәсілді қолдану саласы кеңейген сайын, ДҚ кестелерін қалыптандыру принципін қолдану және әр түрлі сұраныстарды орындау кезіндегі жекелеген транзакциялар мен рәсімдерді жасау – деректер қорын ұйымдастырушы бірыңғайланған сұлбаның барлық артықшылықтарын «жоққа шығаратыны» анықталды.

Нормаланбаған реляциялық деректер модельдерінде объект (жүйенің бастапқы элементі) ретінде тұрақты қарапайым деректер жиыны мен қатынастарының кортеждері (жазбаларды) мен массивтерінің (тұрақты индекстелген деректер жиыны) жасалуы мен сақталуына рұқсат етіледі. Сондай-ақ, мұндай тіркемелер шексіз болуы мүмкін.

Мұндай күрделі объектілер құрылатын деректер қорын басқаратын жүйелерді *объектілі-бағытталған деректер қоры (ОБДҚ)* деп атайды.

Мұндай жүйелердің аталмыш объектілерді әзірлеп, басқаруға қажетті бағдарламалау тілдерін қамтуы керектігі анық. Сонымен қатар, олар әр түрлі деректерді, оның ішінде пайдаланушылар құратын деректерді өңдеу керек.

1995 жылы Sun Microsystems компаниясы жаңа өнімнің – интерпретаторлар тобының Java атты тілінің шығарылғанын мәлімдеді.

Java тілі Си++ тілінің кеңейтілген қосалқы жиыны болып есептеледі. Бұл тілдің өзгешелігі оның операторлар бойынша интерпретацияланатынында (Basic тілінің стилінде), ал Java тілінде жазылған бағдамаларының қауіпсіздігі кепілдендірілген (мәселен, кез келген бағдарламаны орындау барысында интерпретаторға зақым келмейді). Ол үшін, көбіне, тіл рәсімдерінің ішінен сілтемелер үстіндегі математикалық әрекеттер алынып тасталады. Сондай-ақ, Java құрамында абстрактілі деректер түрін анықтайтын озық құралдары бар, қуатты объектілі-бағытталған тіл болып табылады. Sun Microsystems компаниясы Java тілін "ғаламдық тор" (World Wide Web) – Интернеттің қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында дамытуда. Ондағы басты идея – WWW серверінен клиенттерге деректер немесе деректерді өңдеу нәтижелері емес, Java тілінде бағдарламаланатын және клиенттің тарапында орындалатын объектілердің орындалу әдістері берілетіндігін қамтиды.

13.2. Қосымшаларға бағытталған деректер қоры жүйелерінің генерациясы

ДҚБЖ дамуы барысында аталмыш бағыттың пайда болуы – кез келген қосымшада қолдануға жеткілікті әрі артық болатын деректер қорын басқаратын бірегей жүйені жасап шығару мүмкін еместігімен анықталады. Мәселен, өндіріс пен кәсіпкерліктегі практикалық міндеттерді шешу үшін қолданылып жүрген қазіргі ДҚБЖ-лердің қолданысына үңілетін болсақ, көп жағдайда жүйе мүмкіншіліктерінің 30%-ы ғана қолданылатынына көзіміз жетеді. Соған қарамастан, кең таралған жағдайларда қолдануға есептелген қосымша ДҚБЖ-сінің бар ауыртпалығын қосымшаның өзі көтеретіндігі рас.

Сондықтан, аяқталмаған бірегей ДҚБЖ өндіргеннен гөрі, нақты бір қосымшаға (немесе қосымшалар класына) бағытталған деректер қорының жүйесін жинауға мүмкіндік беретін Compiler compiler) компиляторларын жасап шығарудың болашағы әлдеқайда зор секілді.

Осылайша, жол жүру билеттерін резервте сақтау жүйелеріндегі сұраныстар, әдетте, өте қарапайым болады (мәселен: "№645 рейсіне кезекті орынды беру"), сондықтан сұраныстарды ауқымды түрде жетілдірудің қажеті жоқ. Алайда деректер қорында сақталатын ақпараттың кейде шиеленісіп кететіндігі соншалық (бір орынға екі немесе одан да көп билет болатын жағдайлар кімнің басынан өтпеді?), деректер қорының жаңартуларын синхрондау және оны кез келген ақау немесе істен шығудан кейін қалпына келтірудің кепілдігі аса маңызды.

Статистикалық жүйелерде сұраныстар күрделі болуы мүмкін (мәселен: "Ресей аумағында тұратын және тіркелген балаларының саны үштен аспайтын бойдақ ер адамдардың санын шығару"), сондықтан мұндай жағдайлар сұраныстарды жетілдірудің озық құралдарын қолдану қажеттілігін туғызады.

Қозғалып отырған жайт статистика жайлы болғандықтан, мұнда транзакцияларды қатаң түрде топтамалау және әр ақау мен істен шығудан кейін оларды нақты бұрынғы қалпына келтіруді сақтау талап етілмейді. (Әңгіме статистикалық ақпарат туралы болғандықтан, оның бірнеше бетін жоғалту әдетте аса көлемді шығын болып есептелмейді.)

Сондықтан, мүмкіншіліктері қосымшаның қажеттіліктеріне тиісті деңгейде сәйкес келетін деректер қорының жүйесін генерациялау машығын дамытқан жөн. Қазіргі таңда коммерциялық нарықта мұндай генерациялау жүйелері жоқ (мәселен, нақты бір қосымшаны жасау барысында Oracle жүйесінің сервері таңдалған болса, жүйенің қандай да бір ерекшеліктерінен бас тарта алмайсың).

13.3. Ережелермен басқарылатын сұраныстарды оңтайландыру

Реляциялық ДҚБЖ-дегі сұраныстарды оңтайландыру дегеніміз, әдетте, сұраныстың бастапқы көрінісі бойынша оны түрлендіру арқылы сұранысты орындаудың оңтайлы рәсімдік жоспарын жасап шығаратын сұранысты өңдеу тәсілі дегенді білдіреді.

Сұраныстың бастапқы көрінісінің сәйкес түрлендірулері ДҚБЖ-нің арнайы компоненті – оптимизатордың (оңтайландырғыш) көмегімен орындалады, және ол өндіретін сұранысты орындау жоспарының оңтайлылығы субъективті сипатқа ие, себебі әзірлеуші оңтайлылық критерийін оптимизаторға салып қойған.

Сұраныстар оптимизаторларына қатысты басты мәселе – оларды бағдарламалаудың қабылданған технологиясының жоқтығына келіп тіреледі. Әдетте, оптимизатор – компилятордың өзге компоненттерімен тығыс байланысқан, салыстырмалы түрде дербес рәсімдер жиынтығы болып табылады. Осы себепті, оңтайландыру стратегияларын өзгерту немесе оларды сапалы түрде кеңейту қиындықтар туғызады (жалпы оңтайландыру мен сұраныстарды оңтайландыру эмпирикалық тәртіп болғандықтан, мұны жасауға тура келеді, ал жақсы эмпирикалық алгоритмдер уақыт өте келе пайда бола бастайды).

Бұл мәселені компиляторлар өндірісінің дәстүрлі технологияларының шекарасынан шықпайтын ымыралы шешімдердің көмегімен шешеді. Жалпы алғанда, олардың барлығы компиляторлар құрылымын автоматтандыруды қамтамасыз ететін қандай да бір құралдарды қолдануға байланысты болады. Мәселен, ондай құралдар DB2, Oracle, Informix жүйелерінде болады.

13.4. Динамикалық ақпарат пен темпоралды сұранысты қолдау

Дәстүрлі реляциялық ДҚ пән саласы моделінің бір сәттік кескінін сақтайды. Қандай да бір объектінің t уақыт моментіндегі қандай да бір өзгерісі сол объект күйінің одан бұрынғы уақыт моментіне қайта

алмауына алып келеді. Шын мәнінде, озық ДҚБЖ-лерінің көптеген түрлерінде объектінің бұрынғы күйі өзгерістер журналында сақталады, бірақ қолданушыларға оларды қолдануға рұқсат жоқ.

Әрине, сақталатын қатынастарға айқын уақыт белгісін енгізіп, оның мәнін қосымшалар деңгейінде сақтап тұруға болады. Көп жағдайда солай жасалады. Осылайша, SQL стандартында деректердің арнайы типтері –*date* және *time* пайда болды. Алайда, мұндай тәсілдің де кемшіліктері болады: ДҚБЖ уақыттық қатынас өрісінің мағынасын білмейді де, оның мәндерінің дұрыстығын қадағалай алмайды. Осыған байланысты, қосымша сақтаудың артық көлемдері пайда болады (деректер объектісінің бұрынғы күйі басты ДҚ-да да, өзгерістер журналында да сақталады).

Темпоралды ДҚ деп аталатын зерттеу және әзірлеу саласының жекелеген бағыты да бар. Бұл салада деректерді модельдеу, сұраныс тілдері, сыртқы жадтағы деректерді ұйымдастыру және т.б. мәселелер зерттеледі. Темпоралды жүйелердің басты тезисі t1 уақыт моментінде жасалып, *t2* уақыт моментінде жойылған кез келген деректер объектісі үшін, ДҚ-да оның [t1,t2] уақыт интервалындағы барлық күйлері сақтаулы (сондай-ақ, оларды қолданушылар да қолдана алады).

Темпоралды ДҚБЖ прототиптерінің құрылыстары мен зерттеулері, әдетте, реляциялық жүйе үстіндегі қондырма бөлім түріндегі реляциялық ДҚБЖ негізінде жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары

1. Реляциялық деректер қорын жетілдірудің басты бағыттарын атаңыз.
3. Деректер қоры жүйесін генерациялау әдісінің мәні неде?
4. Сұраныстарды оңтайландыру тәсілдерін атаңыз.
5. Темпоралды сұраныстар қандай міндеттер үшін қолданылады?

14 Тарау

ОБЪЕКТІЛІ-БАҒЫТТАЛҒАН ДҚБЖ

14.1. Объектілі-бағытталған тәсіл туралы жалпы түсініктер

Объектілі-бағытталған деректер қоры бағыты 1980жылдардың ортасында пайда болды. Бұл бағыттың ең қарқынды дамыған көрінісі соңғы жылдары айқын байқалуда.

ОБДҚ бағытының пайда болуы, ең алдымен, тәжірибе жүзіндегі қажеттіліктерден – алдыңғы ДҚ жүйелерінің технологиялары айтарлықтай қанағаттанарлық деңгейде болмаған күрделі ақпараттық қолданбалы жүйелерді жасап шығару қажеттілігімен анықталады.

Әрине, ОБДҚ жоқ жерден пайда болды дей алмаймыз. Оған сәйкес базисті ДҚ саласындағы бұрынғы жұмыстармен қатар, бұрыннан дамып келе жатқан объектілі-бағытталған бағдарламалау тілдері мен абстрактілі деректер типіндегі бағдарламалалау тілдері құрады.

ДҚ саласындағы бұрынғы жұмыстармен байланысы туралы айтар болсақ, біздің ойымызша, ОБДҚ саласындағы жұмыстарға реляциялық ДҚБЖ зерттеулері мен солардан кейінгі (хронологиялық тұрғыда), күрделі объектілерді басқара алатын ДҚ тобы ең ауқымды ықпал тигізеді. Сонымен қатар, ОБДҚ идеялары мен тұжырымдамаларына және бүкіл объектілі-бағытталған тәсілдерге ең айрықша әсер тигізген деректерді семантикалық модельдеуге деген көзқарас болды. Сондай-ақ, ОБДҚ-мен қатар дамып келе жатқан дедуктивті және белсенді ДҚ бағыттарының да әсері мол.

Көп жағдайда, объектілі-бағытталған тәсіл төмендегідей тұжырымдамаларға негізделеді:

- объект және объект идентификаторының;
- атрибуттар мен әдістердің;
- кластардың;
- кластар иерархиясы мен мұрагерлігінің.

Объектілі-бағытталған тілдер мен жүйелерде шынайы өмірдің кез келген болмысы объект түрінде бейнеленеді. Жасалу барысында кез келген объект жүйе генерациялайтын бірегей идентификаторға ие болады, ол объектімен үнемі байланыста болады, және объект күйі өзгергенде, ол өзгеріске ұшырамайды.

Әр объектінің өз күйі мен қылығы болады. Объект күйі дегеніміз – оның атрибуттарының мәндерінің жиынтығы. Объектінің қылығы – объект күйіне сүйеніп әрекет ететін әдістердің жиынтығы (бағдарламалық код).

Объект атрибутының мәні – ол да қандай да бір объект немесе объектілер жиынтығы. Объектінің күйі мен қылығы объект ішінде капсулданған; объектілер хабарламалар алмасу және сәйкес әдістерді орындау арқылы өзара әрекеттеседі.

Атрибуттары мен әдістері бірдей объектілер жиынтығы объектілер класын құрайды. Объект тек бір класқа тиесілі болуы керек (егер мұрагерлік мүмкіндіктер қарастырылмаса). Объект-үлгілерінде атрибуттары (бүтін, тармақтар және т.б.) жоқ қарапайым, алдын ала анықталған кластардың болуы да ықтимал. Басқа класс объектілері үшін төлсипат мәндері ретінде қызмет ете алатын класс осы атрибуттың *домені* деп аталады.

Қазіргі бар кластың негізінде жаңа класты қалыптастыру – мұрагерлікке рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, бар кластың (суперкласс) тармағындағ ыкласс деп аталатын жаңа класс суперкластың барлық атрибуттары мен әдістерін иеленеді. Сондай-ақ, класс тармағында қосымша атрибуттар мен әдістерді анықтауға болады. Қарапайым және көптік мұрагерлік жағдайлары кездеседі. Бірінші жағдайда, тек қана бір суперкласс негізінде класс тармағы анықталуы мүмкін, ал екінші жағдайда класс тармақтары бірнешеу болуы мүмкін. Егер тіл немесе жүйе кластардың жеке мұрагерлігін қолдаса, кластар жиынтығы ағаш тәріздес иерархияны құрайды. Көптік мұрагерлік сақталған жағдайда, кластар кластық тор деп аталатын түбірімен бағдарланған кескінге қосылады. Класс объектісі осы кластың кез-келген суперкласына жатады деп есептеледі.

Объектілі-бағытталған тәсілдің соңғы идеяларының бірі – суперкласс атрибуттары мен әдістерін класс тармағында (шамадан тыс жүктеу әдістерін) қайта анықтау мүмкіндігі. Бұл мүмкіндік икемділікті арттырады, бірақ қосымша мәселені тудырады: объектілі-бағытталған бағдарламаны құрастырған кезде, оның класы (жалпы жағдайда, суперкласс) белгілі болса да, объектінің әдістерінің құрылымы мен коды белгісіз болуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін, кешіктіріп байланыстыру әдісі деп аталатын, яғни хабарламаны жіберу кезінде объектіні іске асыру туралы мәліметтерді тану арқылы программаны орындаудың интерпретациялау тәсілі қолданылады. Класс тармақтарын анықтау тәсіліне кейбір шектеулерді енгізу арқылы, интерпретацияны қолданбай, тиімді жүзеге асыруға болады.

Осы негізгі ұғымдардың жиынтығымен кластардың мұрагерлік мүмкіндіктері мен соларға сәйкес мәселелерді назарға алмаса, объектілі-бағытталған тәсіл абстрактілі (немесе ерікті) деректер түрлерімен бағдарламалау тілдері тәсілдеріне ұқсас болып келеді.

Басқа жағынан қарасақ, егер объектілердің қылық аспектілерін жалпылайтын болсақ, объектілі-бағытталған тәсіл деректерді

семантикалық модельдеу тәсіліне (тіпті терминология бойынша) жақын деуге де болады. Семантикалық модельдерге негізделген басты абстракциялар объектілі-бағытталған көзқараста жанама түрде пайдаланылады. Атрибуттар мәндеріне өзге объектілер жатуы мүмкін күрделі объектілерді құру – агрегация абстракциясына негізделеді. Топтау абстракциясы – объект кластарын қалыптастырудың негізі болып табылады. Мамандандыру (қорыту) абстракциясы иерархияның немесе кластар торының құрылысына негізделген.

ОБДҚ-ның объектілі-бағытталған тәсілге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ең басты жаңа артықшылығы – объектілердің қылық аспектісі болып табылады. Дәстүрлі ұйымдастыруға негізделген ДҚ-ға сүйенетін қолданбалы ақпараттық жүйелерде (семантикалық деректер модельдеріне негізделген түрлеріне дейін), қылық және құрылымдық бөліктер арасында айтарлықтай алшақтық байқалды. Жүйенің құрылымдық бөлігі ДҚ-ның бүкіл аппараттарының қолдауымен жұмыс істеді, оны модельдеуге, верификациялауға болатын, ал қылық бөлігі, әдетте, оқшау түрде құрылатын. Атап айтқанда, осы құрылымдық (статикалық) және қылық (динамикалық) бөліктерді бірге модельдеу және олардың үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті ресми аппараттар мен жүйелік қолдауларболмады. ОБДҚ ортасында қолданбалы жүйені жобалау, әзірлеу және техникалық қызмет көрсету құрылымдық және қылықтық аспектілер интеграцияланатын процесс болып табылады. Әрине, бұл объектілерді анықтауға және оларға негізделген қолданбалы жүйені жасауға мүмкіндік беретін арнайы тілдерді талап етеді.

ДҚ-ны ұйымдастыру және басқару үшін объектілі-бағытталған тәсілді қолданудың ерекшелігі классикалық тұжырымдамалардың нақтылана түсіндірілуін және оларды кеңейтуді талап етті. Бұл сыртқы жадқа объектілерді ұзақ уақыт сақтауға, объектілердің ассоциативті қолжетімділігіне, мәліметтер мультиқолжетімділік жағдайында ОБДҚ-ның үйлесімді қалпын сақтауды және тағы да басқа мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталды. Дәстүрлі парадигмада кездеспейтін, бірақ ОБДҚ-да талап етілетін үш аспектіні атап өту керек.

Бірінші аспект класты анықтау барысында (спецификалық шектеулер, шегерім ережелері және т.б.) мағлұматтарды сипаттау құралдарына мұқтаждыққа келіп тіреледі.

Екінші аспект — әр түрлі кластардың объектілері арасындағы семантикалық байланыстардың барлық түрлерін анықтау механизмінің қажеттілігіне негізделеді. Шын мәнінде, бұл деректерді семантикалық модельдеу құралдарының ОБДҚ-да толықтай таратылуын талап етеді. Ұқсастыру абстракциясын пайдалану қажеттілігі ОБДҚ-ның автоматтандырылған жобалау және инженерия саласында пайдаланылуына байланысты болып табылады.

Үшінші аспект класс ұғымын қайта қарастырумен байланысты. ОБДҚ контексінде класты осы түрдегі объектілер жиынтығы ретінде қарау, яғни, сонымен бірге объектілердің типі мен кластардың тұжырымдамаларын қолдау ыңғайлы.

14.2. Объектілі-бағытталған деректердің модельдері

Алғашқы нысандандырылған және көпшілік мақұлдаған деректер моделі Кодд реляциялық моделі болды. Алдыңғы модельдерде болғандай, бұл модельде де келесідей үш аспект бөлінді: құрылымдық, тұтас және манипуляциялық. Реляциялық модельдегі деректер құрылымдары жазық қалыпқа келтірілген қатынастарға негізделеді, тұтастық шектеулер бірінші реттік логиканы қолдану арқылы анықталады, деректерді өңдеу реляциялық алгебра немесе оған теңестірілген есептеме негізінде жүзеге асырылады. Көп жағдайларда реляциялық деректер моделінің сәтті болуы – оның реляциялық алгебраның қатаң математикалық аппараттарына және теориялар жиынтығына негізделгендігіне байланысты.

Деректерді объектілі-бағытталған тәсілмен модельдеудің басты мәселелері жалпы объектілі-бағытталған деректер моделі негізделетін арнайы математикалық аппараттың жоқ болуымен байланысты. Объектілердегі деректерді басқару әдістерін әзірлеу, дәстүрлі емес міндеттерді бағдарламалау процесі секілді, «бағдарламалау өнері» болып қала береді.

Әдістер *жалпыға ортақ* (басқа кластардың объектілерінен қолжетімді) немесе *жеке* (тек осы класта ғана қолжетімді) болуы мүмкін.

Мәселен, объектілі-бағытталған деректер қорын басқару жүйесі дегеніміз – бұл бағдарламалау жүйесімен ДҚБЖ-нің бірігуін білдіреді және ол объектілі-бағытталған деректер моделіне негізделген.

ОБДҚ-ның негізгі мақсаты – бірыңғай ақпараттық кеңістікті құру қажеттілігіне байланысты.

